Технологияда оқушыда қалыптасатын сапа, қасиет, іскерлік, шығармашылық қабілеті, белсенділігі суреттеледі. Тексеру құралдары арқылы сапасы, қажеттіліктері, іскерліктері, даму, қалыптасу деңгейлері анықталады. Оқушының деңгейі бұрынғы деңгейімен салыстырады, жаңа мақсат қойылады. Сонымен мақсат анық болмаса оқу процесінің жетілдіруіне кедергі жасалады.



Сурет 2. Педагогикалық технологиялардың оқушыға тікелей әсер етуінің нәтижесі

Педагогикада «технология» ұғымының қолданылатын салалар. Бүгінгі педагогикада технология ұғымы үш жерде қолданылуда.

1) Қазір кейбір әдебиеттерде әдістемені немесе оқытуды ұйымдастыру түрлерін технология дейді.

2) Нақты педагогикалық жүйені технология дейді (В.В. Давыдов технологиясы, дамыта оқыту технологиясы т.б.).

3) Қасиеттері белгілі өнім алу үшін қолданылатын әдіс-тәсілдердің жиынтығы және жүйесі технология деп аталады.



Сурет 3. Педагогикалық технология түсінігі

Технологияның бірінші анықтамасы педагогикаға ешқандай жаңалық енгізбейді. Екінші анықтамада бір сөздің орнына екінші сөзді қойған. Бұрын В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин, Л.В. Занков т.б. әдістемесі десе, қазір технологиясы дейді.

Екінші анықтамада «технология» ұғымы өндіріс саласынан педагогикаға алғаш енген кездегі мағынасын жоғалтады. Сондықтан үшінші анықтама дұрыс, себебі ол өндірістік технология ұғымына жақын. Технология дегеніміз өндірістік процесті және оның тәсілдерін ғылыми тұрғыдан суреттеу. Технолгияны педагогикада қолдану шекарасы бар, себебі технологияның нақты мақсаты болады. Білім беруде мақсат қою мүмкін бе? Білім - оқыту мен тәрбие деген анықтамаға сүйенсек, онда болмайды. Оқыту мақсаты –оқушыны болашақтағы мамандығына керекті іс - әрекет тәсілдеріне үйрету. Оқушының оқу материалын қалай меңгергенін оңай тексеруге болады. Олай болса оқытуда технологияны қолдану әбден мүмкін.

Тәрбиеде жағдай басқаша. Бұл салада технологиялық жоба арқылы керекті қасиеттерді алу мүмкін емес деген пікірлер бар. Себебі адамға неше түрлі жағдайлар әсер етеді. Сонымен тәрбие процесінде бір сапаны қалыптастыруды мақсат етіп, оның технологиясын жасау мүмкін емес. Ол технологияны тексеретін нақты құралдар жоқ.

Оқыту технологияның ерекшеліктері:

1) Түрлі құралдар арқылы оқушылардың білім, іскерліктерін жиі тексеру.

2) Үлгермеушілерді анықтау және іріктеу.

3) Олармен қосымша жұмыстар өткізу, материалдарды қайталау.

4) Осы жұмыстардан кейін оқушылардың білім, іскерліктерін тағы тексеру.

5) Оқушылардың жаңа материалды меңгермеу себептерін зерттеу және анықтау.

Оқу материалын меңгеру заңдылықтары. Оқушы кез-келген оқу тапсырмаларын бұрынғы меңгерген ақпараттарына сүйеніп орындайды. Бала оқу іс - әрекетінің тиімділігі оның жеке тәжірибесіне байланысты. Баланың өз біліміне сүйеніп жасайтын іс-әрекетін репродуктивтік, өткен тәжірибеге сүйеніп жаңа өнімдер жасауын продуктивтік іс-әрекет

дейді.

Іс-әрекет үйрену репродуктивтік іс-әрекеттен басталады. Бала ереже, алгоритм-дердің қолданып жаттығулар жазады, есептер шығарады, мәтіннен түсінгенін айтады, бір сөзбен айтқанда дайын білімдерге ештеңе қоспайды.

Оқушылардың оқу-зерттеушілік қызметін жобалау әдісі арқылы ұйымдастыру

Әрбір адамда дүниетану, білімге талпыну болмаса, еңбекке үңіле қарамаса, ілгері басу, прогресс те болмас еді. Сондықтан, ұлттық мәдениетті көтеретін, ұлттық әдет-ғұрыпты, намысты, имандылық пен ізгілікті, жат іс-әрекеттерге сын көзбен қарай алатын оқушы дайындауымыз керек. Олар жаңа ойларға, идеяларға шығармашыл болып, күтпеген жерден пайда болған мәселелерді шеше біліп, ақпараттарды саралай білулері керек. Оқушылар кез келген жалпыға танымал ақпараттарды сын тұрғысынан шығармашылықпен қарап, оның ұтымды жақтарын қолдануға тиісті. Оқушының зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыту: тоқтаусыз өзгерістегі қоғам талабына сай рухани интеллекті, өз ұлтының тілін, ұлттық мәдениеті мен дінін ғана біліп қоймай, басқа ұлттардың да мәдениеттерін танып, біліп, оны құрметтеуге үйретуде, жағымды және жағымсыз іс-әрекеттерді сын көзбен саралай алуға, өзін-өзі басқара алуға, жаңаша жобалар мен идеяларға шығармашыл болуға, сайып келгенде, оқушының жан-жақты дамуындағы проблемалық жағдайларды туғызатын теориялық маңызды, практикалық тұрғыдан өзекті мәселе болып есептеледі.

Қойылған мақсат, міндеттерге жету жолындағы әдіс-тәсілдерге: интернет жүйесімен жұмыс, институт, университеттермен, кітапхана орталықтарымен, ғылыми - зерттеу мекемелерімен, педагогикалық бақылау (әңгімелесу, сауалнама алу, эксперимент жүргізу, салыстыру), мониторинг шығару, талдау, жинақтау, бағалау жатады. Оқушыны оқыту, тәрбиелеу процесінде өзіндік іздену, зерттеу мен шығармашылық қабілеттілігін дамыту мақсатта жобалау әдісі ұсынылып отыр. Бұл әдіс жас ұрпақтың технологиялық мәдениеттілік қабілеттерін, оқушы мен оқытушы және ата-ана арасындағы бірлесе жақын қарым-қатынаста жұмыс істеу мүмкіндіктерін қалыптастыруда, өзіне-өзі қызмет көрсете алуға үйретуде, материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыра алуға баулуда, қажеттілік пен сұраныстың экономикалық тиімділік жақтарын пайдалана алуға үйретуде ерекше практикалық тұрғыдан маңызды болмақ.

Жобалау таным әдісі ретінде оқушыларға оқу мен білімнің өмірдегі рөлін сезінуге, оқу мен білімді мақсат етуден гөрі құрал етуді ойлау мәдениетін игеруде сараманды көмек беруі тиіс.

Бұл әдістің негізін салушылардың бірі – профессор Кильпатриктің пікірінше, «Жобаның міндеті жұмыс барысында өзіне практикалық міндеттер қоятын және оны орындай алатын үнемі өзіндік инициатива көтеріп отыратын адамды тәрбиелеу» болып табылады.

Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық, тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез болып саналады. Ендеше, зерттеушілік, ізденушілік - бала табиғатына тән құбылыс. Бұл белсенділік оның жеке дамуына, өзіндік көзқарасының қалыптасуына игі ықпал етеді.

Жобалау оқыту әдісі бойынша оқушылардан күтілетін нәтиже төмендегідей болмақ:

- оқушының бойында рухани - адамгершілік қасиеттер қалыптасады;
- ізденімпаздық, зерттеушілік қабілеттері дамиды;
- ұқыптылық, жинақылыққа, икемділікке дағдыланады;
- жауапкершілікке үйренеді;
- шығармашылық қабілеті дамиды;
- өз елінің ұлттық рухани және материалдық құндылықтарын құрметтей алатын, патриот тұлға болып қалыптасады.

Жобаның тақырыбы оқушының мүмкіншілігіне сай, қазіргі күнделікті өмірдегі

өзекті мәселелерге байланысты, ал шығарылған қорытынды тәжірибе жүзінде іске асып, адам қажеттілігін қанағаттандырарлықтай болуы шарт. Бұл оқушының бағалы, әрі сапалы жұмыс істеуін, жауапкершілігінің жоғары болуын, өзіне талап қоя алуын, қойған мақсатына жетуін, топтаса жұмыс істеу дағдыларын, шығармашылық қабілетінің артуын қалыптастырады. Шығармашылық жобаны орындау барысында оқушы информатика пәнінен алған білімін пайдаланып қана қоймай, басқа пәндерден де алған білімін пайдалана алады.

Жобаның тақырыбын таңдауда әрбір оқушының өзіндік ерекшеліктеріне, олардың бейімділігі мен психофизиологиялық қабілетіне, икемділігі мен қызығушылығына мән беру керек.

Баланы ізденушілік, шығармашылыққа баулу, оған зерттеу дағдысы мен біліктілігін игертіп, жеке тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету үшін, баланың қабілетін түрлі әрекетте көрсету үшін,зерттеу жүргізу керек. Зерттеу жүргізудегі ең маңызды нәрсе проблеманы көре алу болып табылады. Мұғалім оқушының қабілеттілігін жан-жақты зерттемей отырып, оның тәрбиесі мен оқуында нәтижелі жетістікке жетуі мүмкін емес.

Оқушылардың жобамен жұмыс істеуге дайындықта, жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыруда төмендегі кілттік құзыреттіліктерді меңгеруі керек:

Проблемаларды шешу мен өзіндік менеджмент:

- проблемалық жағдайларды көре алуы;
- қажеттілікті анықтай алуы;
- мақсат қоя білу, оған жету үшін міндеттерді анықтай алуы;
- ақпараттық мәліметтерді жинақтай білу, оның негізгісін анықтай алуы;
- нақты нәтижені анық айқындап көрсете алуы;
- өз мүмкіндігін дұрыс бағалай білуі.

Ақпараттық құзыреттілік:

- жоба бойынша ақпараттарды алудың түрлі көздерін білуі;
- әдебиеттер, анықтама құралдар, ғылыми мақалалар мен оқулықтар, түрлі кешендерді пайдалануы;
- әдебиеттерге талдау жасай алуы және қажетті мәліметтерді бөліп алуы;
- интернет байланыстарын пайдалана алуы;
- қажетті ақпаратты тауып, жоба бойынша технологиялық карта құру;
- жоба туралы ақпаратты, оның нәтижесін сауатты түрде ұсыну.

Әлеуметтік құзыреттілік:

- топта жұмыс істей отырып, топ мүшелерін тыңдау білуі; өзгенің пікірін құрметтеп, сұрақтарды талдай алуы;
- жоба бойынша серіктесімен қарым-қатынас орнатуы;
- өз ой-пікірін анық, нақты және сауатты жеткізуі;
- өз көзқарасын жеткізіп, пікірталасқа түсе білуі;
- интернет байланыстарымен жұмыс жасау дағдыларын меңгеруі;
- жоба жұмысын ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, презентациясын дайындап, оны қорғауы.

Қорытындылай келе, бұл көрсетілген педагогикалық жобалау іс-әрекеттің жиынтығы орындалған жоба жұмыстарының нәтижелерінің бағалануы негізінде әрбір оқушының жеке дара даму деңгейін анықтап беретін, ізденіс, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттілігінің көрсеткіші ғана емес олардың жан-жақты дамуы мен болашақтағы мамандығына дұрыс таңдау жасай алу жолдарында ерекше орын алады деп есептеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Балапанов Е.Қ. Жаңа информациялық технологиялар. Информатикадан 30 сабақ: оқулық / Е.Қ. Балапанов, Б.Б. Бөрібаев, А.Б. Дәулетқұлов. - Алматы: «Рауан», 2003. - 380 б.
2. Введение в педагогическую деятельность: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. за-

ведений. - М.: «Академия», 2002.
3. Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. - М.: «Академия», 2003.
4. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения: учеб. пособие. - М.: «Просвещение», 1986.
5. Нағымжанова Қ.М. Инновациялы-креативті технологиялар: оқулық. - Өскемен, 2005.
6. Морева Н. А. Педагогика среднего профессионального образования: учеб. пособие для студентов высш. пед. учеб. заведений. - М.: «Академия», 2001.
7. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии: учеб. - М.: 1989.
8. Ермеков Н.Т. Информатика (жаратылыстану - математика бағыты): 11 сынып оқулығы / Н.Т. Ермеков, М.А. Ғалымжанова. - Алматы: «Жазушы», 2007.
9. Халықова К.З. Информатиканы оқыту әдістемесі: әдістемелік құрал. - Алматы: Научно-издательский центр «Ғылым», 2000.
10. Таубаева Ш.Т. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования / Ш.Т. Таубаева, С.Н. Лактионова. - Алматы: Научно-издательский центр «Ғылым», 2001

УДК 37:004

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚЫТУДЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РОЛІ

Мұратұлы Д.

Сведения об авторе. Мұратұлы Дидар – магистр технических наук, преподаватель Казахстанско-Американского свободного университета.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы интеграции элементов e-Learning в процесс обучения и формирования профессиональных компетенций. Инструменты электронного образования могут успешно дополнять традиционные образовательные технологии при условии локализации рисков, присущих данному процессу и наличия эффективной системы мотивации, как обучаемых, так и преподавателей. «E-Learning» - система электронного обучения, пришедшая в систему образования всех стран мира с новыми инфокоммуникационными технологиями, без которых сегодня немыслима жизнь ни в одной сфере экономики и общества. Электронное обучение готовит школьников к будущей жизни, где практически все услуги будут электронными, а профессиональная деятельность просто будет невозможна без Интернета, компьютеров и сетевых социальных и профессиональных сообществ.

Ключевые слова. Возможность, использование электронных учебников, важность, требование времени, преимущества и недостатки, создание электронных учебников.

Автор туралы мәліметтер. Мұратұлы Дидар –техника ғылымдарының магистрі, Қазақстан-Американдық еркін университетінің оқытушысы.

Аннотация. Мақалада оқу үрдісі және кәсіби құзіреттіліктердің қалыптасу үрдісіндегі e-Learning элементтерінің интеграциясы сұрақтары қарастырылады. Электронды білім беру құралдары тәуекелдерді шоғырландыру және білім алушылар мен оқытушылар уәждемесінің нәтижелі жүйесінің бар болуы жағдайында білім берудің дәстүрлі технологияларын толықтырып отыра алады. «e-Learning» - электронды білім беру жүйесі, ол жаңа инфокоммуникациондық технологиялармен бірге әлем елдерінің білім беру жүйесіне еніп отыр, оларсыз экономика мен қоғамның ешбір саласында тіршілік ету мүмкін емес. Электронды оқыту оқушыларды ғаламторсыз өмірді елестету қиын болатын болашаққа дайындайды.

Түйін сөздер. Мүмкіндік, электронды оқулықтарды пайдалану, заман талабы, артықшылықтар мен кемшіліктер, электронды оқулықтарды жасау

About the author. Muratuli Didar is a Master of Technical Sciences, a teacher of Kazakh-American Free University.

Annotation. The article deals with the integration of e-Learning elements in the learning process and the formation of professional competencies. E-learning tools can successfully complement traditional

educational technologies provided localization of risks inherent in this process and the availability of an effective system of motivation, both for trainees and teachers. "E-Learning" is an e-learning system that has entered the education system of all countries of the world with new infocommunication technologies, without which life in any sphere of the economy and society is inconceivable today. E-learning prepares schoolchildren for a future life, where virtually all services will be electronic, and professional activities will simply be impossible without the Internet, computers and networked social and professional communities.

Key words. Possibility, use of electronic textbooks, importance, time requirement, advantages and disadvantages, creation of electronic textbooks.

Әлемнің барлық елдеріне енгізілген электрондық оқыту жүйесі жаңа инфокоммуникациялық технологиялармен келді. Қазіргі таңда экономика мен қоғамның кез келген саласын олардың қатысуынсыз елестету мүмкін емес.

Электрондық оқыту жүйесі оқушыларды болашақта барлық қызмет түрлері электронды болатын, ал кәсіби қызмет Интернетсіз, компьютерлерсіз, әлеуметтік және кәсіби желілік қоғамдастықтарсыз болуы мүмкін емес өмірге дайындайды.

Электрондық оқыту жүйесімен бірге басқару жүйесі де жаңарады. Мектептер мен колледждерде мектепті, сыныпты, оқытуды, тестілеуді, әлеуметтік өзара қарым-қатынасты, психологиялық - педагогикалық мониторингті және пәндік білім берудің электрондық әдістемесін басқару жүйесінің технологиялық инфраструктурасы дайындалды. Осы аталғандардың барлығы электрондық оқыту жүйесінің негізгі платформасының құрамдас бөліктері болып табылады. Олар мұғалімдер мен оқушыларға, директорлар мен олардың орынбасарларына, сынып жетекшілері мен психологтарға, медициналық қызметкерлер мен кітапханашыларға арналып компьютерлік бағдарламалар ретінде дайындалған.



Сурет 1. Электрондық оқыту жүйесін енгізудің нысаналы индикаторлары

Электрондық оқыту жүйесінің басты артықшылығы оқу үдерісінде әртүрлі сандық білім беру ресурстарының қолданылуы болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбиелеуде бастысы - компьютерлік оқыту ойындары, орта мектепте электрондық оқулықтар, колледждерде виртуалдық тренажерлер, ЖОО-да электрондық ғылыми-зерттеу зертханалары. Осының барлығы ҚР БжҒМ білім беру порталында орналастырылған.

Сурет 2. Электрондық оқыту жүйесін білім саласына енгізудегі мақсаттары

Электрондық оқытудың компоненттері:

- мұғалімнің автоматтандырылған жұмыс орны;
- кез келген уақытта мұғалімдер мен оқушылардың әлемнің үздік білім беру ресурстарына «Online» қол жетімділігі;
- сандық білім беру ресурстары;
- автоматтандырылған басқару жүйесі;
- алғашқы статистикалық ақпараттың автоматтандырылған жинақталуы.

Электрондық білім беру жүйесінің технологиялары мынадай білім беру үдерісін жасауға мүмкіндік береді:

- материалды меңгеру үшін ыңғайлы әрі жайлы;
- оқу материалдар деңгейінің қиындығын, уақытын және көлемін таңдаудағы дербестік;
- интербелсенділік, мұғаліммен және сыныптастармен синхрондық және асинхрондық қарым қатынас жасай отырып оқу мүмкіндігі.



Сурет 3. Электрондық оқыту жүйесін іске асыру мүмкіндіктері

E-learning жүйесімен жұмыс жасау бірнеше негізгі компоненттерден тұрады:
- Мектепті басқару жүйесі(SMS);
- Сыныпты басқару жүйесі(CRMS);
- Оқу үрдісін басқару жүйесі(LMS);
- Тестілеуді басқару жүйесі(TMS);
- Пәндер бойынша электрондық әдістемелік жүйелер(MMS);
- Электрондық психологиялық - мониторингтік жүйе (mpsms);
- Ақпараттық-анықтамалық жүйе(IMS).

LMS – Learning Management System (оқыту үрдісін басқару жүйесі), оқу үрдісінің барлық қатысушыларына (мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар) оқытуды интерактивтік режимде және де on-line мен off-line режимдерінде, Портфолио және дербес блогтар арқылы кәсіби бағытта рейтингтісін жүргізуді, ұстаздардың, мектеп әкімшілігінің және т.б. әрекеттерді басқарады.

Портал қосымшаларының қолданбалы қызметтеріне рұқсат беру үшін, жүйенің архитектурасы веб-сервис және ашық стандарттарға негізделген бірігу сызбаларын қолдануға мүмкіндік беруі керек. Мұндай бірігу сызбаларының түрі жұмыс көлемін азайтып, ақпараттық жүйелердің гетерогенді ортаға тән шығындарын қысқартады.

E-learning электрондық оқыту жүйесі – Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына қосылған ауқымды мемлекеттік жоба.

Жобаның негізгі мақсаты – үздік білім ресурстары мен технологияларға білім беру процесінің барлық қатысушыларына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Сурет 4. Материалдық-техникалық базасын жаңарту, дамыту

Жобаның мақсаттары:
- Мазмұнды және оқыту технологиясын жаңарту негізінде орта білім берудің сапасын елеулі арттыру.
- Байланыстың және цифрлық технологиялардың заманауи құралдары мүмкіншіліктерін пайдалану мен оқу процесіне қатысушылар үшін сапалы білім беру қызметтерін дамыту.
- Оқытудың жаңа құралдарын енгізу есебінен білім беру ресурстарына қолжетімділіктің тең жағдайларын қамтамасыз ету.

E-learning электрондық оқыту жүйесі, электрондық оқыту, қашықтықтан оқыту, компьютердің көмегімен оқыту, желілік оқыту, виртуальді оқыту, ақпараттық, электрондық технологиялардың көмегімен оқыту формаларының бірі.

E-learning - бұл оқу мен оқыту форматы,білім беру контенттерінің электрондық формасына электрондық құралдарды, компьютерді, ұялы телефонды, коммуникаторларды қолданып, білімді басқару жүйесі және интерактивтік оқыту платформасына енгізілген сабақ берудің түрі.



Сурет 5. «E-learning» электрондық оқыту жүйесін кадрлармен қамтамасыз ету

"E-learning" білім жүйесінің болашағы нақты уақыт режимінде мұғалімдер, оқушылар, әкімшілікпен, ата-аналармен, ұйымдармен ақпарат алмасуға мүмкіндік беретін байланыс.

Бұл жүйеде ата-аналарға оқушылардың сабақта алған бағаларын, апта бойынша бағаларын, сабақ мерзімін, тақырыбын көре алатын мүмкіндіктері беріледі.

Оқушы автоматтандырылған жүйеде жеке портфолиосын, күнтізбесін, күнделігін алып жүреді. Мұғалім күнтізбелік - тақырыптық жоспары бар электронды дәптерді, сынып журналын, хабарландыру сервистерін (алда болатын жоспарлы және жоспардан тыс жиналыстар мен кездесулер туралы оқушылардың ата-аналарына e-mail немесе sms хабарламалар, есептілік және т.б. жіберу) толтыратын болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. – Астана, 2010.
2. Концепция системы электронного обучения на 2010-2015 годы. – Астана, 2010.
3. Информационная система электронного обучения (ИС ЭО): руководство пользователя и учебно-технические материалы. Подсистемы SMS, LMS. –Астана, 2013.
4. Досжанов Б., Альменаева Р. Қазақ тілінде электрондық оқулықтар мен web-парактар даярлау әдістері. Информатика негіздері. 2002. N3.
5. Нұрғалиева Г.К. Электронды оқулықтар - мұғалім мен оқушылар қызметін ізгілендіру құралы. // Компьютер әлемі. Республикалық журнал. N2, -2002. 20-21-беттер
6. Жантелі Х. Оқытудың компьютерлік программаларын құру технологиясын жетілдіру // Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның еңбектері. Шымкент, 2004. – Б. 446-449.
7. Халыкова Г. және т.б. Электронды оқулықты дайындаудың талаптары. // Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының еңбектері. - Шымкент, 2004. - 469 б.
8. ҚР-да білімді дамытудың 2011-2020 жж. арналған Мемлекеттік бағдарламасы, Астана.

УДК 373.2 (075)

АТА-АНА ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫС

Ержомарт М.А.

Автор туралы мәліметтер. Ержомарт Меруерт Аскербековна – КМҚК «Айгөлек» балабақшасы, Ұлан ауданы, Бозанбай ауылы.

Аннотация. Бұл мақалада бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы, туған ұясы, өз үйіндегі ата-ана тәрбиесі, өнегесі қарастырылған. Қоғамдық тәрбиенің жетекші рөлі жағдайында қоғам мен отбасы тәрбиесінің бірлігі аса маңызды мемлекеттік құжаттарда тұжырымдалған тәрбие жұмысының басты қағидалары жөнінде қарастырылған. Бүгінгі таңда болып жатқан өміріміздегі өзгерістерге байланысты ұстаздар мен ата - аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі арта түсуде. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасының басым ролін мойындай отырып бірлесе жұмыс жасау керек. Әрбір ұстаз ата - аналармен қарым-қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып, ата-ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасаса, ата ананың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы өзгерер еді. Қорыта айтқанда, Егеменді еліміздің болашағы білім мен тәрбиеге байланысты. Ал тәрбиенің басты ұясы отбасы – мемлекеттің негізгі буыны. Қоғамдағы отбасының мақсаты – баланы дамытып қана қоймай, оны өмірге дайындап, рухани жағынан жеткізіп, тұлға ретінде қалыптастыру. Отбасында баланың жан-жақты қалыптасуына ата-анамен отбасы мүшелерінің қарым-қатынасында: махаббат, сүйіспеншілік, адамгершілік, қайырымдылық, әділдік, түсінушілік, ұйымшылдық, мәдениеттік қасиеттері және т.б. кісілік, келбетін сақтайтын тұлға тәрбиелеуге керек екендігі бәрімізге аян. Мынау жасампаз ғасырда, жаһандану дәуірінде мектеп партасында отырған баланың жан-жақты білім, тәрбие алуына ең бірінші ықпал ететін ұстаз болса, оның сүйеніші – ата-ана.

Түйін сөздер. Қоғамдық жұмыс, педагогика, психология, оқыту, білім беру, отбасылық қарым-қатынастар.

Сведения об авторе. Ержомарт Меруерт Аскербековна – КГП детский сад «Айгөлек», Уланский р-н, с. Бозанбай.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы первого опыты воспитания ребенка, вопросы воспитания в его собственном доме на примерах. В контексте ведущей роли общественного образования единства общества семейное воспитание обеспечивается основными принципами воспитательной работы, изложенными в важнейших государственных документах. Из-за изменений, которые мы переживаем сегодня, учителя и родители повысили свою ответственность за воспитание детей. Необходимо сотрудничать с признанием доминирующей роли семьи в воспитании и воспитании детей. Каждый учитель может изменить отношение родителей к детскому саду и учителю, если бы различные подходы к общению с родителями были использованы для повышения интереса родителей с использованием современных технологий. Будущее нашей суверенной страны зависит от образования и воспитания. И основным гнездом образования является главная связь семьи. Цель семьи в обществе - не только развить ребенка, но и подготовить его к жизни, привести его духовно и сформировать его как личность. Семейные отношения между родителями и членами семьи включают любовь, привязанность, человечность, благотворительность, справедливость, понимание, солидарность, культурные ценности.

Ключевые слова. Общественная работа, педагогика, психология, обучение, образование, семейные отношения.

About the author. Erzhomart Meruert - "Ayglek" kindergarten, Ulansky district, Bozanbai village.

Annotation. This article examines the issues of the first child-rearing experiences, the issues of upbringing in one’s home. In the context of the leading role of public education in the unity of society, family education is ensured by the basic principles of educational work set out in the most important state documents. Because of the changes we are experiencing today, teachers and parents have increased their responsibility for raising children. It is necessary to cooperate with the recognition of the dominant role of the family in the upbringing of children. Each teacher can change the attitude of parents to a kindergarten and a teacher if different approaches to communicating with parents were used to increase the interest of parents using modern technologies. The future of our sovereign country depends on education and upbringing. And the main nest of education is the main bond of the family. The goal of the family in society is not only to develop the child, but also to prepare him for life, to lead him spiritually and to form him as

a person. Family relationships between parents and family members include love, affection, humanity, charity, justice, understanding, solidarity, cultural values.

Key words: social work, pedagogy, psychology, education, education, family relations.

Қазіргі заман талабына сай, жан - жақты жетілген бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу, өсіру, білім беру бүгінгі таңда отбасының, балабақшаның барша елдің халықтың міндеті.

Н.Ә. Назарбаев.

“Қазақстан 2030“ даму стратегиясын жүзеге асыру мақсатында Елбасының Қазақстан халқына жолдаған жолдауында “Дағдарыстар өтеді де кетеді. Ал мемлекет тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты құндылықтар мәңгі қалады” делінген. Сондықтан да, ғасырлар қойнауынан сараланып, ұмыт қалмай, бабаларымыздың тұрмыс тәжірибелерінің жиынтығы болып табылатын ұлттық тәрбиені жас ұрпақ бойына өміршең құндылықтарымызды қалыптастыру біздің міндетіміз. Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап, ата-ана алдында нәзік те қиын, қыры - сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол – бала тәрбиесі. Қазақстан Республикасының Ата Заңында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы» - делінсе, «Қазақстан – 2030» бағдарламасында: «Әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелеріне сонау алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді…» – делініп, ұрпақ тағдыры айтылады. Бала – ата-анасының игі істерінің жалғастырушысы, болашағы. Бала тәрбиесі – ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да жаманға да бірдей бейім болатыны баршымызға мәлім. Ата-ананың үйіндегі әрекеті балаларының көз алдында өтеді, сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Әрбір ата-ана – өзінің баласын Отанға пайдалы, өзіне мейірімді, еңбекқор, адамгершілігі мол адам етіп тәрбиелеуге халық алдында да, мемлекет алдында да жауапты.

Бірде-бір ата-ананың бала тәрбиесіне немқұрайды қарауға еркі жоқ. Егерде ол, бала өсіруде қате жіберсе, осалдық байқатса, қартайғанда опық жейтіні, өкінішке ұрынатынына ешбір дәлелдеп жатуды қажет етпейтін ақиқат. Бала тәрбиесі туралы сөз болғанда: «Баланы жастан» – деген халық даналығын ұмытуға ешкімнің хақысы жоқ. Сондықтан, «Бала жас, әлі ешнәрсені білмейді, өсе келер бәрі түсінеді» – деп қарау – барып тұрған қателік. Бала тәрбиесі – әр сағат, әр күн сайын тынымсыз жүргізіле беретін аса жауапты, күрделі процесс Бала тәрбиесіндегі алғашқы ұстаз - ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Тәрбие отбасынан басталады. Қазіргі уақытта көптеген отбасылары экономикалық, кей кезде физиологиялық қыспақтардан шығу мәселелерін шеше алмай жүрген жағдайларда баланың тұлға ретіндегі дамуы мен тәрбиесі мәселелерін өздігінен шешуден шеттеу үдерісі етек алып барады. Ата-аналар көбіне бала тәрбиесін оның жеке және жас ерекшеліктері жайлы білімді игермей-ақ жүзеге асыруда. Осының барлығы әрине, жақсы нәтиже бермей отыр. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 49 бабында: «Ата-аналар баланы оқыту мен тәрбиелеуде білім ұйымдарына жәрдемдесуі керек» - деп жазылған.

Отбасы және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары біздің болашағымыздың бастамасында тұрған екі үлкен қоғамдық институттар, бірақ олардың арасында әлі күнге дейін бірін – бір түсінушілік, шыдамшылық пен әдептілік жетіспейді. Бала тұлғысы, оның қызығушылығы, дамуы, тұлғалық әлеуетін ашу педагог пен отбасы арасындағы қатынас стратегиясының орталығы болып табылады.

Ата–ананың бас қуанышы – бала. Ата –ананың басты қызығы, алтын тіреу діңгегі -

бала. Өмірге келген әрбір жанның басына берілетін бақ пен Алланың әмірімен жазылған өмір жолы, тағдыры болады. Әр адам өз арман-мақсаттарымен, алған тәрбиесімен ерекшеленеді. Сол тәрбиені беруші – әлпештеп отырған ата-анамыз. Ең бақытты жандар – ата-ананың мейірімін, қамқорын көріп, қасында жанашыр анасы мен қамқор әкесі барын біліп, жан жылуын сезініп өскендер. Ал сол бақыттың қадірін ұғына алып жүрміз бе?! Ата-анамыз өзіне тиісті құрметті көріп жүр ме? Бүгінгі ата-ананың рөлі, расымен-ақ тым төмен түсіп барады. Қолдағы алтынның қадірі жоқ деген. Ата-анасы балам қатарынан қалмасын, қиналмасын, еңсесі тік жүрсін, ауырмай-сырқамай аман жүрсін деп бала жағдайының барлығын жасауға тырысады. Ағаш секілді жемісін де, жапырағын да, бұтағын да, жанын да, тәнін де береді. «Түн ұйқысын төрт бөліп» деген даналық бар қазақта. Бар айтпақ ойымыз осы сөздердің астарында тұр. Ал бұл жақсылықтары үшін әке-шеше баладан еш ақы сұрап жатқан жоқ. Ата-ана қадірін оның ең басты бір ғана әрекетінен - ақ түсініп, сыйлауға болады ғой. Олар саған басқа ешкім бере алмаған нәрсені берді. Саған өмір берді. Ол өмірді саған дос та, махаббат та, ұстаз да, ғұлама да бере алмас еді. Алғаш басқан қаз - қадамымыз, былдырлап шыққан алғашқы бала тіліміз, қолыңа шоқ гүл алып, мектепке барған сәтіміз, алтын ұядан түлеп ұшқан кезіміз, осы сияқты әр алуан өмір тынысында ата-анамыз қашанда жанымызда. Олардың орнын басар адам жоқ және болуы да мүмкін емес. Мағжан Жұмабаев өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген болатын: «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек». Елдің ертеңгі тірегі – жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Бүгінгі таңда ата-ана мен тәрбиеші арасындағы ортақ мәселе - бала тәрбиесі екені баршамызға мәлім. Ата-ана үшін бала өмір жалғасы, көздің нұры, үміт күткен шырағы, келешек қызық көрсетер болашағы десек, тәрбиеші үшін еңбегінің нәрлі жемісі болып табылады. Қай халық болмасын үмітін ең алдымен ұрпағымен байланыстырады. Міне, сондықтанда: «Ана үйдің берекесі, бала үйдің мерекесі», «Бала болсаң болғандай бол,айналаңа қорғандай бол» деген қағиданы берік ұстанған ата-бабаларымыз өз ұрпағын «Адам,азамат» деген атқа лайық етіп өсіруді мақсат еткен. Бала тәрбиесінің қай саласында болсын,ата-ананың өнегесі үлкен рөл атқарады. Егер баланың ата-анасы үйді таза ұстап, өздерін күте білсе, жақындармен сыпайы қарым-қатынаста болса, жақсы кітап, кино шығармалар жайлы әңгімелеп отырса баланың эстетикалық танымын күшейте түсері хақ.

Отбасы - бұл баланың өмір сүру ортасы қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орын. Отбасында тұрақты, жылы жағдай қалыптасқан болса, ондай ортада тәрбие алып өскен бала да жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму әлеуетіне көтеріле алады. Алайда, заманауи отбасылары қоғамдық дамудың сапалы және қарама-қайшы жағдайында қалыптасады. Ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік артылып отыр. Бала тәрбиесі – баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүддесі біреу, ол – заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу. Балаға айналадағы өмір шындығының әсері мол. Айналасындағы үлкендердің, өзінен ересек балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы, көңіл-күй ерекшеліктері, жүріс-тұрысы, еңбек әрекеті – бәрі де балаға үлгі-өнеге. Бүгінгі балалар тез жетіліп келеді. Олар айналадағы болып жатқан барлық оқиғаларды білгісі келеді. Баланың тұлға болып қалыптасуына отбасының тәрбиесі аздық етеді. Бұл орайда бала тәрбиесіндегі балабақшаның орны ерекше. Себебі, балабақшаға баратын бала қоғамда өз ойын ашық айтуға үйренеді. Сонымен қатар жан-жақты жетіледі Отбасы – қоғамның бір бөлшегі болса, отбасындағы әрбір бала – қоғамның бір мүшесі. Балаңыздың тұлға болып қалыптасып, өмірден өз орнын табуы үшін қандай әрекет жасап, қандай тәрбие беріп жатырсыз? Көптеген жұмысбасты ата-аналар бала тәрбиесін балабақша еншісіне қалдырады. Мағжан Жұмабаев өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген болатын: «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек». Иә, Мағжан аталары айтқан даналық ойы бүгінгі күні білімді ұрпақ керек екенін айқындайды. Өйткені елдің ертеңгі тірегі – жастар.

Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Қазіргі таңда ұстаздар қауымына үлкен

жауапкершілік артып отыр. Бала тәрбиесі – баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүддесі біреу ол – заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу.Балаға айналадағы өмір шындығының әсері мол. Айналасындағы үлкендердің, өзінен ересек балалардың бір-бірімен қарым - қатынасы, көңіл-күй ерекшеліктері, жүріс - тұрысы, еңбек әрекеті – бәрі балаға үлгі өнеге. Бүгінгі балалар тез жетіліп келеді. Олар айналадағы болып жатқан барлық оқиғалар білгісі келеді. Баланың тұлға болып қалыптасуына отбасының тәрбиесі аздық етеді. Бұл орайда бала тәрбиесіндегі балабақшаның орны ерекше. Себебі, балабақшаға баратын бала қоғамда өз ойын ашық айтуға үйренеді [6].

Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие - адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Бұл баланың әсерленгіш, еліктегіш, ойлауды, сөйлеуді меңгеруімен алғаш рет бөтен ортаға бейімделуімен сипатталатын кезең Мектеп жасына дейінгі тәрбиенің негізі бес жасқа дейін қаланады.«Бес жасқа дейін жүргізілген барлық тәрбие ісіңіз - бүкіл процесінің тоқсан проценті», - деп Жүсіп Баласағұни балалық кезеңдегі тәрбиенің маңызын анық көрсеткен. Баланың ақыл - ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету шындыққа тәрбиелеу мақсатында, сауаттылыққа баулу - бүгінгі күн талабы. Қазіргі кезде балаларға білім мен тәрбие беру орындарында осы мақсатта заман талаптарына сай жалпы тәрбие жүйесі ұлттық рухани үрдістің негізінде құрылып, жұмыстар атқарылуда. Тек өз күштерін біріктіру арқылы ғана мектеп пен отбасы өздеріне жүктелген егемен Қазақстанның болашақ азаматтарын тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін абыроймен орындап шыға алады.

Ата-аналар баланы жеке тұлға ретінде қалыптасуының физиологиялық, психикалық, адамгершілік саулығының негіздерін қалайды, баланың барлық әрекет түрлеріндегі жетістіктер талабының бағдарламасын құрады. «Қанша заман өтсе де бабаларымыздың мол тәжірибесіне, ғылымы мен дәстүрлеріне және отбасы тәрбиесінің негіздеріне сүйене отырып, әке мен ана, ата мен әже ұрпақтың шын азамат болып өсуіне қамқорлық жасаған», - дейді көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз Р.М. Қоянбаев. (Ромсеит Мұхтанұлы) Бала тәрбиесінің қай саласында болсын,ата-ананың өнегесі үлкен рөл атқарады. Егер баланың ата-анасы үйді таза ұстап, өздерін күте білсе, жақындармен сыпайы қарым-қатынаста болса, жақсы кітап, кино шығармалар жайлы әңгімелеп отырса баланың эстетикалық танымын күшейте түсері хақ. Отбасы - бұл баланың өмір сүру ортасы қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орын. Отбасында тұрақты, жылы жағдай қалыптасқан болса, ондай ортада тәрбие алып өскен бала да жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму әлеуетіне көтеріле алады.

Алайда, заманауи отбасылары қоғамдық дамудың сапалы және қарама-қайшы жағдайында қалыптасады:

1) Қоғамның қарқынды жіктелуі (материалдық байлығының деңгейі және әлеуметтік мәртебесі бойынша).

2) Балалардың психикасына кері әсер тигізетін ажырасулар санының артуы.

3) Бір ата –анаға тәрбие беретін отбасылар санының өсуі.

4) Бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет жаһандық желісінің қуатты озбырлық ықпалы.

Ата-ана мен тәрбиеші арасындағы ортақ мәселе – бала тәрбиесі екені баршамызға мәлім. Отбасы – қоғамның алғашқы ұясы, жаңа адам сол ұяда дүниеге келеді, бұл шағын әлеуметті топ – бала үшін алғашқы өмір мектебі. Ата-ана үшін бала өмір жалғасы, көздің нұры, үміт күткен шырағы, келешек қызық көрсетер болашағы десек, тәрбиеші үшін еңбегінің нәрлі жемісі болып табылады. Бала тәрбиесі - ата-ана үшін күрделі де жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адамда сондай жақсыға да, жаманға да бейім болатыны баршамызға мәлім. Ата –ананың үйдегі іс-әрекеті балаларының көз алдында өтеді. Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы, туған ұясы, өз үйіндегі ата-ана тәрбиесі, өнегесі. Қоғамдық тәрбиенің жетекші рөлі жағдайында қоғам мен отбасы тәрбиесінің бірлігі аса маңызды мемлекеттік құжаттарда тұжырымдалған тәрбие жұмысының басты қағидаларының бірі болып табылады. «Білім негізі – бастауышта».

Бастауыш мектепте алған білім – білім әлеміндегі ең алғаш қаланған іргетас болып есептеледі. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың негізгі міндеттері – баланың бастапқы жеке басын қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау және дамыту. Баланың мектепте алғашқы кезеңде болуы, оның жаңа жағдайға әлеуметтік-психологиялық бейімделу мезгілі болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде педагогикалық үдерісті қоғам талаптарына сәйкес жаңғырту, қоршаған әлем, табиғат, өзі және айналасындағы әлеуметтік ортасы туралы алғашқы түсінігін қалыптастыру, баланың танымын дамыту, ақыл-ой іс-әрекетін қалыптастыру, танып білуге қызығушылығын арттыру, баланың сөйлеу тілі мен ана тілін таным және ойын әрекеті негізінде дамыту, баланың дұрыс дыбыстауын, байланыстырып сөйлеуін, қатынас мәдениетін, сауат ашу негіздерін игеруге даярлау, Отанына сүйіспеншілікке, түрлі ұлт өкілдеріне, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу және баланы қоғамдық жұмыстарға қатыстыру, өте маңызды. Ендеше, мектепалды даярлық топтарындағы балалардың толыққанды білім алуына және балаларды қоғамдық жұмысқа баулуға да ата–ананың көп көңіл бөлуі керек.

Мектепалды даярлықтың тәрбиеленушілері жаратылысы, тәрбиесі, мінез– құлқы, басқа балалармен қарым– қатынаста, білімді меңгеруінде де, жан – жағындағы болып жатқан құбылыстарға бір өзіндік қабылдауы, ойы болады және әр қайсысы әр түрлі бір – біріне ұқсамайды. Мысалға, екі отбасынан шыққан екі баланы алайық: Балалар ойын уақытында жеке– жеке топ болып екі немесе үш бала бірігіп ойнайды, өз беттерімен күбірлесіп сөйлесіп ойыншықтарын бір – біріне кезекпен келісіп ойнап жатса, топта Бақдәулет есімді бір бала жеке ойнайды. Себебі, оны басқа балалар өз орталарына алып ойнағысы келмейді. Осыдан неге? – деген сұрақ туындайды. Ол баланы басқа балалармен салыстырып қарайтын болсақ, ол өте тұйық, басқа балалармен тіл табысуы оған қиынға соғады, өз ойын ашылып айта алмайды. Оның бойында сенімсіздік қалыптасқан, қасындағы балаларға бірдеңе айтқысы келеді бірақ өзіне назар аударта алмайды. Баланың өзіне деген сенімсіздігі мені қатты алаңдатты. Бұл баланың проблемасы отбасынан ба?.. деген ой келді. Отбасы жағдайын анықтадым. Жалғыз басты жас ана үш баласын тәрбиелеп отыр, үй–күйі жоқ, жалдап тұрып жатқан жәйі бар екен. Ата–анасы айырылысып кеткен, әкесінің балаға қарауға уақыты жоқ. Әрине, бұл отбасы жүзден бір мысал ғана. Сапалық тұрғыдан алғанда отбасын нығайту жөнінде кешенді бағдарламалар әзірленіп жүзеге асырылуда.

Ал отбасындағы қарама – қайшылық мәселелерді шиеленістіруге әкеп соқтыратын осындай жағдайлар бар: толық емес отбасы, ата–аналары ішімдікке салынып кеткен, және т.т Әрине бұл қоғамдық өмірде орын алып бара жатқан үлкен мәселе, өте өкінішті... Топта, Темірлан деген бала бар. Бұл жоғары айтқан отбасына мүлде қарама–қайшы, бес балалы толық отбасы. Темірлан үйдегі балалардың төртіншісі, еркесі. Ата –ананың балаға қарым–қатынасы ерекше. Бала өзіне сенімді. Сөз саптамасы өз жасындағы балаларға қарағанда өте жақсы. Бала өзін кез-келген ортада емін-еркін сезінеді, өте зерек, өз ойын ашық айтады, өте жақсы оқиды және қоғамдық жұмыстарға ата-анасы белсене қатыстырады. Баланы өнерге баулиды. Әрине, бұл отбасындағы балаға деген тәрбиенің дұрыс қалыптасқаны, «үлгілі» отбасы деп айтуға да болады. Мен балаға қарап шаттыққа, қуанышқа толы жүздерін көріп, еліміздегі әр отбасындағы балалар осындай бақытты ортада өмір сүрсе екен деп ойлаймын. Отбасы – бұл баланың өмір сүру ортасы қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеумен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орын. Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы – ата–ана. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген ата–бабаларымыздан қалған асыл сөздің сырын аңғара білейік. Ата–анаға баладан жақсы ешкім жоқ. Ата –аналар әр түрлі болып келеді, әр түрлі отбасында алған тәрбие де әр түрлі болады. Ата–аналар мектепке дейінгі шақты бала үшін өте маңызды шақ екені түсінсе екен деймін. Ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға.

Сондықтан ата-ана өз баласының білім алуына барынша жағдай жасауы тиіс. Бала

тәуліктің бір бөлігінде, яғни 6 сағат мектепте болса, 18 сағат өз отбасында тәрбие алады. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата-аналар «Екеуміз де жұмыстаймыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің де қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-қыздарымен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа?! Балаға теріс әсер ететін жәйттерді де есте сақтағанымыз жөн: жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы, арақ ішу, темекі тарту, көңіл-күйіңіз нашар болса баланың қуанышына ортақтаспау, т.б үйдегі жаман әдеттерді көрсетпеу қажет, себебі, 5-6 жастағы кішкентай балалар сол айтқан жаман әдеттерді үлгі тұтып, үлкендер не істеп, соған еліктеуі мүмкін. Бұл келеңсіз жағдайдан балаларды қорғауымыз керек. Кейде сабақты жиі қалдыруға және әр түрлі сылтауларды үлкендердің өзі үйретіп отырады.

Бұл жағдайда балаға өтірік айтуды үйретіп отырғанын аңғармай да қалуы мүмкін. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, сүйікті ісімен айналысуға мүмкіндік беру, дұрыс білім алуына жағдай жасау керек. Ата–ананың міндеті - мәдениеті адам тәрбиелеуге және өз баласын адал өмір сүруге бейімдеп, жүйелі білім алуына жағдай жасағаны дұрыс, ата–аналар жиналысына қатысып, мұғаліммен кездесіп, пікір алысып, баласының мектеп өмірімен толық араласуына және қоғамдық іс-шараларға қатысуға бейімдеу. Бала тәрбиесіндегі қоғамдық жұмыстың орны ерекше. Баланы мектепішілік іс-шараларға қатыстыру - көпшілікке үйрету, өнерге баулу, басқа адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйренеді, Ата-анамен бала арасындағы қарым – қатынастың нығая түсуіне, баланың дарындылығын ашуға ықпал етеді. Халқымыздың бала тәрбиесіндегі негізгі қағидалары баланы бесіктегі кезінен бастап сыйлап, қадір-қасиетін, ар намысын бағалап, дұрыс сөйлесіп, дұрыс қарым-қатынас жасаған абзал. Әдепсіз сөз, дөрекі айқай - тәрбиедегі жаман әдіс. Бала оған үйреніп кетеді. Соған орай дөрекілікке бой алдырады. зің баланы сыйламай тұрып, одан өзіңе ілтипат, құрмет көрсетуін талап етудің өзі ұят. Баланың айтайын деген өтінішін, ақылдасқысы келген мәселесін тыңдап, ақыл-кеңес беруі керек. Ата –ана отбасындағы үлкендерді сыйлап құрметтесе, кішілерге қамқор болса, бала да сондай болуға ұмтылады. Қоғам үшін әр кезеңде, әр отбасында өсіп келе жатқан өрімдей ұл - қыздардың дені сау, рухани бай, еңбекке, білімге құштар болып өсуі - ең жоғарғы тілек, ең биік мақсат. Оның қуат алатын қайнар бастауы отбасы.

Отбасының аса құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Балаға ата - ана тәрбиесінің орнын ешнәрсе алмастыра алмайды.. отбасы - өмірге сәби әкеліп, оны тәрбиелеп, қалыптастыруда және ұрпақ жалғастыруда теңдесі жоқ орын. Отбасының балаға тәрбие берушілік қызметінің мақсаты - баланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Көздеген мақсатқа жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді. Отбасында баланың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру - еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруасындағы еңбекке құлшынысын арттыру, өзіне - өзі қызмет етуге үйрету. - Отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым - қатынас жасауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету. - Әдебиетке, мәдениетке, өнерге тәрбиелеу. Бұл міндеттер жүзеге асу үшін бала дүниеге келген күннен бастап отбасында, қоғамдық орындарда, мектепте тәлім - тәрбие беріледі. «Баланы жастан», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген даналық сөздердің мағынасы өте терең. Себебі, есейіп кеткен соң баланың теріс мінезін, қалыптасқан қате көзқарасын өзгерту өте қиын. Осы кезде «Балаңыздың тәрбиесін бастамас бұрын, өзіңіздің мінез – құлқыңызды, өмірге көзқарасыңызды ой елегінен өткізіп, бақыладыңыз ба?» деген сауал туады.

Ұлы педагог А.С. Макаренко : «Балалардың алдында беделді болуды қаламайтын ата – ана жоқ. Бірақ қалай, қай бағытта өнеге беріп, өсіріп келе жатқанын ойламастан,

бала санасын рухани өктемдік жасап тәрбиелейтін ата – ана баршылық. Бұл беделді болудың қандай жолы? Мұндай жолмен келген адал баланың санасы жетілгенде өздігінен жойылады» деген. Отбасы - барлығының басы, жан - жақты дамуының негізі болатын тәрбие институты. Отбасындағы ата - ана мен баланың қарым - қатынасы нәтижесінде, адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесінің алғашқы үлгілері қалыптасады. Ал әке мен шеше - баланың алғашқы тәрбиешілері. Ата - аналар бала бақытының шынайы бағбаны болуы тиіс. Бала бақыты - білімде. «Білім бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не жасаса да келістіріп жасайды», - дейді А. Байтұрсынов.

Бүгінгі таңда болып жатқан өміріміздегі өзгерістерге байланысты ұстаздар мен ата - аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі арта түсуде. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасының басым ролін мойындай отырып бірлесе жұмыс жасау керек. Әрбір ұстаз ата - аналармен қарым-қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып, ата-ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасаса, ата ананың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы өзгерер еді. Қорыта айтқанда, Егеменді еліміздің болашағы білім мен тәрбиеге байланысты. Ал тәрбиенің басты ұясы отбасы – мемлекеттің негізгі буыны. Қоғамдағы отбасының мақсаты – баланы дамытып қана қоймай, оны өмірге дайындап, рухани жағынан жеткізіп, тұлға ретінде қалыптастыру. Отбасында баланың жан-жақты қалыптасуына ата-анамен отбасы мүшелерінің қарым-қатынасында: махаббат, сүйіспеншілік, адамгершілік, қайырымдылық, әділдік, түсінушілік, ұйымшылдық, мәдениеттік қасиеттері және т.б. кісілік, келбетін сақтайтын тұлға тәрбиелеуге керек екендігі бәрімізге аян. Мынау жасампаз ғасырда, жаһандану дәуірінде мектеп партасында отырған баланың жан-жақты білім, тәрбие алуына ең бірінші ықпал ететін ұстаз болса, оның сүйеніші – ата-ана.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Бастауыш мектеп» журналы. №12. 2009 жыл - 39 б.
2. «Отбасы және балабақша» журналы №4 (146) - 8 бет, 2011 ж.
3. «Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар» журналы №6 (90)51-52 б., 2012 ж.
4. «Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар» журналы №7 (91) -54 б., 2012 ж.
5. «Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар» журналы №8 (92) -55 б., 2012 ж.
6. Жұмабекова Ф мектепке дейінгі педагогика.Оқу құралы.- Астана, 2012.
7. Аралбаева Р.К. Мектепке дейінгі педагогика О қулық. – Алматы: Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2012 ж.

УДК 159.9:37

ОТБАСЫНДА БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ АТА - АНАСЫНЫҢ РӨЛІ

Саданова Ж.К., Жайлаубек Н.Д.

Авторлар туралы мәліметтер. Жайлаубек Назерке Даулетказиновна – педагогика магистрі, Қазақстан-Американдық еркін университетінің оқытушысы; Саданова Жанар Кабыкенкызы – педагогика магистрі, Қазақстан - Американдық еркін университетінің аға оқытушысы.

Аннотация. Тәрбиенің ең үздік әдісі – адамның өзін-өзі тәрбиелеуі. Бала тәрбиесі бойынша барлық ортақ ұсыныстардың өз шектеулері бар. Бір балаға жағатын әдіс екіншісіне жақпайды. Бұл жағдайда тәрбиеге қажет дауыс пен интонация да әсер етуі мүмкін. Айтылған сөздің мазмұны емес, балаға оның интонациясы әсер етеді, демек ата-ананың оларды қалай айтуына байланысты, осылайша тәрбиенің жеке тарихы қалыптасады. Тәрбие типтеріне жататындар – гиперпротекция, эмоционалды бас тарту, гиперпротекция, жоғары моральдық жауапкершілік, қатал қатынас.

Түйін сөздер. Ата-ана, отбасы, ұл, қыз, отбасы тәрбиесі, дәстүр, салттар, өзімшілдік, махаббат.

Сведения об авторах. Жайлаубек Назерке Даулетказиновна – магистр педагогики, преподаватель Казахстанско-Американского свободного университета. Саданова Жанар Кабыкен-кызы – магистр педагогики, старший преподаватель Казахстанско-Американского свободного университета.

Аннотация. Лучший метод воспитания – тот, когда сам человек воспитает себя должным образом. Все общие рекомендации по воспитанию детей, даже самые лучшие, по мнению родителей, имеют свои ограничения. То, что подойдет одному ребенку, будет противопоказано другому ребенку в другой семье. На воспитание могут влиять, в том числе, даже нужный в данной ситуации голос и интонации. Фразы на детей влияют не от самого содержания слов, а от того, как их говорят родители, и так формируется своя воспитательная история. В статье рассматриваются мужские и женские типы воспитания ребенка. К типам воспитания также относятся потворствующая гиперпротекция, эмоциональное отвержение, доминирующая гиперпротекция, повышенная моральная ответственность, безнадзорность, жестокое обращение.

Ключевые слова. Родители, семья, мальчик, девочка, семейное воспитание, традиция, обычаи, эгоизм, любовь.

Information about the authors. Zhailaubek Nazerke - Master of pedagogy, teacher of Kazakh-American Free University. Sadanova Zhanar - Master of pedagogy, senior teacher of Kazakh-American Free University.

Annotation. The best method of education is when the person educates himself or herself properly. All general recommendations on the education of children, even the best, in the opinion of parents, have their limitations. What is suitable for one child will be not suitable to another child in another family. The upbringing can be influenced, in particular, even by the voice and intonation necessary in the given situation. Different words have different impact on children based not just on the content, but on how their parents say those words. That’s how individual educational context is formed. The article examines the male and female types of child upbringing. The types of upbringing also include pandering hyperprotection, emotional rejection, dominant hyperprotection, increased moral responsibility, neglect, ill-treatment.

Keywords. Parents, family, boy, girl, family upbringing, tradition, customs, selfishness, love.

Отбасы – табиғат сыйлаған кереметтердің бірі. Жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиелеуде отбасы – алғашқы қадам. Отбасы – өте қажетті, басқадай еш нәрсемен өзгертуге болмайтын баспалдақ.

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті де біз отбасын Отанның кішкентай бір бөлшегі ретінде қарастырамыз.

Әке- асқар тау,
Ана- етегіндегі бұлақ,
Бала-жасындағы құрақ

- деп тегін айтылмаған болар. Ата-анасын, аға - сіңлілерін сыйлай білген, жақындарына жақсылық тілеген адам, менің ойымша, болашақта қоғамда да ізгі ниеті арқылы еліне, оның дамуына көп септігін тиетінін күмәнданбаймын.

Отбасы мақтанышы дегенде ең бірінші мақтанышым деп ата-анамды айтар едім. Ата-анам балалары үшін жақсылықтың жаршысы бола білді. «Жақсы әке балаға 40 жыл азық» деген балалары «менің әкем», «менің анам» деп үлгі тұтып, мақтаныш етіп, ата – ана «міне менің балам» деп отырса бұл отбасы мақтанышы болып есептеледі.

Қыз баланың тәрбиесінде ананың рөлі басым болады. Менің анам бізге қыз балаға тән нәзіктікті, ең бірінші «әкелеріңді сыйлаңдар, ренжітпеңдер, «келеріңнің қарғысын алмаздар» деп айтып, әкені сыйлауды, жалпы ер азаматты сыйлауды үйреткен.

Отбасының ең маңызды қызметтерінің бірі – тәрбиелеушілік міндеті, оны қоғамдық тәрбиенің ең тиімді деген жүйесі де алмастыра алмайды. Оның негізгісі – баланы өмірге келтіру ғана емес, сонымен бірге оған әлеуметтік-мәдени ортаның құндылығын қабылдаттыру, үлкен ұрпақтың тәрбиесін жас ұрпаққа жеткізу, бойына сіңірту, яғни балаларын

өздерін қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат етіп өсіру әке-шешенің ең маңызды міндеті.

Ата-ананың, басқа да отбасы мүшелерінің өмір сүру тәжірибесі, жүріс-тұрысы, өз міндеттерін таза атқару, бір-бірін құрметтеп сыйлауы – бәрі де үлкен мектеп, тәрбиелік мәселе.

Қазақ халқының отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән жарасымдылықты бір ұшы олардың жасы кішісінгің үлкеніне «сен» деп сөйлемеуі, алдын кесіп өтпеуі, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемеуінде деп есептемейміз. Және қазақ отбасындағы бала тәрбиесін ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесі деп жеке - жеке мән беріп қарастыруда оның өзіндік ерекшеліктерінің ішіндегі маңыздысының бірі.

Үлкенді құрметтеу отбасы мүшелерінің бір-бірінің тәрбиесіне жауапкершілік, борыштылық, адамгершілік сезімдерін туғызған.

Отбасы құрылымы отбасының құрамы мен санынан, сонымен қатар оның мүшелері арасындағы өзара қарым-қатынастарының жиынтығынан тұрады. Отбасы құрылымын талдау отбасы қызметінің қандай жағдайда жүзеге асуы жөніндегі сұрақтарына жауап беруге мүмкіндік туғызады: отбасында кім басшылық етеді және кім – орындаушы, отбасы мүшелерінің арасындағы құқықтары мен міндеттері қалай бөлінген деген сияқты. Отбасы құрылымының бұзылуы – бұл оның қызметінің отбасымен орындалуына қиындық тудыратын және кедергі келтіретін құрылымдарының ерекшеліктері болып табылады. Мысалы, ері мен зайыбының арасындағы шаруашылық-тұрмыстық міндеттерінің тең бөлінбеуі өзара қарым-қатынас құрылымының бұзылу негізінде ілгері басады, яғни маңызды міндеткерлікті алған сол ерлі-зайыптылардың қажеттілік қатарының қанағаттануына кедергі жасайды: жеке күшті бұрынғы қалпына келтіру, рухани қажеттілікпен қанағаттандыру. Осы себептен, отбасындағы қарым-қатынас құрылымының бұзылуы оның түрлі қызметінің отбасымен орындалуына кедергі келтіретін отбасылық қақтығыстар екенін мойындау керек.

Отбасының тәрбиелік қызметі ана және әке болуда, балалармен қатым - қатынаста, оларды тәрбиелеуде, балалардың өз бетімен өсуі кезіндегі жеке қажеттіліктің қанағаттан арлығынан тұрады. Отбасы қоғаммен байланысы бойынша өсіп келе жатқан ұрпақтардың әлеуметтенуін, қоғамның жаңа мүшелерін дайындауды қамтамасыз етеді.

Отбасының шаруашылық-тұрмыстық қызметі - отбасы мүшелерінің материалды қажеттіліктерінің (азық-түлік, қан және т.б.), олардың денсаулығының сақталуына әсер етуінің қанағаттан арлығынан тұрады. Отбасының осы қызметінің орындалу барысында еңбек ету кезінде жұмсалған жеке күшті бұрынғы қалпына келтіру қамтамасыз етіледі.

Отбасының эмоциональдық қызметі – оның мүшелерін ұнатушылық, сыйлаушылық, мойындаушылық, эмоционалды қолдаушылық, психологиялық қорғаушылық қажеттіліктерімен қанағаттандыру. Осы қызмет қоғам мүшелерінің эмоционалды тұрақтануын, олардың психикалық денсаулығының сақталуына әсер етуді қамтамасыз етеді.

Рухани қарым-қатынас қызметі – бос уақытты бірлесе өткізу, екі жақты рухани байыту қажеттіліктерімен қанағаттандыру.

Бастапқы әлеуметтік бақылау қызметі – отбасы мүшелерінің әлеуметтік мөлшерінің орындалуын, оның ерекшелігі, егер кімнің түрлі жағдайда күші бар (жасы, науқастану және т.б.) болып, әлеуметтік мөлшермен толық сәйкес өзінің мінез-құлқын өз бетімен тәрбиелей алатын қабілетін жеткілікті деңгейінде меңгере алмаған жағдайда қамтамасыз етеді.

Отбасылық құндылықтар дегеніміз бір-бірін сүйіп қосылған жанұялардың отбасын сақтау үшін қолданатын ежелден келе жатқан салт-дәстүрі. Әрбір отбасының өз құндылықтары болады. Ол құндылықтар ежелден бері келе жатқан немесе жаңадан шығарылған құндылықтар болуы мүмкін. Бұдан басқа адамдар отбасылық құндылықтарды басты 3 топқа бөледі. Олар дәстүрлі, қазіргі, тәрбиелі, отбасылық құндылықтар деп аталады.

Адамдар отбасылық құндылықтар дегенді естігенде көз алдарына бірден құнды-

лықтар түсіп, бір-бірімен ортақ тіл таба алады. Бірақ дәстүрлі отбасылық құндылықтардың әртүрлі болғанына байланысты адамдар осы тақырыпта ортақ тіл таба алмайды.

Дәстүрлі отбасылық құндылықтар дегеніміз қарт адамдардың жас отбасыға берген ақыл-кеңестері. Қазіргі таңдағы жас отбасылардың ажырасу статистикасы өскеніне байланысты жас отбасыларға олардың дәстүрлі отбасылық құндылықтары туралы теледидардан, ғаламтордан көруге болады. Әр отбасыда бұл құндылықтар әртүрлі. Бірақ олардың ұқсас жақтары да бар. Мысалы, кез-келген жанұяда дінді сақтау, некені бұзбау, ұрпақ жалғастыру, баларды тәрбиелеу деген дәстүрлі отбасылық құндылықтар ортақ болады.

Қазіргі таңдағы отбасылар бұрынғы салт-дәстүрді ұстануда. Бірақ сол ұстанымның өзгеруіне байланысты олар әр отбасыда әртүрлі. Ол ұстанымның өзгеру себептері заманның өзгеруіне байланысты. Себебі әр замандағы адам әртүрлі. Мысалы, бұрынғы замандағы отбасы құндылықтарымен қазір өмір сүру мүмкін емес. Бұрын адамдар әйелдеріне орамалды сыйға тартса, қазіргі жас отбасылар бір-біріне гүл немесе көйлек сыйлайды.

Сонымен қатар қазіргі отбасылық құндылықтарға махаббат, сенім, түсіністік және т.б жатады.

Отбасылардың басты мақсаты бақытты ғұмыр кешу. Адамдар некеге тұрғанда көптеген жанжалдарды бастарынан өткереді. Бірақ олар өз қателерін кешіріп, қайта бірге болады. Оларды біріктіретін құндылық тәрбиелік отбасылық құндылықтардың бірі болып табылады.

Тәрбиелі отбасылық құндылықтарға құрмет, естеліктер жатады

Ой қорытындысы, «Отбасының жемісі – тәрбиелі ұл мен қызы» деген, мақтан етер ұрпағымыз көбейсін. Ұрпағына мақтаныш болар қазыналы қарттарымыз көп болғай. Қазақтың әр отбасының керегесім кең, шаңырағы берік, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Баланы тәрбиелеудің, тағылым берудің негізгі мәйегі – мейірім мен сүйіспеншілікте. Әсіресе, кішкене балалар үшін бұл қасиеттердің орны айрықша екенін ұғынғанымыз жөн. Кез келген жеткіншек ата-ана махаббатына қашан да шөлдеп, шөліркеп тұрады. Олар тек сүйіспеншілікпен ғана өсіп-жетіледі, есейеді, дұрыс жолға түседі. Бала кімнен мейірім көрсе, сол адамды ерекше жақсы көреді, әрдайым іздеп тұрады. Оны ренжіткісі келмей, мейірімі мен сүйіспеншілігінен ажырап қалмау үшін айтқандарын екі етпей орындауға тырысады. Тіпті, өзі жақсы көрген кісіге еліктеп, ұқсағысы келеді. Ендеше, сүйіспеншілік – бала тәрбиесіндегі негізгі қағида.

«Алла Елшісі (с.ғ.с.) Әлидің (р.а.) ұлы Хасанды (р.а.) бетінен сүйді. Мұны жанында отырған Әл-Ақраъ ибн Хабис Әт-Тамими (р.а.) көріп: «Менің он балам бар. Алайда осы уақытқа дейін мен оның біреуін де еркелетіп сүйген емеспін», – деді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған қарап: «Басқаларға мейірімділік етпегеннің өзі де мейірімділікке бөленбейді», – деді.

Қос дүние сұлтаны, пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) барлық адамзаттан сүйіспеншілігін аямаған. Жан жүрегімен жақсы көріп, әрқайсына көңіл бөлетіндіктен, әр сахаба өзін «Пайғамбардың ең жақсы көретін адамы мен шығармын» деген ойға қалады екен. Осыдан-ақ пайғамбар тағылымының мәні зор екенін түйсінуімізге әбден болады. Зерттеушілер де басынан сипап, мейірім көрмеген, маңдайынан иіскемеген балалардың психологиялық ауруларға жиі ұшырайтынын дәлелдеген. Ата-ана немесе кез келген тәрбие беруші үшін балаға көп ұрсып, оған ұзақ ақыл айтқаннан гөрі, оның басынан сипап, мейірім көрсетіп, арқасынан қағуы әлдеқайда әсерлі және пайдалы.

Баланы әуелі тыңдай білген жөн. Ашылып әңгіме айтқан бала өзінің ішкі дүниесін де ақтарып береді. Әр нәрсені дұрыс түсінуге бала ақылы жете бермейді, десе де әр бала ақылды. Олар балалықпен ғана қате жасайды. Ал, үлкендер болса, олардан есейген жанның ісін күтеді. Қателікке бой алдырса, дереу таяқтап, ұрсып, жазғыра жөнеледі. Содан кейін де жасөспірім «үлкендер маған жамандық жасады, ата-анам мені жақсы көрмейді» деген ойға қалуы бек мүмкін. Сондықтан баланың ішкі дүниесімен сырласпастан, оның

ойын білместен, жасаған ісінің дұрыс еместігін түсіндірместен, оған ұрысу, жазалау, қол жұмсау – дұрыс емес, онда ата-ананыкі үлкен қателік болып саналады.

Ата-аналардағы қателіктердің тағы бірі – баланы не болса содан тыйып, іс-әрекетін, қызығушылығын шектей беру. Баланың қате қылығын тыйған кезде, оның дұрысын көрсеткен жөн. Олай болмағанда, бала істеген қателіктерін қайта жасауы немесе қырсық мінезділікке бейімделуі әбден мүмкін. Мысалы, үйдің қабырғасын қаламсаппен сызғыштап ойнаған баланың қолына дереу басқа бір дәптер, қағаз ұстатып, «сызсаң мынаған сыз», «жүгірсең мұнда емес, ана жерге жүгір», «көрсең бұл фильмді емес, мынау фильмді көр» дегеніміз абзалырақ.

Бала – ата-ананың қолындағы аманат. Оған иман, Құран Кәрім және Алла тағаланың әмірлерін үйретіп, сонымен жүруге дағдыландырса, дін және дүние бақытына қауышады. Бұл бақытқа, сауапқа ата-анасы да, ұстазы да ортақ болады. Егер балаға бұларды үйретпесе және әдетке айналдырмаса, бала бақытсыздыққа ұшырайды. Әрбір жасаған жамандықтарының күнәсі ата-анасына да, ұстазына да жазылады. «Барлығың бір үйірдің бағушысы секілді сіндер. Бағушы үйірін қорғағаны секілді, сендер де үйлеріндегі және қол астылардағы адамдарды жаһаннамнан қорғауға тиіссіндер! Оларға мұсылмандықты үйретпесеңдер, олар үшін жауапты боласыңдар!», – деген жолдар бар хадис шрифте.

Өзінің істеуі харам болған нәрсені баласына жасатқан, арақ ішкізген, құмар ойнатқан, ұятсыз басылымдарды оқуына себеп болған, өтірік, ұрлық секілді жаман мінездерге баулыған адам күнә жасаған болады. Дініміздің негізі – иманды, парыздар мен харамдарды үйрену және үйрету. Алла Тағала Құран Кәрімнің «Тахрим» сүресінің 6-аятында: «Ей, мүміндер! Өздеріңді және үй-іштеріңді (жанұяларыңды) тозақ отынан қорғаңдар!» – деп бұйырған.

Қамшының сабындай қысқа ғана өмірімізде бала-шағамызды дүниелік жамандықтардан қорғау үшін қалай ұмтылсақ, мәңгілік жамандыққа душар етпеу үшін де дәл солай қорғауымыз керек. Әкенің баласын тозақ отынан сақтауы – дүниелік оттан сақтаудан да маңыздырақ. Тозақ отынан қорғау – иман, парыз, харамдарды үйрету арқылы, ғибадат жасауға дағдыландыру және жаман достардан, зиянды баспалардан қорғау арқылы жүзеге асады. Өзіміз халал тамақ жегеніміздей, балаларымызға да халал тамақ беруге тиіспіз. Хараммен қоректенген баланың денесі нәжіспен иленген қамыр іспетті. Мұндай жасөспірімдер жамандыққа, опасыздыққа үйір келеді.

Ата-ананың міндеті

Пайғамбарымыз (с.ғ.с) былай деген: «Барлық балалар мұсылмандыққа бейім болып туылады. Кейін оларды ата-аналары христиан, яһуди және дінсіз етеді». Олай болса, әрбір мұсылманның бірінші міндеті – баласына ислам дінін және Құран Кәрімді үйрету. Алла Елшісінің (с.ғ.с.) хадистеріне тағы бір назар аударсақ, «Ата-ананың бала алдында үш міндеті бар. Олар: балаға жақсы ат қою, дұрыс тәрбие беру, уақыты келгенде үйлендіру» деген жолдарды оқимыз. Иә, Ислам діні балаға мағынасы дұрыс, естір құлаққа жағымды, жақсы есім қоюға шақырған. Сондықтан балаға есім берерде бұған аса жауапкершілікпен қараған жөн. Баланың өз ортасында жүзі жарқын жүруіне, жақсы кісілерге еліктеп өсуіне де балаға берілетін есімнің берері мол.

Бала алдындағы екінші міндет – дұрыс тәрбие, яғни дінге сауатты, көзі ашық, саналы ұрпақ өсіру. Әр ұл мен қыз ата-анасынан жақсы тәрбие алуға құқылы, ал ата-ана өз алдына бұған аса жауапкершілікпен қарауы тиіс. Құран аяттарында: «Отбасыңа намазға оқуды үйрет. Өзің де оны сабырмен жалғастыр», – делінген. Мухаммад Ибн Абдуллаһ (р.а.) риуаят еткен хадисте «Сахабалар: «Баланың ізгі болуы – Алла Тағаладан, ал әдептілік – әкеден» деп айтатын». Яғни, Жаратушы тағдырға ізгілікті жазғаннан кейін, әкенің міндеті – баланы мұсылмандық әдепке үйрету. Араб тіліндегі «әдаб» сөзі өзіне жақсы мінез-құлық, сөз және ісінде басқалардың алдында абыройлы болу, ұятқа қалудан сақтану тәрізді қасиеттерді қамтиды.

Ер жеткен ұлын үйлендіріп, бой жеткен қызын құтты орнына қондыру да ата-

ананың бала алдындағы міндетінің бірі. Әбу Хурайрадан келген риуаяттардың бірінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деген: «Әкедегі бала ақысының бірі – балиғат жасына толғанда өзін үйлендіру». Басқа бір хадисте уақыты келсе де баласын үйлендіріп, аяқтандырмаса, баласының күнә істеуіне себеп болса, бұған әкесі жауапты екендігі ескертілген.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадисінде: «Әке баласына жақсы тәрбиеден артық мирас қалдыра алмайды» деген, сондықтан қазіргі таңда діни сауаттылық еліміз үшін киелі міндеттердің бірі болып саналады. Қандай жағдайда да діннен дәріс алып, балаларымызды шынайы иманға баулуға айрықша көңіл бөлгеніміз жөн. Төл сенімінде берік тұрғандықтан сырттан келетін рухани басшылыққа тегеурінді түрде төтеп бере алатын, ұлттық болмысымыздың қаймағын бұзбай кейінгі ұрпаққа жеткізе білейік. Тәрбие мәселесінің қаншалықты маңызды екенін Абдолла Аблонидің тәрбиеге байланысты айтқан: “Тәрбие – біз үшін не өмір, не өлім, не құтылу, не бақыт, не қайғы мәселесі”, - сөзінен белгілі.

Қазіргі кезде тәрбие мәселесі өзінің өткірлігі жағынан еліміздегі Арал, Балқаш сияқты экологиялық проблемалардан кем емес, сондықтан тәрбие мәселесін экологиямен қатар қоюға тиіспіз деп ойлаймын.

Ал бала тәрбиесінде - отбасы ең үлкен мықты тәрбие ошағы. Баланың адамдық қасиеттері мен әдептілігі, оның болашақта қандай адам болуы өзі туылған отбасында алған тәлім-тәрбиесі мен ондағы қарым-қатынасқа байланысты. Өйткені ата-ана - басты ұстаз. Баланың заманына лайық азамат болып өсуі – алдымен ананың ақ сүтімен, абзал тәрбиесінің жемісі.

Отбасының ең басты тірегі ол - әке. «Әке» дегенде баланың көзіне үлкен қорған елестеуі керек, ал қазіргі нарық заманында сол қорған құлаудың аз – ақ алдында тұр десе болады. Осы жерде «Неге?» деген сұрақ үлкенді де кішіні де мазалайтыны анық. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы 7- 8 жыл халқымызға көптеген қиындықтар туғызғаны белгілі. Осы кезеңде ел арасын жұмыссыздық, ақша жоқтық сияқты жағдайлар жайлап, өмір сүруге қабілеті жоғары адамдар алға шығып, адал еңбек жолындағы азаматтар орта шенде қалып, ал тірлік қылуға құлықсыз адамдар қолда барын сатып бітіріп, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар қатарына қосылды. Сөйтіп осы 7-8 жыл халықты түрлі таптық жікке бөліп жіберді. Ешкім өмірге де, өз тағдырына да өкпелеуге тиіс емес деп ойлаймын. Адамды Алланың өзі жер бетіндегі барлық тіршілік атаулыдан құдіретті етіп жаратқан. Сондықтан әр адамзат сол құдіретін пайдаланып, өз өмірінің жақсы болуына мүмкіндік жасауы қажет. Жаңағы қорған бола алмай отырған әкелер өмірдің сынын көтере алмай отырған азаматтар десе болады. Енді «бақытты бала» деген әңгімеге қайта оралғым келіп отыр. Бала бақытты болу үшін оған барлық жағдай жасалуы керек деген ұғым бар халық арасында. «Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді» деп ертеден – ақ адамдар арасындағы айырмашылық ажыратылып отырған. Баладағы тәрбиенің іргетасын қалайтын ол - отбасы.

«Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген сөз бекер айтылмаса керек. Неліктен көп жағдайда бала ата – анадан асып кете алмайды? Осы сауал мені көптен мазалап жүрген сауалдардың бірі. Бала – періште. Шыр етіп дүниеге келгеннен бастап ол ана сүтін еміп, ананың әрбір шығарған демін сезініп өседі. Ең қарапайымы, баланы емізген ана қандай сезімде отырса, бала соны сезінеді, әр демнен ананың көңіл күйіндегі өзгерісті де баланың сезінетінін түсіндім. Бала есі кіре бастағаннан – ақ «Анам, менің анам. Анам бәрінен де күшті, ол бәрін біледі» деген оймен өседі.

Сәбидің ойынша, өз ата – анасынан асқан білгір, данышпан, оған қорған болар адам жоқ. Осы бала санасындағы ойлар біртіндеп өз күшін жоя бастайды. Оған себепші біздер, яғни ата – аналар. Бала ата-анадан нендей себептермен асып кете алмайды деген сауалыма менің тапқан жауабым: «Балада әсіресе мектеп жасына жеткеннен кейін сұрақтар көбейетіні анық, сол сұрақтың бәріне бірдей біз жауап беріп жатуды өзімізге міндет санамаймыз. «Білмеймін» деген жауап қайтаруды жиілетеміз. Ал, күні бүгінге дейін ең білгір, ең ақылды адам деген ата – анасы білмеймін деп жауап бергенде, бала не ойлауы мүмкін. Әрине «олар білмегенді мен қайдан білемін» немесе «осыны білмеген менің ата – анамда ел қатарлы күн көріп жатыр ғой, маған да соны білудің қажеті бола қоймас» деп

ойлайды. Осы «Білмейміннен» кейін баланың да даму қарқынына нүкте қоюлары хақ.

Тәрбие мәселесінің қаншалықты маңызды екенін Абдолла Аблонидің тәрбиеге байланысты айтқан: “Тәрбие – біз үшін не өмір, не өлім, не құтылу, не бақыт, не қайғы мәселесі”, - сөзінен белгілі.

Отбасы – десе әр адам өзіне қатысы бар деп ойлайтыны анық жағдай. Отбасын ата – ана және бала құрайды. Оның кез – келген мүшесі бақытты да төрт құбыласы тең болуды қалайды. Бірақ сондай жағдайды жасауға біреу әрекет қылса, біреу құдай берер деп көктен күтумен уақыт оздырары белгілі жағдай. Мен осы мақаламды жаза отырып өзімнің осы азғантай өмірімнен алған тәжірибемді өзім секілді бір – бір отбасының ұйтқысы, мәні мен сәні болып отырған аналармен бөліспек ойым бар. Әрбір ананың ойлайтыны баласының бақыты екеніне менің күмәнім жоқ. Ал, бақытты бала қандай болуы керек? деген сұрақтың жауабын кім – кім де болса іздейді. Мен өз өмірімде түрлі жағдайларды кездестіріп көрдім. Бір жағынан өзім ұстаз болғандықтан да болар. Қазір мынау егемен елімізде құдайға шүкір бейбіт өмір орнап тұр. Ал енді «Кемшілік хан қызында да болады» демей ме халықта, сол айтқандай бейбіт өмірде де қиындық жоқ деуге болмайды. Тек сол қиындықты басынан өткізу арқылы оның соңындағы қызықты да көре білген жөн. Басқа түскен әрбір күйзеліс кезеңінде өз – өзіне сенімді, белсенді адам ғана өмірдің сол қараңғы түнегінен жарықтың саңылауын көре біледі. Тірлік қылмай өмірге өкпелеп өтетін де адамдар жоқ емес.

Қазіргі кезде тәрбие мәселесі өзінің өткірлігі жағынан еліміздегі Арал, Балқаш сияқты экологиялық проблемалардан кем емес, сондықтан тәрбие мәселесін экологиямен қатар қоюға тиіспіз деп ойлаймын.

Ал бала тәрбиесінде - отбасы ең үлкен мықты тәрбие ошағы. Баланың адамдық қасиеттері мен әдептілігі, оның болашақта қандай адам болуы өзі туылған отбасында алған тәлім-тәрбиесі мен ондағы қарым-қатынасқа байланысты. Өйткені ата-ана - басты ұстаз. Баланың заманына лайық азамат болып өсуі – алдымен ананың ақ сүтімен, абзал тәрбиесінің жемісі.

Отбасы – десе әр адам өзіне қатысы бар деп ойлайтыны анық жағдай. Отбасын ата – ана және бала құрайды. Оның кез – келген мүшесі бақытты да төрт құбыласы тең болуды қалайды. Бірақ сондай жағдайды жасауға біреу әрекет қылса, біреу құдай берер деп көктен күтумен уақыт оздырары белгілі жағдай. Мен осы мақаламды жаза отырып өзімнің осы азғантай өмірімнен алған тәжірибемді өзім секілді бір – бір отбасының ұйтқысы, мәні мен сәні болып отырған аналармен бөліспек ойым бар. Әрбір ананың ойлайтыны баласының бақыты екеніне менің күмәнім жоқ. Ал, бақытты бала қандай болуы керек? деген сұрақтың жауабын кім – кім де болса іздейді. Мен өз өмірімде түрлі жағдайларды кездестіріп көрдім. Бір жағынан өзім ұстаз болғандықтан да болар. Қазір мынау егемен елімізде құдайға шүкір бейбіт өмір орнап тұр. Ал енді «Кемшілік хан қызында да болады» демей ме халықта, сол айтқандай бейбіт өмірде де қиындық жоқ деуге болмайды. Тек сол қиындықты басынан өткізу арқылы оның соңындағы қызықты да көре білген жөн. Басқа түскен әрбір күйзеліс кезеңінде өз – өзіне сенімді, белсенді адам ғана өмірдің сол қараңғы түнегінен жарықтың саңылауын көре біледі. Тірлік қылмай өмірге өкпелеп өтетін де адамдар жоқ емес.

Отбасының ең басты тірегі ол - әке. «Әке» дегенде баланың көзіне үлкен қорған елестеуі керек, ал қазіргі нарық заманында сол қорған құлаудың аз – ақ алдында тұр десе болады. Осы жерде «Неге?» деген сұрақ үлкенді де кішіні де мазалайтыны анық. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы 7- 8 жыл халқымызға көптеген қиындықтар туғызғаны белгілі. Осы кезеңде ел арасын жұмыссыздық, ақша жоқтық сияқты жағдайлар жайлап, өмір сүруге қабілеті жоғары адамдар алға шығып, адал еңбек жолындағы азаматтар орта шенде қалып, ал тірлік қылуға құлықсыз адамдар қолда барын сатып бітіріп, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар қатарына қосылды. Сөйтіп осы 7-8 жыл халықты түрлі таптық жікке бөліп жіберді. Ешкім өмірге де, өз тағдырына да өкпелеуге тиіс емес деп ойлаймын. Адамды Алланың өзі жер бетіндегі барлық тіршілік атаулыдан құдіретті етіп жаратқан. Сондықтан әр адамзат сол құдіретін пайдаланып, өз өмірінің жақсы

болуына мүмкіндік жасауы қажет. Жаңағы қорған бола алмай отырған әкелер өмірдің сынын көтере алмай отырған азаматтар десе болады. Енді «бақытты бала» деген әңгімеге қайта оралғым келіп отыр. Бала бақытты болу үшін оған барлық жағдай жасалуы керек деген ұғым бар халық арасында. «Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді» деп ертеден – ақ адамдар арасындағы айырмашылық ажыратылып отырған. Баладағы тәрбиенің іргетасын қалайтын ол - отбасы. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген сөз бекер айтылмаса керек. Неліктен көп жағдайда бала ата – анадан асып кете алмайды? Осы сауал мені көптен мазалап жүрген сауалдардың бірі. Бала – періште. Шыр етіп дүниеге келгеннен бастап ол ана сүтін еміп, ананың әрбір шығарған демін сезініп өседі. Ең қарапайымы, баланы емізген ана қандай сезімде отырса, бала соны сезінеді, әр демнен ананың көңіл күйіндегі өзгерісті де баланың сезінетінін түсіндім. Бала есі кіре бастағаннан – ақ «Анам, менің анам. Анам бәрінен де күшті, ол бәрін біледі» деген оймен өседі. Сәбидің ойынша, өз ата – анасынан асқан білгір, данышпан, оған қорған болар адам жоқ. Осы бала санасындағы ойлар біртіндеп өз күшін жоя бастайды. Оған себепші біздер, яғни ата – аналар. Бала ата-анадан нендей себептермен асып кете алмайды деген сауалыма менің тапқан жауабым: «Балада әсіресе мектеп жасына жеткеннен кейін сұрақтар көбейетіні анық, сол сұрақтың бәріне бірдей біз жауап беріп жатуды өзімізге міндет санамаймыз. «Білмеймін» деген жауап қайтаруды жиілетеміз. Ал, күні бүгінге дейін ең білгір, ең ақылды адам деген ата – анасы білмеймін деп жауап бергенде, бала не ойлауы мүмкін. Әрине «олар білмегенді мен қайдан білемін» немесе «осыны білмеген менің ата –анамда ел қатарлы күн көріп жатыр ғой, маған да соны білудің қажеті бола қоймас» деп ойлайды. Осы «Білмей міннен» кейін баланың да даму қарқынына нүкте қойылары хақ.

Бала тәрбиесі ол - үлкен бір ғылым. Бір отбасында жалғыз бала болса да, 6-7 бала болса да балаға берілген тәрбиеде кемшілік болып жатады. Дана халқымыз бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген, қазіргі уақытта ол күндердің әдебін көру көп жағдайда мүмкін болмай отыр. Ең әуелі олар баланың алдындағы өз міндетін біліп, сол міндетті жеткілікті дәрежеде орындауы тиіс. Ол дегеніміз, байлық пен барлық қана емес, балаға рухани байлық керек. Жақсы мен жаманды ажырата білгені жөн. Өмірдің мәні тек ақша мен байлық деген ойдан баланы аулақ салу қажет. Адами қасиетті бала бойына дарыта білу кез – келгеніміздің қолымыздан келе бермейді. Тіршілік қамымен жүріп балаға мүлдем көңіл бөлмейтін де, өз машақатымен айналысып балаға тәрбиенің керек екенін ұғынбайтын да, тәрбиеде ең бастысы тәртіп деп балаға тым қатал қарайтын да, қазіргі балаға қатты айтуға болмайды деп баланың ыңғайымен жүретін де, менің жиған – тергенім балама жетеді деп қалтаға сенетін де, басқа жұрт не десе о десін менің балам ең тәуір бала деп баланы жақтап отыратын ата – ана да жоқ емес. Мен өз өмірімдегі осындай жағдайларды ескере жүріп, балаға қойылатын талаптың да, оған берілетін еріктің де өз шегі болуы керек енеуіне көз жеткіздім. Демек, бала мен ата – ана арасында өте тығыз байланыс жүру керек. «Баланы жастан» деген, бала тәрбиесі бесікте жатқаннан басталу керек. Бала жылады деп көп көтерсе ол соған дағдыланады. Мезгілсіз мекенсіз тамақ берсе соған да үйренеді. Бесікке байласа жылай береді деп бесіктен жиі босата берсе, нәресте бесіктен мүддем шығып алады. Осылайша бала бесіктен белі шықпай жатып өз дегенін жасатуға дағдыланады. Бала үшке толғанда «болады» мен «болмайдыны» білуі тиіс. Бала тәрбиесін бес жастан бастаймын дейтіндер де бар. Бес жастан қазір мектепке барады. Сонда мектепке келгенде бала өзіне рұқсат етілетін мен етілмейтіні ажырата алмаса одан не үміт, не қайыр. Мұғалім оған қалам ұстап жазуды үйрете ме, әлде болатын мен болмайтынды ажыратуды үйрете ме.

«Қызым үйде, қылығы түзде» деп бекер айтылмаса керек. Бұл сөз тек қыздарға ғана қатысты деуге болмайды. Кез – келген бала өз отбасында, ата – ананың көз алдында жүріп көрсете алмайтын мінез - құлықтарын басқа қоғамда көрсетеді. Өзге біреуге әлім – жеттік көрсету, үлкенге қарсы келіп сөз қайтару сияқты үйде көрсетпейтін мінездерді далаға шыққанда көрсетіп жатады. Мұның бірін де ата – ана үйретеді деуге болмайды. Бірақ бұл да тәрбиеден кеткен қателік деуге болады. Ата – ана балабақшамен, мектеппен тығыз байланыста болуы керек. Бірақ сол нәрсеге уақыт тауып, менің балам басқа жерде

қандай, оның сабағы қалай, өз тобында немесе сыныбында оның ролі қандай деп көңіл қоятын ата – ана жоқтың қасы. «Уақыт жоқ, мектептегі баланы қарасам үйдегі шаруам қалады немесе жұмыстан қолым тимейді» деген сияқты біздің тарапымыздан сылтау көп болып жатады. Сол сылтауларымыз сиресе, ата – ана үшін бала өзінің орнының бөлек екенін, оның болашағы олардың назарында жүргенін сезінер еді деп ойлаймын.

Бала тәрбиесі мәселелерін әрбір ана не әке өмірлік тәжірибеден көріп үйрену керек. Балаға жылы қабақ қандай мөлшерде болса, қатал көзқараста сондай мөлшерде болуы тиіс. Балаға ата – ана тарапынан талап үнемі қойылу керек және оның орындалуы қадағалануы тиіс. «Балаға жаның ашыса, оны аяма» деген де сөз бар. Сол айтылған сөздің мағынасына тоқтап кеткім келіп отыр. Әр балада тәуліктің 2-3 сағаты ғана бос уақытқа бөлінуі тиіс, одан басқасында бала сабақта, үй тапсырмасын орындауда немесе ата – анамен бірге үй шаруасында болуы керек. Бос уақыты көп бала түрлі жаман әдеттерге үйірсектенеді, ең қарапайымы теледидардан мүлдем қарауға тұрмайтын жат нәрселерді қарап, өзіне қажет емес ақпараттарды алары анық жағдай. 12 жастан асқан бала отбасында ата – ананың оң қолы ретінде барлық шаруаға дерлік қабілетті болғаны жөн. Қазіргі уақытта ата – ана емес бала талап қоюға бейімделген. Ал, ата – ана сол мүмкіндікті балаға неге беретінін түсінбеймін. Ата – ана баланың алдындағы өз міндетін жоғары деңгейде атқарып отырса, әр нәрсені өз орнымен орындап, содан соң балаға талап қойса, ешбір бала қойылған талаптан бұлтармайды. Егер бала талап қояр болса, онда бұл талап тек баланың қажеттілігін қанағаттандыратын деңгейде ғана орындалуы тиіс. Бала талабын жеткілікті деңгейде орындау дұрыс емес. Есін білетін баланың бәрі тұрмыс жағдайында адам баласына қажет болатын әрбір нәрсенің қайдан, қалай, қанша еңбектің, қаржының арқасында келіп жатқанын оның құнының өтелуі тиіс екенін ұғынып өсу керек. Үлкендер кішілерге, аяқ астында тегін жатқан нәрсенің жоқтығын, оның бәрі тек еңбек арқылы келетінін, бала санасына жеткізіп отыруға міндетті.

«Ана» – ол өте терең ұғым. Ана болу ол тек дүниеге бала әкелу ғана емес, ол бала тауқыметін налымай көтеріп, балаға саналы тәрбие бере білу. Баланы дүниеге әкеліп, оны анасыз баладан да қиын өмір азабына салатын болса, ондай адамды ана деуге болмайды. Ол тек көп әйелдің бірі ғана. Әр баланың анадан күтері көп. Ең бірінші сәби анадан мейірім, жылылық күтсе, есейе келе ана тарапынан марапат, өмірде кездескен әр сұрағына жауап күтеді. Біз аналар баланың ойлағанынан да жоғары деңгейде ойлауға тырысуымыз керек. Сонда ғана бала қиялындағы ғажайып, данышпан ана бола аламыз. Бала тәрбиесіне көбірек назар аударайық құрметті ата – аналар! Бала – біздің болашағымыз, еліміздің ертеңі. Білімді, саналы, қабілетті ұрпақ тәрбиелеу ол біздің қолымызда. Бала бақыты ол - өміршең ата – ана. Баланы бақытқа бөлейтін ол - ана мейірі мен әкенің қатқыл қабағы.

Бала тәрбиелеудің 9 өсиеті.

Әр ата-ана «баланы қалай тәрбиелеу керек?» деген сұраққа жауап іздейді. Баланы қалайша тәуелсіз, бірегей, мақсатты және жинақы етіп тәрбиелеуге болады? Бала тәрбиесі – ауыр да үздіксіз еңбек екенін бәріміз де білеміз. Сондай-ақ, бала біреуге қарап еліктейтіні айдан анық. Сондықтан да, ата-аналар бала үшін ең бірінші «модель» болады. Мысалмен айтатын болсақ, әкесі баласына: «Тамақ ішпес бұрыс қолыңды жу» деп, өзі жұмыстан келген бетте сол талапты орындамаса, балаға қанша ұрысқанымен ол әкесінің жасағанын / жасамағанын істейді. Бұл кезде тәрбие берудегі қақтығыс – «ережелік» талап ету мен нақты іс-әрекеттің сай келмеуі пайда болады. Осы қайшылық түсінбеушілік пен қарсылықты туғызады. Әрине, әр отбасының бала тәрбиелеудің өз түсініктері бар. Бірақ, тәрбие берудің қандай тәжірибелері бар екенін көру қызықты болады деп ойлаймын. «Үй энциклопедиясы» деген кітаптан оқып алған бала тәрбиелеудің 9 өсиеті сіздерге де қызықты да пайдалы болады деген оймен осында жазуды жөн көрдім.

Ата-аналарға арналған бала тәрбиелеудің 9 өсиеті

1. Балаң өзіңнің көшірмең болады деп күтпе. Оған қоса, сенің қалауың дағды болады деп күтпе. Тәрбие бала үшін СЕН болуға емес, өзіндік ЕРЕКШЕ болуға көмектесуі тиіс.

2. Барлық жасаған іс-әрекеттер үшін балаңнан құн сұрама: сен оған өмір сыйладың, ол қалайша саған алғысын жеткізе алады? Ол басқа адамға өмір сыйлайды, бұл алғыстың қайтымсыз заңы.

3. Тәрбиелеу процессінде бар өшіңді балаңнан алма, өйткені не ексең, соны орасың.

4. Баланың проблемаларын түкке тұрмайтын деп асқақтап қарама: өмір ауыртпалығы әр адамға күшіне байланысты беріледі, сондықтан да, баланың жүгі сенікімен бірдей болады. Мүмкін сенікімен ауырлау да шығар. Өйткені, баланың әлі дағдысы қалыптаспаған.

5. Тәрбие беруде баланы мұқатып кемсітпе.

6. Өз балаңа бір нәрсені жасай алмасаң, ол үшін өзіңді қорлама. Бірақ жасау қолыңнан келіп, жасамасаң – қорла.

7. Бала үшін барлық жағдай жасау – тәрбие берудің ең маңызды заңдылығы. Осыны ұмытпа!

8. Біреудің баласын сүйе біл. Басқа біреудің баласына өз балаңа жасамайтыныңды жасама.

9. Балаң дарынсыз, қырсық, ересек болса да, оны сүйе біл; балаңмен қарым-қатынаста қуануға ұмытпа, өйткені балаңмын жанында болу – бұл сенімен өмір бойы бола бермейтін мереке уақыты.

Айтылғандардың бәрінен мынадай тұжырым шығаруға болады: балалар бұл өмірге үлкендердің тәрбиесін алу үшін ғана емес, балалар БІЗДІ де тәрбиелеу үшін дүниеге келеді. Ата-аналар өз балаларын жақсылыққа тәрбиелеу барысында өздері де жақсы бола бастайды. Бұл тәрбиелеудің негізгі мақсаты.

Отбасындағы ері мен әйелі жұмысына, баласына, теледидарға, интернетке, соңыра келгенде жеке қызығушылықтары мен хоббилеріне көп уақыт жұмсайтындықтан, бір-біріне тәулігіне тек 4-ақ минут уақыт бөледі екен.

- Күйеуі мен әйелінің бірі көзіне шөп салған жағдайда 75 пайыз отбасы ажырасып кетеді.

- Италиялық жұп үйлену тойы кезінде шыныаяқ сындырады. Бокал сынықтары қаншаға бөлініп түссе, сонша жыл бірге бақытты ғұмыр кешеді деген сенім бар.

- Адамның білімі оның некелескен жасына тәуелді болады. Білімді адамдар сондықтан да кеш отау құрады.

- Бірінші некеде жұптардың 5 жыл ішінде ажырасып кету қаупі 20 пайызды құрайды, бірақ олар заңды түрде некелеспеген болса бұл қауіп 49 пайызға дейін өседі.

- Үйленген еркек бойдаққа қарағанда толық болып келеді. Егер күйеуі толық болса әйелінің де семіздікке шалдығу қаупі 37 пайызды құрайды.

- 2008 жылы жасалған зерттеу қорытындысы бойынша, бақытты неке тек балалары өсіп, өз алдына отау құрғанда бір-ақ сезіле бастайды-мыс. Ал егер балалары өсіп келе жатқан кезде әйелі мен ері жиі ұрсысатын болса, балалары бөлек шыққан соң жағдай тым қиындап кетеді екен.

- Өздерін бақытты жұп санайтындардың 81 пайызы қарым-қатынастарына ата-енелері араласпайтынын айтқан. Ал 38 пайызды құрайтын бақытсыз жұптардың ісіне ата-енесі араласпайды.

- Сауалнамаға қатысқан жұптардың 60 пайызы да сүйіктілерінің көзіне шөп салғанын мойындаған. Бұл жағдай көбінде 25-39 жас аралықтарында байқалған.

- Барлық қабылдайтын ақпараттың жеті ғана пайызын екінші жұбуымыздан естиді екенбіз. Оның 37 пайызын дауыс ырғағынан, ал 55 пайызын іс-әрекеті бойынша қабылдаймыз.

- Егер ер мен әйелдің міндеттері дұрыс қойылып, дәстүрлі түрде ері асыраушы, ал әйелі үй жағдайына жауап беретін болса – бұған еркектердің көңілі тола бермейді. Ал әйелдер осы дәстүрмен өмір сүруді дұрыс көреді.

- 15 жылға созылған зерттеудің қорытындысы бойынша, адам баласы некелескен соң бақытты болу деңгейі жоғарылап кетпейді. Сондықтан да адамның жан дүниесі сырты факторларға байланысты бола бермейді екен.

- Сұралған жұптардың 90 пайызы бірінші бала тапқаннан кейін өз некесіне көңілі толмайтынын айтқан.

- Жұптардың бақытты болуы олардың өз отбасыларында нешінші бала болуына тікелей тәуелді дейді мамандар. Бақытты жұп болуы үшін күйеуі тұңғыш бала болып, ал әйелі кенжесі болуы керек немесе керісінше болса да болады-мыс. Ал отбасында жалғыз бала болғандардың некесі тұрақсыз саналады.

- Көпшілік ұлттардың үйлену салттарындағы сүйісу шарасы ежелгі Рим дәстүрінен тамыр жайған. Ежелгі Римдіктер сүйісу арқылы келісімшартқа таңба басуды меңзеген.

- Ежелгі Грекияда (біздің ғасырымыздан бұрын VII ғасыр) бойдақтарды қоғамдық жұмыс орындарына отырғызбаған. Ал Спартада (біздің ғасырымыздан бұрын I ғасыр) үйленбеген, баласы жоқ еркектер көпшіліктің құрметіне ие бола алмаған. Ал ежелгі Римде Август императоры үйленуді міндеттеп, үйленбеген дерді жазалау туралы заң шығарған.

- Некеде қалыңдықтың киетін ақ көйлегін оның қалыңдық құрбыларына да кигізетін болған. Осы арқылы қалыңдық ұрлайтындарды алдаған екен.

Неке – отбасын құрудың негізі болып табылады. Ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туғызатын отбасын құру мақсатымен, заңда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықтық одақты – неке деп түсінуіміз қажет. Егер неке тіркелмесе де, бірақ еркек пен әйел бірге тұрып, балаларын тәрбиелеумен айналысып жатса, мұны да отбасы деп айтуға болады (қараңыз азаматтық неке). Егер кәмелетке толған балалары ата-анасымен бірге тұрып, оларға қамқорлық жасап, материалдық көмек көрсетсе – бұл да отбасы. Егер кәмелетке толған ағалары мен қарындастары ата-анасыз бірге тұрып, бір-біріне қамқорлық жасайтын болса – бұл да отбасы. Адамдар арасында некеден, туыстықтан, бала асырап алудан, отбасына тәрбиелеу үшін бала алудан туындайтын қатынастар - отбасылық қатынастар деп аталады. Бірақ отбасындағы қатынастардың бәрі бірдей құқық жөнімен реттеле бермейді. Отбасындағы қатынастар, негізінен, адамгершілік, ізгілік, өнегелік нормалары негізінде реттеледі. Бұл өзара құрмет, сүйіспеншілік, қамқорлық және имандылық қолдаудың көрінісі. Отбасылық өмір қалыбы, көбінесе ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға сүйенеді (үлкендерді қадірлеу, отбасын қамтамасыз ету оның басшысы ретінде толықтай ер адамға жүктеледі, туысқандарды қадірлеп, құрметтеу).

Заңда неке таңдауға ерік берілген, яғни некеге тұру немесе оны бұзу үшін тараптардың өзара ерікті келісімі қажет. Некеде ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері тең, әйелдердің құқығын шектеуге жол берілмейді. Бұл әйелдердің үй шаруашылығын жүргізумен ғана айналысып қоймай, сондай-ақ ерімен бірге бизнеспен айналысуына, мансапқа талпынуына мүмкіндік береді. Ерлі-зайыптық қатынастар, әдеттегідей ғұмырлық, яки некеге тұру белгілі бір мерзім көрсетілмей жүзеге асырылады. Қазақстанда мемлекеттік АХАЖ органында тіркелген неке ғана неке деп танылады. Қазақстанда некеге тұрған кезде отбасылық қатынастарда әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, тілдік немесе қай дінді ұстанатындығынан қарай азаматтардың құқығын шектеудің кез келген түрлеріне тыйым салынады. Ерлі-зайыптылар қатынастарына туыстарының араласуына жол берілмейді.

Некеге тұру некеге тұрушы ері мен әйелдің өзара ерікті келісімі және олардың неке жасына жету болып табылады. Егер неке күш көрсету, алдау, қорқыту жолымен қиылған болса, онда ол жарамсыз деп танылуы мүмкін. Некеге тұру келісімін некені тіркеу рәсімінің барысында некеге тұрушы адамның тікелей өзі ауызша білдіреді және оның қолын қойғызу арқылы расталады. Соның өзінде ата – аналарының немесе туыстарының келісімі талап етілмейді. Дей тұрғанмен, қай жағынан алып қарағанда да ата – анасының құптауы болашақ отбасы үшін өте маңызды екендігі күмәнсіз. Отбасын құру үшін неке жасына жетудің үлкен маңызы бар. Некеге тұрушылар белгілі бір рухани және күш – қуат кемелділігіне ие болуы керек, ол белгілі бір жаспен байланысты. Біздің заңымызға сәйкес неке жасы – 18 жас. АХАТ органдары дәлелді себептері болған жағдайда неке жасын екі

жылдан аспайтын мерзімге төмендете алады. Неке жасына жетпеген адамдардың некеге тұруына ата – аналарының келісімі бойынша ғана рұқсат етіледі. Жүктілік немесе баланың тууы, әскери қызметке шақырылуы, кәмелетке толмағандардың нақты отбасын құруы дәлелді себептердің қатарына жатады. Соның өзінде басқа да дәлелді себептердің болуы мүмкін. Некеге тұратын адамдар медициналық, сондай – ақ медициналық – генетикалық мәселелер және репродукциялық денсаулық қорғау мәселелері бойынша консультациялар алып, тексеруден өтулеріне болады. Мұндай тексерулер некеге тұратын адамдардың екеуінің келісімімен ғана өткізілуі тиіс. Некеге тұратын адамдарды тексерудің нәтижелері медициналық құпия болып табылады және ол некеге тұруға ниеттенген адамға тексеруден өткен адамның келісімімен ғана хабарлануы мүмкін. Болашақ ерлі – зайыптар АХАТ органына өздерінің некеге тұрғысы келетіндіктері туралы бірлесіп жазбаша түрде мәлімдеуі керек.

Ал олардың біреуі АХАТ органына бірге өтініш беру үшін келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда қалай істеу керек? Егер ол дәлелді себептермен АХАТ органына келе алмайтын жағдайда ол адамдардың некеге тұруды қалайтындықтары жөніндегі нотариус куәландырған өтінішін табыс етуге заң рұқсат береді. Некеге тұратын адамның тікелей қатысуымен неке мемлекеттік АХАТ органдарында қиылады. Некені сенімхат бойынша немесе өкілдер арқылы қиюға тыйым салынады. Қамауда немесе бас бостандығынан айырылғандар некеге отыра алады. Алайда оларда мемлекеттік тіркеу АХАТ – та емес, бас бостандығын айыру орнында немесе қамауда отырған жерде жүргізіледі. Заңда неке қиюға кедергілер де көзделген. Бұл өзге тіркелген некенің болуы, болашақ ерлі – айыптылардың жақын туыстығы, некеге тұрушылардың біреуінің іс - әрекетке қабілетсіздігі, сондай – ақ бала асырап алушылар мен асырап алғандар арасында неке қию.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Амонашвили Ш.А. Личностно-гуманная основа педагогического процесса. - М.: «Университетское», 1990.
2. Гребенников И.В. Основы семейной жизни. - М.: «Просвещение», 1991.
3. Макаренко А.С. Ата-аналар кітабы. – А., 1985.
4. Пинт А.О. Это вам, родители. - М.: «Знание», 1971.
5. Тажибаев Т. Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева. - А-А., 1957.
6. Коменский Я.А. Избранное педагогическое сочинения / Под ред. А.И. Пискунова и др. – М.: «Педагогика», 1982.
7. Жумадуллаева А. Отбасы некелік тәрбие негіздері. – Алматы, 2007.
8. Баланың құқығы туралы конвенция. - Алматы: «Дәнекер», 2000.
9. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. - Алматы., 1999.
10. Әсемжанова З. Менің отбасым – менің үйім. // Бастауыш мектеп журналы 2005, № 9, 25-26 б.
11. Әтемова Қ. Қазақ отбасындағы тәрбие үрдісі. // Қазақстан мектебі, 2006 №1.
12. Азимов М. Жаңұя ықпалы // Бастауыш мектеп журналы, 1998 № 6, Б. 12-13.
13. Капустин Л.М. Работа школы с родителями. – М., 1983.
14. Сухомлинский В.А. Балаларға жүрек жылуы. – А.: «Мектеп», 1973.
15. Керимов Л. Қиын бала және оны қайта тәрбиелеу. –А., 1990.
16. Назарбаев Н. Еліміздің болашақта гүлденуі бүгіннен басталады // «Егемен Қазақстан», 11 қазан, 1997.
17. Макаренко А.С. Ата-аналар кітабы. –А., 1985.

УДК 374:159.9

ОҚУШЫЛАРДЫ ЖАН –ЖАҚТЫ ДАМЫТУДА МЕКТЕП ПЕН ЖАНҰЯНЫҢ БІРЛІГІ

Саданова Ж.К., Жайлаубек Н.Д.

Авторлар туралы мәліметтер. Жайлаубек Назерке Даулетказиновна – педагогика магистрі, Қазақстан- Американдық еркін университетінің оқытушысы, Саданова Жанар Кабыкен-кызы – педагогика магистрі, Қазақстан- Американдық еркін университетінің аға оқытушысы.

Аннотация. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2030» жолдауында: «... Оқушыларды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет. Бүгіннен бастап, ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек» деген болатын.

Өскелең ұрпақтың рухани жан-дүниесін білім нәрімен сусындатып, халқының ерте заманнан жинақталған асыл мұрасымен байытып, ұлттық дәстүрлердің озық үлгілерін санасына сіңіріп, Абайша сөйлесек, «көкірек көзін оята тәрбиелеу» - ата-анадан басталып, мектепте жалғасып, бүкіл қоғам болып атсалысатын жауапты міндеттердің ең бастысы. Осы тұста Мағжан Жұмабаев былай дейді: «Әрбір ел келешегіне қызмет етуге негізді балаларын тәрбиелейтін, даярлайтын мектебінде салмақ. Бір елдің тағдыры мектебінің құрылысына байланысқан нәрсе. Бұл – ескірмейтін игі сөз, өзгермейтін бір шындық. Тарихты аз ғана болса да ақтарған кісі мұны біледі. Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік, һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт». Келешек ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуде, жаңа заманда көкірегі ояу, ұлттық сана-сезімі жоғары саналы азаматты тәрбиелеу ұзақ әрі күрделі үдеріс болып табылады. Сондықтан бұл мәселе бүгінгі таңда өткір қойылып, өз шешімін табуды қажет етіп отыр. Аталмыш мәселені шешуде көптеген ойшылдар мен ғалымдар өз үлестерін қосқан.

Кілт сөздер. Мектеп, ата – ана, ұл бала, қыз бала, отбасы, тәрбие.

Сведения об авторах. Жайлаубек Назерке Даулетказиновна – магистр педагогики, преподаватель Казахстанско-Американского свободного университета. Саданова Жанар Кабыкен-кызы – магистр педагогики, старший преподаватель Казахстанско-Американского свободного университета.

Аннотация. Президент Н.А. Назарбаев в своем послании «Казахстан - 2030» указал важность пробуждение в детях патриотизма и развитие в детях творческих способностей. А начало этих задач лежит в семье и школе. В статье рассматривая этот вопрос, авторы основываются на исследования и мнения не только выдающихся педагогов, но также казахских писателей и поэтов. В статье приведены слова Магжана Жумабаева. Длительный и сложный процесс - это воспитание будущих поколений, воспитание нового поколения, воспитание гражданина. Вот почему эта проблема актуальна в наши дни и нуждается в ее решении. Многочисленные мыслители и ученые внесли свой вклад в эту проблему.

Ключевые слова. Родители, семья, мальчик, девочка, семейное воспитание, традиция, обычаи.

Information about the authors. Zhailaubek Nazerke - Master of pedagogy, teacher of Kazakh-American Free University. Sadanova Zhanar - Master of pedagogy, senior teacher of Kazakh-American Free University.

Annotation. President N.Nazarbayev in his message "Kazakhstan - 2030" pointed out the importance of awakening patriotism in children and developing creative abilities in children. And the beginning of these tasks lies in the family and school. In this article, considering this issue, the authors base their research and opinions on not only outstanding teachers, but also Kazakh writers and poets. The article contains the words of Magzhan Zhumabayev. A long and difficult process is the education of future generations, the upbringing of a new generation, the education of a high-flown citizen. That is why this problem is urgent in our days and needs to be solved. Numerous thinkers and scientists have contributed to this problem.

Keywords. Parents, family, boy, girl, family education, tradition, customs.

«Педагогика ғылымы тәрбиенің мақсатын жеке адамды жан – жақты дамыту, әділетті қоғамды өз қолымен құратын және оны қорғай алатын азамат етіп тәрбиелеу деп қарастырады. Тұлғаны жан – жақты жетілдіріп, дамыту деген ұғымды оқу мен жастардың практикалық еңбегінің тікелей байланысы, дененің және ақыл – ой дамуының біртұтастығы деп түсіну керек».

Жеке тұлғаны жан – жақты дамыту идеясы ертедегі Грек мемлекетінде пайда болып, өткен дәуірдегі алдыңғы қатарлы прогресшіл ойшылдарды терең толғантты. Педагогикалық және философиялық еңбектерден «жан – жақты дамыту» идеясы туралы көзқарастар қайта өрлеу дәуірінен бастау алғанын байқаймыз (XV-XVI ғ.ғ.). Олардың негізінде дене және рухани сұлулықтың үйлесімді дамуын айта келе, оған жету тек адамдардың өнермен, гимнастикамен айналысуы жағдайында ғана жүзеге асады деп дәлелдейді. Бұндай көзқараста еңбек қызметінің маңызы қарастырылмаған. Себебі, еңбек қызметі тек құлдарға ғана тәуелді болған.

Аристотельдің көзқарасында дене, адамгершілік және ақыл – ой тәрбиесі тұлғаның жан – жақты дамуы ретінде қарастырса, қайта өрлеу дәуірінде гуманисттер Витторино да Фельтре, Ф. Рабле, М. Мантень, Э. Роттердамский жан – жақты идеясын дамыта отырып, тұлғаның эстетикалық дамуы қажеттілігіне назар аударады. Кейіннен жеке тұлғаның жан – жақты үйлесімді дамуы жайында пікірлер социал - утопистер Томас-Мор, Т. Кампанелла, Р. Оуэн, Сен-Симон еңбектерінде де дұрыс көзқарасқа әрі толық мазмұнға ие болды. Олар қоғамның барлық мүшелері қатысқан еңбек пен оқытудың бірлігін жан – жақты даму деп қарастырды. Бірақ та қанаушы тапқа бөлінген қоғам жағдайында бұл ойды жүзеге асыру мүмкіндігі болмады. Сондықтан да бұл арман утопистік сипатта қала берді.

XVIII ғасырдағы француз философ - ағартушылары Гельвецию және Дидро еңбектерінде бұл ойдың негізіне ақыл – ой мен адамгершілік тәрбиесін қарастырды. Ж.Ж. Руссо бұл пікірге терең талдау жасап, табиғатпен дұрыс қарым – қатынас жасай білетін барлық балаларды еңбекке тарту қажеттігі жайында өз пікірін уағыздайды.

Жан – жақты дамыту идеясын орыстың революцияшыл - демократиялық педагогикасының негізін қалаушылары Н.Г. Чернышевский мен Н.А. Добролюбовтар да қолдады. Н.Г. Чернышевский тәрбиенің мақсаты жайлы – қоғамдық идея жағынан ұстамды күрес адамын, революционерді тәрбиелеу, халық мүддесін ойлайтын «азаматтық істерге» араласа алатын, адал ниетті адамдар тәрбиелеу деп жаңа қоғам үшін күрескерлерге қажетті қасиеттер жөнінде өз көзқарасын білдіреді.

Жеке тұлғаның жан – жақты дамуын қалыптастыру дегеніміз:

- отанына берілгендікті, оның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауға дайындығын, бейбітшілік үшін, халықтардың достығы мен ынтымағы үшін, еңбекшілердің бақыты үшін арнаулы даярлықта тәрбиелеу;
- ғылым, мәдениет, техника саласындағы білімдер жүйесін және өндірісті ұйымдастырудың даму жағдайларын игере білуін тәрбиелеу;
- адамгершілік қасиеттерді барынша құрметтеушілік, адамдарға деген қамқорлық жасау және оларға ілтипатпен қараушылық, жолдастық пен адалдық, шыншылдық, жауапкершілік сезімдерге тәрбиелеу;
- еңбекте адал қарым – қатынасын, қоғам игілігі үшін материалдық өндіріс саласында еңбек етуге даяр болуы, еңбек ету қажеттілігін түсінуге, еңбек адамын құрмет етуге тәрбиелеу,
- әсемдікті барынша сезіне білуді, шын көріктілікті жасандылықтан ажырата білуді, музыкаға, өнерге, әдебиетке ынтасын үнемі жетілдіруге талпынысын, құштарлығын, табиғатты сүюге тәрбиешілерді тәрбиелеу,
- денсаулығы мықты және дене құрылысы жақсы дамыған, дене шынықтырумен (спортпен) үнемі шұғылданатын адамды тәрбиелеу;
- табиғатты қорғау, оның байлығын көздің қарашығындай сақтау, адам өмірінің бастауы – жер, су, ауа, аң, өсімдіктерді бағалау, қастерлеу, сақтау рухында тәрбиелеу, т.с.с.

Қазіргі кезеңде шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Тіпті бірқатар дамыған елдерде бұл идея ұлттық қағидаға айналған. Әлемдік бәсекелестік заманда әрбір адамның білім санасын, қабілеттілік деңгейін, іскерлік мүмкінділігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселелері күн тәртібіне өткір қойылып отыр, яғни адамның білімі мен біліктілігі қазіргі заманда мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналды. Сондықтан көптеген елдер бәсекеге қабілетті қоғам үшін адам ресурстарын дамыту, әсіресе оның қабілетін арттыру сияқты арнайы бағдарламалар қабылдауға кірісті. Сондықтан да, үздіксіз білім беру жүйесінің басты міндеті – жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Бұл әлеуметтік педагогикалық міндетті орындау үшін тәрбие жұмысымен тікелей айналысушылардың жүргізетін тәрбие мазмұны қоғамның бүгінгі талабына сай болуы керек. Жалпы білім беруде мектеп өзінің міндетін толық атқару үшін, қоғамның оған қоятын әлеуметтік сұранысын ескере отырып, тәрбие мазмұнын жақсарту үшін мектеп пен жанұяның бірлігін қамтамасыз ету қажет.

Қазақстан Республикасы Ата Заңының 27 бап 2-тармағында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы» делінсе, «Қазақстан – 2030» бағдарламасында «әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауға тиіспіз. Біз өз балаларымызбен немерелерімізді сонау алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткенде қандай күйде көргіміз келеді» делініп, ұрпақ тағдыры мен мемлекет тағдыры қатар қойылған. Демек, балаға дұрыс бағыт беретін үлкен мықты тәрбие ошағы – отбасы болып саналады.

Отбасы тәрбиесі мәселелері Шығыстың ұлы ойшылдары Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Қ. Иассауи, М. Қашғари, классик педагогтар Я. Коменский, К. Ушинский, И. Песталоцци, қазақ ағартушылары Абай Құнанбаев пен Ы.Алтынсарин еңбектерінде, кеңес педагогтері В. Сухомлинский, А. Макаренко, Н. Крупская, қазақ зиялылары М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов және т.б. еңбектерінде кеңінен орын алады. Бүгінде отбасы тәрбиесі мәселелері қазақстандық ғалымдар С. Ғаббасов, Р. Қоянбаев, Г. Байделдинова, В. Лысенкова, Р. Төлеубекова және т.б. тарапынан зерттелініп келеді.

Ал мектеп пен жанұяның бірлігі мәселесі бойынша Гиппенрейтер Ю.Б., Дереклеева Н.И., Карнеги Д., Кипнис М., Минияров В.М., Фалькович Т.А., Толстоухова Н.С., Обухова Л.А., Хухлаева О. еңбектерін атап көрсетуге болады.

Біз зерттеу барысында мектеп пен жанұяның бірлігі негізінде оқушыларда жан-жақты тәрбиелеуде балалардың ерекшеліктерін, даму өзгешелігін зерттеген психолог ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, оларды әлеуметтендіруде “әлеуметтік–педагогикалық” білімдермен, жұмыстар жүйесінің, ақпараттық көмектің қажетті екендігін көре алдық.

Бұл мәселенің нақты зерттелуіне келер болсақ, Б.Т. Лихачев, Е.В. Стребелова, Н.М. Михайлицкая, А.И. Прихожин, Н.Н. Толстыхтың және т.б. еңбектерін негізге алуға болады.

Ата-аналарға, жұртшылыққа жүйелі педагогикалық білім беретін ата-аналар университеттері және халық университеттерінің жанынан педагогикалық факультеттер ұйымдастырылады. Университеттерде оқу мерзімі екі жыл. Оқу сабақ кестесі бойынша жүргізіледі. Университетке түсетін адамдар мектеп жанындағы ата-аналар комитеті арқылы қабылданады. Университетке түскендер педагогика, балалар психологиясы, жас ерекшелік физиологиясы, мектеп гигиенасы мәселелерінен және халықаралық жағдайдан, өнер, медицина, құқық және заң тақырыптарынан дәрістер тыңдайды, семинарларға қатысады, рефераттар жазады.

Университетті тыңдаушылар бірінші оқу жылының аяғында сынақтар, ал екінші оқу жылының соңында емтихан тапсырады. Университетті бітіргендерге куәлік беріледі.

Мектеп тәжірибесінде озық ойлы шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдер ата-аналармен жұмыс істеу барысында жоғарыда аталған дәстүрлі формалардан басқа бейдәстүр формаларында қолданады.

Дегенмен де мектеп пен отбасының өзара қарым-қатынасының нәтижелі болуы көбінесе педагогикалық тұрғыдан дұрыс таңдалған қарым-қатынас пен өзара әрекет формасына байланысты. Олардың негізіне міндетті түрде 5 жағдайды ескеру қажет:

1. Оқушыға қатысты жағымды қарым-қатынастың болуы. Мұндай жағдай, тіпті қиын оқушыға да қатысты болуы шарт.

2. Мұғалімдердің ата-аналар тарапынан болатын кеңестеріне өте мұқият назар аударуы.

3. Оқушы тұлғасында пайда болған жағымсыз құбылыстың себебін бірлесіп анықтау, талдау және оны жоюдың тәсілін бірге қарастыру.

4. Оқушы тұлғасына немесе сынып ұжымына нәтижелі әсер етудің формалары мен тәрбиелік ортасын табуда бірлесе іс-қимыл көрсету.

Мұғалімдердің ата-аналарымен қарым-қатынасында педагогикалық әдептің, этиканың қатаң сақталуы.

Сөйтіп «Оқушыларды жан-жақты дамытуда мектеп пен жанұяның бірлігі» тақырыбындағы жүргізілген зерттеу жұмыстары төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

1. Оқушыларды жан-жақты дамытуда мектеп пен жанұяның бірлігі теориялық тұрғыдан негізделді;

2. Оқылып, зерделенген ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен педагогикалық зерттеулердің нәтижесі «оқушыларды жан-жақты дамытуда мектеп пен жанұяның бірлігі» ұғымының мәні ашылды;

3. Оқушыларды жан-жақты дамытуда мектеп пен жанұяның бірлігінің мүмкіндіктері айқындалды;

4. Оқушыларды жан-жақты дамытуда мектеп пен жанұяның бірлескен жұмысын ұйымдастырудың практикада қолданыстағы тиімді жолдары белгіленді;

Біз өзіміздің бұл еңбегімізде төмендегі педагогикалық мәселелерді зерттеуге мұрындық болар деген мақсат пен пікірдеміз. Тәрбие мазмұнының мәніне арналған төмендегі пікірлерімді ұсынамын:

1. Тәрбие барысында Егеменді Республикамыздың және оның аймақтарының әлеуметтік – экономикалық даму деңгейінің маңыздылығын ескеру;

2. Мемлекеттік тіл – қазақ тілін жан-жақты терең игеретін жаңа тәрбие мазмұнының бағдарламасын нақтылау қажеттілігі;

3. Халқымыздың педагогикалық ойлары мен педагогика тарихының келелі мәселелері белгілі бір жүйеге келсе және мұны қарауға мұғалімдер ата-аналардың да өмірлік тәжірибелерін зерттеп жүйелей отырса;

4. Қандай халықтың болмасын өзіне тән ана-тілі, жаратылыс болмысы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті, өнері бар. Осы педагогикалық мәнді құбылыстарды ата-аналар арасында насихаттау мұғалімдердің оқытушылық қызметінің құрамдас бөліміне айналса педагогикалық жұмыс нәтижесін беретіндігіне ешбір күмән жоқ.

5. Болашақ мұғалімдерді дайындау барысында тек ғана жеке пәндерді оқытумен оның әдістемелерін үйретумен жүктелмей педагогика кафедрасы ата-аналарының педагогикалық әдістемелік шеберлігін арттыруға арналған арнайы пәндік оқу енгізсе өте дұрыс болар еді.

Ата-аналармен ұйымдастырылатын педагогикалық жұмыс мазмұнының тиімділігі төмендегідей міндеттерді шешеуге байланысты демекпіз:

- Ұлттық сана-сезімін, имандылық қадір қасиетін қалыптастыру, яғни туған елін сүюге тәрбиелеу;

- Жер тағдыры мен ел тағдырының табиғат пен адам өмірінің бірлігін терең сақтайтын жер, су, ауа, ғарыш әлемінің қадірін бағалай білетін, табиғатты аялай оны қорғай алатын азаматты тәрбиелеу, яғни экологиялық тәрбие беру;

- Эстетикалық тәрбие беру, сұлулыққа тәрбиелеу, тазалыққа үйрету;

- Мемлекеттік заңдарды білу және оған сый-құрметпен қарау оны жүзеге асыруға дайын және ынталы болу, қоғамдық тәртіптің заң ережелерін бұзушылыққа төзбестік

білдіру, құқықтық тәрбие беру;

- Еңбектің адам өміріндегі мәні мен мазмұнын түсіндіру, еңбек дағдысын баланың бойына жастайынан сіңіру;
- Жас ұрпақты кішкене күнінен үй болуға, шаңырақ көтеруге, яғни ұл бала мен қыз баланы құрметтеуге, қыздарды ұл балалардың алдында иба сақтауға үйрету, адамгершілік имандылық тәрбие беру;
- Ұлттық ойын, дене шынықтыру түрлерін кең қолдана отырып жастарды дене тәрбиесі қажеттілігіне дағдыландыру;
- Халқымыздың ерлік жауынгерлік тарихын, өз жерін, өз елін қорғай алатын ел-жанды, ұлттық намысы мол жігерлі азамат тәрбиелеу;
- Басқа ұлттардың өкілдері мен жастардың өзара сыйластық, достық негізінде өмір сүруіне ықпал жасау, ұлтаралық қатынастардың жақсы дәстүрлерін үйрету.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Қазақстандықтардың өсіп - өркендеуі, қауіпсіздігі және әл – ауқатының артуы // «Егемен Қазақстан», 11-қазан, 1997.
2. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы. «Рауан», 1993.
3. Хухлаева О. Активные формы групповой работы с родителями // Школьный психолог. – 2006, №19.
4. Лихачев Б.Т. Формирование нравственно-эстетического отношения к действительности // Сов. педагогика, 1981, №2.
5. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: «Мектеп», 1992.
6. Аристотель. Избранное
7. Чернышевский Н.Г. Таңдамалы шығармалары. VII том 7
8. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика: - Астана, 1998.
9. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: «Рауан», 1992.
10. Асанова Г. Отбасы – бастапқы тәрбие мектебі // Қазақстан мектебі №1, 2007 ж.
11. Капустин Л.М. Работа школы с родителями. –М., 1983.
12. Сухомлинский В.А. Балаларға жүрек жылуы. – А.: «Мектеп», 1973.
13. Керимов Л. Қиын бала және оны қайта тәрбиелеу. – А., 1990.
14. Назарбаев Н. Еліміздің болашақта гүлденуі бүгіннен басталады // «Егемен Қазақстан», 11 қазан, 1997.
15. Макаренко А.С. Ата-аналар кітабы. – А., 1985.

УДК 159.9

ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ТЕРМИНІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Оракбаева М.К.

Автор туралы мәліметтер. Оракбаева Маржан Кабдулкановна – психология магистрі, Қазақстан- Американдық еркін университетінің аға оқытушысы.

Аннотация. Мақалада философиялық, педагогикалық-психологиялық еңбектерге жасалған теориялық талдау негізінде «толеранттылық» ұғымының мәні мен мазмұны ашылады. Қазіргі кезде толеранттылық мәселесі саясаттану, педагогика, медицина, философия, психология және мәдениеттану ғылымдары бойынша өткізіліп жатқан көптеген ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстелдерде талқыланып жатқан өзекті тақырыптарының біріне айналды. Толеранттылықтың мәнін түсіну үшін ең алдымен «толеранттылық» түсінігі қашан және қандай себептер - жағдайларда пайда болғанын білуіміз қажет? Ол үшін «толеранттылық» термінінің шығу тарихына тоқталып кетсек. Сонымен толеранттылық түсінігінің шығу тарихына назар аударсақ әр дәуірде бұл мәселенің әртүрлі түсіндірілгенін байқауға болады. Толеранттылық ғасырлар бойы қоғамдық және діни біліктің, дін мен секталардың, дінге сенушілер мен атеистердің өзара қарым-қатынасының қағидасы ретінде түсіндіріліп келді. Антикалық кезең толеранттылықты танудың екі жолын көрсетеді. Біріншісі діни тәжірибенің, философиялық және саяси плюрализмнің көп түрлі формаларынан көрінсе, екіншісі ұлтты алалаушылық пен сенім үшін шеттетудің жоқтығынан көрінеді. Орта ғасыр философтары үшін негізгі мәселе сенім шыдамдылығы мен көнбістік болды.

Түйін сөздер. Толеранттылық, төзімділік, плюрализм, психология, педагогика

Сведения об авторе. Оракбаева Маржан Кабдулкановна – магистр психологии, старший преподаватель Казахстанско-Американский свободного университета.

Аннотация. В статье открывается суть и содержание понятия «толерантность» на основе теоритического анализа философских, педагогических, психологических трудов. Вопрос толерантности на сегодняшний день является одним из актуальных вопросов, обсуждающихся на многих конференциях и круглых столах по политологии, философии, психологии, медицине, педагогики, психологии и культурологии. Для понимания сути толерантности сперва нужно узнать события и предпосылки, породившие это понятия. В статье рассматривается история появления этого термина. Выясняется что в каждом периоде его понимали по разному. Просматриваются античность и средневековья, прокладывается путь к современности.

Ключевые слова. Толерантность, терпимость, плюрализм, обучение, образование, психология, педагогика.

Information about the authors. Orakbayeva Marzhan - master of psychology, senior teacher of Kazakh-American Free University.

Annotation. The article reveals the essence and content of the concept of "tolerance" on the basis of a theoretical analysis of philosophical, pedagogical, and psychological works. The issue of tolerance for today is one of the topical issues discussed at many conferences and roundtables on political science, philosophy, psychology, medicine, pedagogy, psychology and cultural studies. To understand the essence of tolerance, it is first necessary to find out the events and prerequisites that gave rise to this concept. The article deals with the history of the appearance of this term. It turns out that in each period it was understood in different ways. Antiquity and the Middle Ages are viewed, the way to modernity is paved.

Key words: tolerance, pluralism, teaching, education, psychology, pedagogy.

Қазіргі кезде толеранттылық мәселесі саясаттану, педагогика, медицина, философия, психология және мәдениеттану ғылымдары бойынша өткізіліп жатқан көптеген ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстелдерде талқыланып жатқан өзекті тақырыптарының біріне айналды.

Толеранттылықтың мәнін түсіну үшін ең алдымен «толеранттылық» түсінігі қашан және қандай себептер - жағдайларда пайда болғанын білуіміз қажет? Ол үшін «толеранттылық» термінінің шығу тарихына тоқталып кетсек.

Толеранттылық - бұл көпмағыналық ұғым, оның негіздері сонау ерте кезден Гераклит, Антифон, Аристотель, Сенека және т.б. ойшылардың пікірлерінен бастау алған. Толеранттылық түсінігі туралы ең алғашқы ойлар антикалық заманда басқа діндер мен

сенімдерді түсіну, қабылдау ретінде пайда болады. Сократ индивидті космостан бөліп алуға ең алғаш талпынады, ол тұлғааралық қатынасты табиғаттан тыс күштердің болжауы ретінде емес, тұлғаның ерік-жігері мен мінезіне байланысты қарастырады. Сократ, алғаш индивидтің әлеуметтік мінез-құлқының феноменін, оның мінез-құлқын анықтайтын мотивтерін түсіндіреді. Платон мектептеріндегі шығармаларда еңбектегі шыдамдылық жақсылық үшін, қайғыдағы шыдамдылық жақсылық үшін деп «төзімділік» түсінігін сипаттайды. Бұл жерде қайғырушылық айтып тұрған жоқ, керісінде сабырлық, өзін ұстай білу, рухтың күшін баяндап тұр. Жалпы, Платонның көзқарасы бойынша, толерант-тылық – ақыл-ойдың өзін-өзі қорғауы» деген. Қоғамның табысты дамуы үшін төзімділік міндетті екенін айтып өткен.

Аристотель бұл көзқарасты ары қарай дамытып, құндылық аспектісін бөліп көрсетеді: шыдамдылық – тәжірибелік мінез-құлық қасиеті ретінде және дағдыдан пайда болған этикалық қайрымдылық. Аристотель (б.з.д. 384-322 ж.ж.) «Никомаховая этика» атты еңбегінде: өзіне мейірімділік көрсеткен адамға түсіністікпен қарайтын адамды жақсы деп есептеуге болмай ды», «жақсы адам» өзгеге сондай қарым-қатынас көрсеткен адам, ал бұл қиын іс», − деп жазған [1].

Цицерон Марк Тулий tolerantia сөзін адамзаттың істеріне төзімділікпен қарайтын, данышпанның рухына қатысты қолданылды. Толеранттылықтың мазмұнды жағын Сократ пен софистер қарастырды. Стоиктер мен эпикурейцтер үшін «шыдамдылықты» азапқа шыдаумен байланыстырады, яғни, қатыгездік пен әділетсіздік қайрымдылық жасауға мүмкіндік береді және ерлік пен төзімділікке тәрбиелейді. Кейін стоиктер (Сенека, Эпиктет, Марк Аврелий) ерте кезде стоиктер мен эпикурейцтердің айтылған негіздемесін біріктіруге талпыныс жасады, «шыдам» түсінігін ерлік үшін негіздеме деп түсіндірді (Сенека) [2].

Рим императоры Марк Аврелий Антионың (121-180 ж.ж.) «К самому себе» немесе «Наедине с собой» деген шығармаларында әңгімелесушіге толеранттылық қарым-қатынасты сипаттайтын жазбалар бар: «Адамдарды сендіруге тырыс. Егер олар көнбесе өзің әділет заңына қарсы келме», «Оларға шын мейірім мен пайданы көрсет, бірақ тітіркенбей, сілкінбей», «Өзіңе айтылған нәрсені мұқиятты дауға дағдылан және өзіңмен сөйлесіп отырған адамның ойын толық қабылдауға ұмтыл. Адамдардың басшылыққа алатын әдет-ғұрпы мен күшін түсіну үшін мінез-құлқы мен әдеттерін жақсы білу керек».

Марк Аврелий шыдамдылықтың адамгершілік құндылықтары: «әділеттілік, ақиқат, ақылдылық пен ерлік» болып табылатынын мойындады. Толеранттылық негіздері ретінде әртүрлі мәдени принциптер болды. Грек-рим өркениеті үшін негіз болған діни сенімділік болды.

Н.В. Круглованың «Толерантность: генезис и типология» өзінің еңбегінде тарихта толеранттылық белгілерінің болуына байланысты зерттеу жүргізді.

Яғни, автор толеранттылықтың екі типін бөліп көрсетеді: христиандық және христиандықтан кейін деп. Христиандық типтің өзі полистік, имперлік деп екіге бөлінеді. Полистік тип - антикалық демократияның тенденциясы басым азаматтық қоғам үшін тән және сыни рационализм, жоғары мәдениеттілік, жан-жақтылыққа бейім, саяси плюрализм мен діни тәжірибенің формаларының көптүрлілігінде көрініс тапқан. Имперлік типі діни плюрализм мен айқындалған көпұлтты, көпмәдениетті, көпдәстүрлікте саяси плюрализмнің болмауы тән. Толеранттылықтың христиандықтан кейін типі реформация барысында қалыптасты.



Сурет 1. Толеранттылықтың түрлері

Толеранттылық идеялар 16 ғасырда түпкілікті мойындаушылыққа ие болды.

Толеранттылық (tolerare) түсінігі римдік авторлар алғаш енгізген, уақыт өте келе христиандық әдебиеттерде кеңінен танымал болады. Бұл ұғым бастауы ең алдымен «шыдау», «төзу», дегенді білдіретін «tolero» етістігінен бастау алған. Толеранттылық түсінігінде адам өмірінің қайғыру негізінде діни мағына қамтылған, яғни, христиандық сана-сезім. Төзім христиандықтардың рақымшылдығының негізінің бірі болып табылады. «Құдай шыдады және бізге әмір етті» деп христиандық өмірдің ережесінің бірінде айтылған.

Негізінен «толеранттылық» түсінігі еретиктердің догматтары мен салт-дәстүрлеріне төзі мүмкіндігімен байланысты қолданылады. Демек, толеранттылықтың алғашқы формасы дінге еріктілік болып табылады.

Толеранттылық ұғымына «еркінділік», «плюрализм» түсініктері жақын, Христиандықта толеранттылық этикалық принцип ретінде енгізіледі және өзінің мазмұнын діни рақымшылық ретінде алды. Барлық библиялық көз қайнарлары төзімділікке үндейді. Христиандық авторлар үшін төзімсіздік жын-перінің тудырған нәрсесі, ол адамда ашу, кекшілдік және өшпенділік тудырады деді.

В.М. Золотухин өзінің зерттеулерінде, төзімділік ертехристиандық этикада (Августин, Григорий және т.б.) аскетикалық нормативтік идеал арқылы күнәден арылу мүмкіндіктерімен байланыстыратынын айтқан. Бұндай жағдайда адам құтқаруға үміттілік пен Құдайға сенімділікпен ғана қалады.

14-16 ғғ. бастап ғылыми білімдерге қызығушылық туындағанда, моралдық радикализмімнен моральдық компромисске және Құдайдың күнә өмірімен татуластыруға ауысу қажеттілігі туындайды. Демек, орта ғасырда «төзімділікті» адам құдайды ауызға алып, қайғы-қасіретке төзу ретінде қабылдады. Бұл жағдайда төзімділік пен төзу адамға байланысты емес, адамға Құдай, Шіркеу және басқа адамның төзімділік қатым-қатынас мүмкіндігіне байланысты деп түсіндірді. Осылайша ерте орта ғасырда «толеранттық» термині біздің зерттеу мәселемізге қатысты қолданылмағанымен, құдайдан өзге ешкім кіре алмайтын жабық әлем ретінде қабылданды. Сондықтан толеранттық жақын адамға деген махаббат және көнбістік түрлерінде көрініс тапты.

Біз христиандықтар үшін толеранттылықты көптеген философтардың еңбектерін қарастырдық, алайда Квинт Тертуллиан ерекше орын алады. Квинт Тертуллиан «Біреу Құдайды пір тұтса, басқасы Юпитерді» деген ой айттып, толеранттылықтың негізі адамға парыз ретінде артатын, тепе-теңдік болып табылады. Бұл тек төзімділікке байланысты болады, оны жағымды дағды және құтқарушы ретінде өзіңді шыңдауың керек [4].

Қазіргі кезде толеранттылық мәселесің тарихи-философиялық аспектілеріне арналған (В.М. Золотухин, М.Б. Хомяков, Н.В. Круглова, В.А. Лекторский, С.В. Скворцов, Б.В. Емельянов, Е.В. Магомедова, Р.Р. Валитова), ғылыми зерттеулер пайда болды. Зерттеушілердің еңбектерінде толеранттылықтың философиялық қайнарлары туралы сұрақта пікірталас туындайды. Бір авторлар Қайта өрлеу дәуірінде діни нанымдық мәселесінен толеранттылық генезисі туралы көзқарасты қолдаса, а басқа авторлар толеранттылық діни нанымдық ретінде реформация дәуірінде келді деді.

Толеранттылық» түсінігіне байланысты екі негізгі түсіндірме қалыптасты: төзімділік (patientia) және Исидора Севильскийден бастау алған оны рухпен, жанмен байланыстырды. Әлеуметтік мағынада «толеранттылық» түсінігі сирек қолданылды және негізінен еретиктерді дәстүрлері мен догматтарына төзу мүмкіндігімен байланыстырды (Фома Аквинский, «Сумма Теологии»). Сонымен бірге Орта ғасырдағы христиандықта әлеуметтік және діни толеранттылық «өзіне» құндылық ретінде емес, ізгілік, қайрымдылық емес қақтығысты болдырмаудың құралы ретінде қолданылды. Сонымен «егер сенімсіз адамдар мен еретиктерді жеңе алмасаң, қақтығыстан қаш» деген толеранттылықтың қолданбалы сипаттамасы пайда болды.

Толеранттылық туралы ойлардың тарихи дамуына назар салсақ, Ежелгі Қытай, Ежелгі Үнді, Ежелгі Греция және Рим империясы басқа тайпалардың құдайы мен табынушыларына олардың төзімділікпен қарауында байқалды. Толеранттылық түсінігіне тарихи жақын ұғымдар болып қоғамдық санада таралған. Олардың ақиқаттылығы айдан анық, мысалы, «еркінділік» немесе «плюрализм» ойы, өзінің нормативтік мазмұнының арқасында басынан бастап толеранттылыққа бағытталған, ал толеранттылық, плюрализм сияқты, еркінділік принципі Жаңа уақытқа сәйкес келетін және өзінің әділдік ойларында өзінің заңдық негізі бар. Бұл идеялар ортағасырдың философтарының ойларында қамтылған, олар «дінді ішкі, ар ұяттың ісі, ретінде түсіндірді, өйткені, шіркеу қанауына қарсы тұрды». Олардың ішінде Пьер Абеляр и Агорд из Лион. Толеранттылық біраз уақыт көлеңкеге кетіп, Қайта Өркендеу дәуірінде жаңа күшпен пайда болады. Яғни, толеранттылық философиялық мен құқықтық негіз алып, ғылымилыққа бастау алып толыққанды қалыптаса бастайды.

Қайта Өркендеу дәуірі сенім, наным сұрақтары бойынша да бостандық кезеңі болды. 1453 жылы философ әрі богослов Николай Кузанский «О согласии вер» трактатын жазады, онда барлық діндерде негізгі ұстанымдар тұтастығын сендіре көрсетеді. Реформация кезеңінде қарсы тұрушылық күшейді, протестанттар мен католиктердің діни фанатизмі мыңдаған адамдардың өліміне әкелді.

16 ғасырда Франция да «Толеранттылық» түсінігі пайда болады, 1598 жылы Нантский эдикт уақытынан бастап, төзімділік туралы көптеген заңдардың шығуы және француз протестанттары - гугеноттары діни өмірдің бостандықта көрінуіне құқық пен жол берді.

Оның көрінуі діни соғыстардың дәуірімен негізделген, онда католиктер мен протестанттардың амалсыз келісімге келуі, ымыраның көрінуіне ықпал етті. Көптеген ғасырлар бойы созылған қанды діни соғысты тоқтату үшін осындай қабылданған шешім қоғамның құтқарушы әрекеті болды.

Жаңа заманда төзімділік әлеуметтік реңк береді және қандай да бір мәдени дәстүрдің өмір сүруімен байланыстырды. (Дж. Бруно, П. Бейль, М. Монтень).

Дж. Локктың толеранттылық ойларын жүзеге асыруда үлесі ерекше болды. Өзінің «Послание о веротерпимости» пен «Опыт веротерпимости» атты екі еңбегінде Джон Локк төзімділіктің маңызды ойларын толық және көлемді біріктірді. Д.Локк (1632-1704) өзінің «Опыт о веротерпимости» (1667ж) еңбегінде толеранттыққа шексіз құқық береді. Толеранттықтың апологеттік дәстүрі - билеушінің діни істерге араласу құқығының болмауы. Тұлғаның рухани ізденісіне қол сұғу, өзге дінді мойындауға мәжбүрлеу дұрыс емес. Бұл билік өкілі үшін оны ақырында жеңіліске ұшырататын ең тиімсіз жол. Д.Локк «Послание в веротерпимости» еңбегінде: «Адамның рухани сенімін өзгерту үшін көңіліне сәуле түсіру керек, ол ешқашанда дене жарақаты арқылы мойындалмайды», -дейді.

Сөйтіп, ол басқаша ойлайтын бытыраңқы секталарға қатысты толеранттыққа жол беруге болады, ал олардың езушіні тайдыру ниетімен бірігуіне жол бермеу керек деген пікір айтады. Д. Локк сенімдері мемлекет құрылымын шайқалтатындай ой-пікірлері бар адамдарға қатысты мәжбүрлеуді ақтайтынын атап көрсетеді.

Толеранттылық тақырыбы француз публицисті және философы П.Бейль (1647-1706 ж.ж.) еңбектерінде де көрініс тапты. Оның пікірінше, адамдардың табиғи үйлесімсіздігі өз кезеңінде пікірлердің әртүрлілігіне әкеліп соқтырады: «Қабылдау мүшелері бірдей болғанымен әр адам бірнәрсені түрліше таниды, олардың тәрбиесі бірдей емес, қалған жағдайларда да осылай әрекет етеді».

П. Бейльде ұят еркіндігі және оның мемлекет билігіне бағынбайтындығы туралы талап Д. Локккқа қарағанда жоғары. Толеранттылық оның шығармаларында догматикалық билікке қарсы құрал ретінде көрінеді және билікті ұстап тұрудың басты қаруы өрескел қарсылықты жоюға бағытталған. Ол философтардың толеранттылық жөніндегі пікірталасы діни негізде жүргенімен, діни ұстанымның астарында мемлекет мүддесі жатқандығын жақсы түсіне білді. Билеуші өз билігін шіркеудің әмбебаптығына сүйене отырып, ғайбаттау, жалған сөйлеу, жер аудару, өлім жазасына кесу секілді жаман құралдар арқылы жүргізді. Сөйте тұра, ол жасап отырғандарының барлығының дінді насихаттау барысындағы дұрыстығына, заңдылығына өзі сене білді немесе сондай түр жасады [3].

Философ «мен» және «басқа» арасындағы қарама-қарсылықты драмалықпен сипаттайды. Француз жазушысы және философ Мишель де Монтеньнің қарама-қарсы ойлары өмір сүрудің екі тәсілінің арасында: адамдар арасындағы өмір мен өзін оқшаулау арасында арпалысады. Ал шындық өмірде барлық адамгершілікке жат әрекеттер аяныш сезімдеріне белсенді қарсылық көрсетіп отырғандығын ол ашына жазды.

Біртіндеп толеранттылық мәселесі теология аймағынан әлеуметтік философияға ығыстырылады. Танымал ойшылдар төзімділіктің болу қоғамның толықтай дамуы және адамның тұлға ретінде дамуы үшін қажетілігін дәлелдеуге тырысты. Бұл ойларды Жан-Жак Руссо өзінің «Теории Общественного договора» атты еңбегінде және Ш. Монтескье «Персидских письмах», «О духе законов» атты еңбектерінде дамытты. Франсуа Мари Аруэ Вольтер толеранттылық мәселесін бірнеше туындыларында қарастырды: «Философские письма» (1734), «Философский словарь» (1766), «Трактат о веротерпимости» (1763), «Вопросы по энциклопедии» (1772).

18 ғасырдағы француз жазушысы және философы Вольтер: «... сіздің пікіріңіз маған жат, бірақ сізге оны жақтау үшін мен өмірімді құрбан етуге дайынмын», – деген. Ол – толеранттылықтың басты қағидаты. Бұл адамдар арасында өзара сыйластықты, мейірбандықты білдіреді. Сондықтан, толеранттылық екі жақты сана: мемлекеттер, діндер, этностар, жеке адамдардың бір-біріне шапағат жасай білуі.

Вольтерде толеранттылық бір жағынан барлық демократиялық бостандықтың негізі, ал басқа жағынан «Не делай другому того, что ты не желаешь, чтобы делали тебе» деген адамгершіліктің алтын қағидасының нәтижесі ретінде қарастырады.

Танымал философ педагог И.Кант (1724-1804) көптеген еңбектері толеранттық проблемасына арналған. Оның этикалық тұжырымдамасында алғаш рет «төзімділікті» «толеранттылықпен» байланыстырады. Төзімділікті жалпы адамзаттың парызына жатқызады, егер өзіне ұнамаған дүниелерге адам төзетін болса онда ол адам төзімді болып саналатынын және төзімділікті өшпенділікке қарама-қайшы деп айтқан. Ол толеранттық проблемасын адамның ішкі «мені» тұрғысынан қарастырған. Неміс ойшылы «Идея всеобщей истории во всемирно-гражданском плане» (1784) еңбегінде толеранттылықтың «Өзгеге» қатыстылығы мәселесіне пайымдаулар жасайды. И. Канттың пікірінше, адамда екі жақты бейімділік болады: бірі - өзі сияқтылармен пікірлесу мүддесі, екіншісі – оқшауланға тырысу. Бұл жағдайда адамның өз туыстарымен сыйласудан басқа амалы қалмайды. Басқаша айтсақ, адам өзінің басқаларға деген табиғи шыдамсыздығын жеңе алады, қоғамда құндылықтарға ие болып, өз орнын табады.

18 ғасырдағы Ағартушылық дәуіріндегі Франциядағы революция «Адам және азамат құқықтарының Декларациясының» дүниеге келуіне ықпал етті.

Вольтер өмірден кеткеніне 11 жыл өткеннен кейін 1789 жылы 26 тамызда құрылтай жиналысы қабылдаған «Адам және азамат құқықтарының Декларациясынан» көрініс тапты. Бүкіл әлемге ойлар мен сөздің еркінділігін паш етіп, Вольтердің табандылықпен қалаған ойы танылды. Ұлы Француз революцияның нәтижесі тек азаматтық еркіндікті жариялау ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің жаңа типінің «национальное» дүниеге келуіне ықпал етті. Бұл төзімділік идеяларының екі жүз жылдықта ары қарай дамуын анықтап, ұлттық төзімділік идеясын плюрализм, еркінділік идеялардың жалпы жиынтығынан бөліп алып, алғаш ұлттық сипаттылық берді. Ғалымдардың айтуынша, ұлттық сұрақ 19 ғасырда қалыптасып және қойылған деген. Осылайша өзбеттілік тарихына құқығы бар, халықта тұлғаның адамгершілік пен еркінділігін мойындайтын. Сонымен толеранттылық Батыс Европаның рухани өмірінің құбылыс ретінде оның буржуазиялық өзгертілген нәтижесінде бекітілді.

Чех педагогы Ян Амос Коменский толеранттылыққа көңіл бөліп, ешкім басқа біреуге өзінің принциптерін міндеттемеу керек және әркімге өзінің ісімен айналысуға еркін құқық беру керек деген. Оның ойынша ортақ ақиқаттылыққа барлығы келу үшін барлығы келісімге ұмтылу керек және әркім өзінше оны нығайту керек [4].

Голландиялық философ Бенедикт Спиноза өзінің трактаттарында сенім-наным сұрақтарында иудейлік консерватизм мен догматиканың жалғандығын ашуға талпыныс жасады. Ол «Богословско-политический трактат» атты еңбегінде еркін мемлекетте әрбір азамат калай ойлайды, солай ойлай алады, не ойласа соны айта алады деген.

Толеранттылық идеяларының мәселе жиынтығы неміс философиясындағы Л. А. Фейербах (1804-1872) еңбектерінде қарастырылады. Оның ойынша, адамның мәні адамда туғаннан бастап болмайды. Керісінше басқа адамдармен қарым-қатынаста құрылып, қалыптасады деген. Жеке адам - «Ойлаушы ретінде емес, моральдық мәні ретінде емес өзінде адамдық мәні де қамтылмаған бірдеме оқшауланған ретінде» - деді ол. Адамның мәні Мен және Сен арасындағы шынайылыққа негізделген тұтастыққа, адаммен адам тұтастығында, қарым-қатынаста болады. Орыс ойшылдарының тарихында толеранттылық сипаттамасына балама ретінде төзімділік түсінігі жиі қолданылды. 19 ғасырдың екінші жартысында төзімділік мәселесінің зерттелуіне аса үлес қосқан орыс философы В.С. Соловьев болды. Ол «төзімділік» пен «төзу» түсініктерін ажыратады. Біріншісінде В.С. Соловьев жан қасиеттерінің оның әрекетте көрінуін кең пейілділік деп аталады, ал кейде – рухани батырлық.

В.С. Соловьев бойынша төзімділікті адамның ішкі мотивтеріне байланысты, ол басқалардың мінезіне кең пейілділік, құрметтілік және басқаға бостандық берумен анықталады деген ойды айтты. Орыс мәдениетінің тарихында революциядан кейін толеранттық идеяларына аса қызығушылық танытқан жоқ. Революциядан кейінгі сөздіктерде толеранттылық сөзі сирек кездеседі [5].

«Үлкен кеңес энциклопедиялық сөздік» сөздігінің 3-ші басылымында толеранттылық түсінігі тек арнайы медициналық термин ретінде енгізілді. Толеранттылық түсінігі 90-жылдардан бастап және соңғы уақытта ғылыми әдебиеттерде белсенді қолданылуда [6].

20 ғасыр әлемге көптеген саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер әкелгенмен, зорлық-зомбылықтың әртүрлі формалары мен интолеранттылықтың белгілері жиі көріне бастады. Азамзат алдында зорлық-зомбылық, лаңкестік, нәсілшілдік пен ұлтшылдық алға шықты. Әсіресе діндер және ұлттар арасындағы қақтығыстар әлемді мазалады.

Сонымен толеранттылық түсінігінің шығу тарихына назар аударсақ әр дәуірде бұл мәселенің әртүрлі түсіндірілгенін байқауға болады. Толеранттылық ғасырлар бойы қоғамдық және діни біліктің, дін мен секталардың, дінге сенушілер мен атеистердің өзара қарым-қатынасының қағидасы ретінде түсіндіріліп келді.

Антикалық кезең толеранттылықты танудың екі жолын көрсетеді. Біріншісі діни тәжірибенің, философиялық және саяси плюрализмнің көп түрлі формаларынан көрінсе, екіншісі ұлтты алалаушылық пен сенім үшін шеттетудің жоқтығынан көрінеді. Орта ғасыр философтары үшін негізгі мәселе сенім шыдамдылығы мен көнбістік болды.

XYII–XYIII ғғ. толеранттылық негізінен саяси унитаризм тұрғысынан қарастырылды және діндер, ұлттар, әлеуметтік топтар арасындағы татулық пен келісімнің негізін салушы компонент, яғни жалпыға ортақ құндылық деп танылды. XIX ғасырда толеранттылық адамның ішкі «мені» мен оның басқаға қарым-қатынасы тұрғысында сипатталды. XX ғ. Басындағы отандық философияда толеранттылық тұрмыстық диалог ретінде сипатталды [7].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Вагабова Н.М. Этническая толерантность в поликультурном обществе: автореф. дис... кан. фил. наук. – М., 1987.
2. Головатая Л.В. Толерантность как проблема философии образования: автореф. дис... фил. наук. - М., 2006.
3. Третьякова А.Н. Формирование толерантности у студентов, специализирующихся в сфере сервиса и туризма, как профессионально значимого качества личности. дис. псих. наук.- М., 2009.
4. Клепцова Е.Ю. Психология и педагогика толерантности. Учебн. пособие для вузов. - М.: Академический проект, 2004.
5. Асмолов А. Г. Толерантность: различные парадигмы анализа. - М., 1998.
6. Үлкен кеңес энциклопедиясы «Совет энциклопедиясы» (қазір «Үлкен Ресейлік энциклопедия» баспа үйі). 1979-2001.
7. Абсатова М.А., Еслакова А.И., Адасканова Ж.Қ. Толеранттылық мәселесінің дамуына тарихи шолу // Педагогика және психология, 2013. -№2. - Б. 75-79.

УДК 159.9

КОПИНГ - СТРАТЕГИЯНЫҢ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДА ҚАРАСТЫРЫЛУЫ

Байтемирова К.Б.

Автор туралы мәліметтер. Байтемирова Каракат Берикхановна - аға оқытушы, «Педагогика және психология» магистрі ҚАЕУ.

Аннотация. Бұл мақалада копинг - стратегияның психология ғылымында қарастырылуы, стратегия классификациясы, копинг-стратегияның мазмұны сипатталып жазылған. Мақалада классикалық және қазіргі отандық және шетел әдебиетінің негізінде мінез-құлық копинг-стратегиялары ұғымы қарастырылып, копингті түсінудің тұрғыларына талдау жасалған. Копинг-бұл жағдаяттың өз логикасына, психологиялық мүмкіндіктеріне және оның адам өміріндегі маңызының өзара әрекеттестігіне сәйкес қолданылатын жеке даралық тәсіл екендігі және копинг-ресурстардың күйзелістерге бейімделуді қамтамасыз ететіні теориялық тұрғыда негізделген. Теориялық мәліметтерді талдау барысында болып жатқан жағдайдың белгісіздігі адам үшін шынайы жағдаяттық көрініс болуы мүмкін екендігі анықталды, өйткені адамның осы типтес өмірлік жағдаяттардың шешімін табуда тәжірибесінің жоқтығы және дағдыларының болмауы оның тұлғалық ерекшеліктерімен субъективті түрде байланысты болады.

Түйін сөздер. Копинг, копинг-стратегия, стресс, эмоция.

Сведения об авторе. Байтемирова Каракат Берикхановна – магистр психологии, старший преподаватель Казахстанско-Американского свободного университета.

Аннотация. Статья посвящена изучению особенностей проявления копинг – поведения, рассмотрены проблема копинг-стратегий, проблема психологических защитных механизмов в в психологии личности. Даются основные подходы к толкованию понятия «coping», классификация и характеристика копинг-стратегий. Широко рассмотрены и предоставлены идеи ученых. В статье на основе анализа классической и современной зарубежной и отечественной литературы рассмотрено понятие копинг-стратегий поведения, проанализированы подходы к пониманию копинга. Теоретически обосновано, что копинг – это индивидуальный способ взаимодействия с ситуацией

согласно ее собственной логике, психологическими возможностями и ее значимостью в человеческой жизни, что уровень развития копинг-ресурсов обеспечивает успешность адаптации к стрессам. Из анализа теоретических данных установлено, что неопределенность события для человека может являться следствием как объективно заданных параметров ситуации, так и его субъективной интерпретации, которая связана с личностными особенностями человека, отсутствием опыта или навыков в решении проблем данного типа жизненных событий.

Ключевые слова. Копинг, копинг-стратегия, стресс, эмоция.

About the author. Baitimirova Karakat - master of psychology, senior lecturer of the Kazakh-American Free University.

Annotation. The article is devoted to the study of the peculiarities of the manifestation of the coping behavior, the problem of coping strategies, the problem of psychological defense mechanisms in the psychology of the individual. The author presents basic approaches to the interpretation of the concept of "coping" and gives classification and characterization of coping strategies. Then the auther considers and analyzes the ideas of different researchers. Based on the analysis of classical and contemporary foreign and domestic literature, the article presents the concept of coping strategies of behavior and approaches to understanding of coping. It is theoretically justified that coping is an individual way of dealing with the situation according to its own logic, psychological capabilities and its significance in human life, that the level of development of coping resources ensures the success of adaptation to stress. From the analysis of theoretical data it is established that the uncertainty of an event for a person can be a consequence of both objectively specified parameters of a situation and its subjective interpretation that is related to the personal traits of a person, the lack of experience or skills in solving problems of this type of life events.

Key words. Coping, coping strategy, stress, emotion.

Копинг-стратегия (ағылшын тілінен аударғанда to cope with-қандай да бір жағдайды басқара білу, жеңе алу, шығу жолын таба білу қабілеті) –адамның өмірлік қиын жағдайлардан шығудың қажетті тәсілін қолдану болып табылады. «Копинг» түсінігі (ағылшын тілінде coping) бала дамуының дағдарыстарын зерттеуде алғаш рет психологиялық әдебиеттерде 1962 жылы пайда болды. 4 жыл өткеннен кейін 1966 жылы Р. Лазарус өзінің «Психологиялық стресс және оны игеру үрдісі» атты еңбегінде «копинг» түсінігін әртүрлі жағдайлар негізінде қалыптасқан стресстерді жеңу үшін саналы түрде қолданылатын тәсіл деп сипаттама берген. Ол копингті «адамның шамадан тыс ресурсы ретінде бағаланатын ішкі немесе сыртқы спецификалық талаптармен күресудегі когнитивті және мінез-құлықтық аумақта жүретін үзіліссіз өзгермелі қадам» ретінде қарастырды [1].

Копинг түсінігінің мазмұны қоршаған орта мен адамның өзара әрекеттесуі жағдайындағы талаппен сәйкестену үшін, индивидпен қабылданатын когнитивті және мінез-құлықтық күш болып қалды. Индивид стресстік жағдайға ырықты және ырықсыз түрде әсер ете алады. Ырықсыз реакциялар – саналы бақылауды талап етпейтін, бірнеше рет қайталанған және нәтижелі, оңтайлы меңгеру арқылы үйренген, сондай-ақ темпераменттегі жеке дара айырмашылықпен шартталған [2].

Адамдар әдетте стрессті жеңудің 3 түрін қолданады:

1. Бағалауға бағытталу.
2. Мәселеге бағытталу.
3. Эмоцияға бағытталу.

Белгілі бір жағдайларда бағалауға бағытталуда индивид, мысалы; мәселелерде қандай да бір сұрақтарда өзінің пікірін өзгерту арқылы шығады. Адам өздерінің пікірін құндылықтар мен мақсаттарды өзгерту арқылы, мысалы юмор сезімі арқылы жағдайдан шығудың жолын табады. Мәселеге бағытталу осы туындаған мәселенің себебін анықтау үшін қолданылады. Ол үшін жаңа дағдыларды игеру мен ақпаратты іздеу маңызды. Эмоцияға бағытталу – эмоцияны ұстай білу, жағымсыз сезімдерді бақылай алу, сондай-ақ рахаттану мен босаңсудың тәсілдерін тұрақты қолдану. Адамдар осы 3 тәсілді уақыт көлемінде меңгеру механизмдерін түрліше қолданады. Ер адамдар көбінесе мәселеге бағытталса, әйел адамдар эмоцияға бағытталуды жөн көреді. Мәселеге бағытталуға негізделген меңгеру механизмі мәселеден үлкен бақылау алуға мүмкіндік береді, ал эмоцияға бағытталу бақылаудың жартылай төмендеуіне әкеледі [3].

Копинг-стратегия және қорғаныс механизмі тұлғада әр түрлі психологиялық дәстүрлер шекарасында дамыды, олардың арасындағы айырмашылық пен өзара байланыс мәселесі өте маңызды болып табылады. Жоғарыда аталғандай осы жағдайда копингтер саналы және ырықты әрекет ретінде анықталады және копингтен қорғаныс механизмдерінің айырмашылығы – ол саналылық. Көптеген анықтамаларда айырмашылықтар әр түрлі сипатталады. П. Крамер қорғаныс механизмі мен копинг- стратегиясының айырмашылығын көрсететін екі негізгі критерийді бөліп көрсетеді: Саналы (бейсана); Ырықты (ырықсыз).

Осы критерийлердің талдануы нәтижесінде тағы бір критерий ұсынылды: жағдайды қайта қарау (бұрмалануға бағыттылық). Бұрмалану негативті эмоциялардан қашу мақсатында саналанбаған ниеттерден туындаған ұстанымдарды көздейді. Жағдайды қайта қарау – шынайылықты нақты бейнелеу мақсатында, яғни «эпистемикалық нақтылық» мақсатына бағынатын және саналы ниеттерді кері қайтару арқылы туындаған ұстанымдардың өзгеруі. Копинг-стратегияны қолдана отырып адам белгілі бір елестетуді бұрмалайды немесе терістейді. (мысалы: «мен жолы болмайтын адаммын»), егер керекті дәлелдермен ғылыми тұрғыда тексерілетін болса, бұл сипаттама жалған, сондай-ақ дәлелдеуге негізсіз. Копинг-стратегияда адам қателесуі мүмкін, бір жағынан оның іс-әрекеті шынайылыққа жақындау мақсатында басқарылады. Бұл жағдайда мәселе шешімін табатын немесе шешімін таппайтын болса да, мәселе ретінде мойындалады [4].

Қорғаныс механизмінде адам шынайылықты «тексермейді», теріс эмоцияларды ығыстыру мақсатында оған тәуелсіз өз жағдайын өзгертеді. Осы көзқараспен келіссек, эмоцияға бағдарланған копинг бірыңғай түсінік емес. Бір жағынан негативті эмоцияларды азайту, мәселені шешу немесе мәселемен байланысты феномендерді өзіне қосады. Оған: классикалық қорғаныс механизмдері қатысты–терістеу, басу, рационализация т.с.с. Басқа қырынан алып қарағанда, оған мәселені қабылдау және сонымен байланысты эмоцияларға бағытталған копинг-стратегияның өзі жатады.

Анағұрлым жіктелген, әдістемелік жағынан ұқсас ықпал Р.И. Абитовтың жұмыстарында ұсынылған, мұнда мақсат ерекшелігі ретінде (бейімделу, жағдайдың ыңғайлылығы) келесі салыстыру параметрлері бөлінеді: бейімделу сипаты (белсенді, енжар), саналану деңгейі (жағдайдың саналанған өзгерісі – қысымға санасыз әсер ету), түзету мүмкіндігі (үйрету, саналау). Копинг-стратегия мен қорғаныс механизмдерінің қатынасының мәселесін Дж. Вэйллант ұсынды. Оның көзқарасы бойынша кең түсінікте копинг-стратегияның үш класын бөліп қарастырады.

Стратегияның бірінші тобына басқа адамдардан қолдау немесе көмек алумен байланысты әлеуметтік қолдауды іздеу.

Екінші топқа Р. Лазарус пен С. Фолкманның дәстүрлі түсінігіндегі копинг-стратегия кіреді, және адамның өмірлік қиын жағдайда қолданатын саналанған когнитивті стратегиясы қатысты болып табылады.

Үшінші топқа стрессті төмендету мақсатында ішкі және сыртқы шынайылықты қабылдауды өзгертетін ырықсыз психикалық механизмдер жатады, яғни бұл жерде стресс жайлы жалпы ақпарат Г. Селье бойынша стресс анықтамасы былай: стресс бұл кез келген сыртқы талаптарға ағзаның бейспецификалық реакциясы.

Стресс – организмнің күшті әсерлерге реакциясы, ол өз табиғаты бойынша стресстік жауап – зақымдаушы факторлар әсер еткенде организмнің тұрақтылыққы (резистентікке) жету әдісі. Сонымен қалыпты дені сау организмде қолайсыз факторлармен күресуге бағытталған механизм бар. Сол қолайсыз фактор әсерінен организм өліп кетуі де мүмкін. Бұл механизм – стресс-реакция немесе жалпы бейімдеу синдромы деп аталады [5].

Стрессорлар дегеніміз стресс реакциясын тудыратын сыртқы және ішкі ортаның барлық факторлары, оған мыналар жатады:

1. Қоршаған ортаның зиянды күшейткіштері (физикалық және химиялық, факторлар).

2. Ағзадағы инфекциямен (жұқпалы аурулар) қоса әр түрлі аурулардағы физиоло-

гиялық процестердің бұзылуы.

3. Уақыт жетіспеген жағдайда жұмыс істеу, ақпаратты жылдам өңдеудің қажеттілігі.

4. Өзінің және басқаның өміріне қауіп төнген уақытта жұмыс атқару.

5. Тіршілікке қауіптілікті сезіну.

6. Үйреншікті өмір салтынан айырылу, бөлініп шығу.

7. Жеке басына топтық қысым көрсету, қуғындау.

8. Оқиғаны бақылау мүмкіндігінің болмауы.

9. Өмірде мақсаттың болмауы.

Сыртқы әсерлердің (тітіркендіргіштің) болмауы (сенсорлы депривация).

Стресс түрі бойынша жедел және созылмалы деп бөлінеді. Жедел түрі кезінде қорғаныс механизмі тітіркендіргіш әсер еткенде стрессор қысқа уақытқа созылады. Созылмалы кезінде күйзеліс туғызушылар ұзақ әсер етеді. Сондықтан оған реакция және қорғаныс механизмінің өзіндік ерекшелігі бар.

Сонымен қатар стресстерді физикалық (физикалық, химиялық, биологиялық фактор әсер еткенде) және эмоциялық (теріс эмоцияны тудыратын психологиялық фаторлар) деп те бөлінеді. Стресстің белгілері стресске әлеуметтік жағдайға және қызмет түріне байланыссыз барлық адамдар ұшырайды. Осыдан Дж. Вэйллант «психикалық механизмдердің» ішінен қорғаныстың бейімделгіштігі жоғары деңгейін бөледі, мұнда антиципация, альтруизм, басу және сублимация. Бұл бейімделгіштік механизмдері біріншіден адамның қанағаттануы көзқарасымен анағұрлым эффективті, екіншіден елестету және оның салдары, өз сезімдерін саналау мүмкіндігін болжайды.

Көптеген жағдайларды нәтижеге негізгі ықпал жасауда копинг-стратегияның алғашқы екі тобы әсер етеді, копинг-стратегияның үшінші тобы үш негізгі қасиетке ие: олар өзгеруі мүмкін емес және шынайы өмірде өзгерісті туындатуы мүмкін жағдайларды реттеуге мүмкіндік беретін әлеуметтік мүдде мен білімге тәуелді емес. Бейімделгіштік механизмін қолдану денсаулық жағдайының нашарлауымен байланысты ғана емес, сонымен қатар субъективті денсаулықтың кепілі (30 жасқа дейін денсаулық жағдайын алғаш бағалаудан кейін) [6].

М. Мак Край мен П. Кост зерттеулерінде меңгерудің анағұрлым эффективті стратегиясын қолдану тұлғалық өзгерістерге ықпал етуді бақылауда төмендетілген жағдайда да бақыт сезімін бастан кешірумен және өмірге қанағаттанумен байланысты стратегияның қайсысы болса да, эффективтілігі таңдау тобындағы барлық қатысушылармен бірдей орташа бағаланды. Зерттелушілер мәселені шешу үшін анағұрлым эффективті деп сенім, қолдау іздеу, рационалды әрекет, сезімдерді көрсету, бейімделу және юмор; «әрекеттену» үшін эффективтілігі төмен болып бағаланған стратегиялар: дұшпандық, шешім қабылдай алмаушылық, фантазиядан кету; стрессті субъективті төмендетуге юмор, қолдау іздеу, стресс нәтижесінде өзін - өзі жетілдіру, сенім деп сипаттады. Керісінше, стрессті күшейту жаулық (дұшпандық), шешім қабылдай алмау, өзін-өзі кінәлауды белгіледі.

Эмоцияға копинг-стратегия ретінде күлкінің ықпалын терең зерттеуді Н.Куйпер мен Р. Мартин жүргізді. Олар стресстің жоғарғы деңгейін сирек күлетін адамдарда кездесетін негативті аффекттің басымдылығымен байланысты деп анықтама берді. Көп күлетін адамдардың өмірлік стрессінің күшеюі негативті аффекттің өсуіне әкелмейді. Осыдан басқа, көп күлетін ер адамдарда стресстің күшеюі позитивті аффекттің туындауына негіз болған. Стрессордың деңгейі мен юморы эмоционалды күйінудің алғышартына тәуелсіз болып шықты. Демек, адамда неғұрлым юмор сезімі дамыса, соғұрлым ол стресстік жағдайда эмоционалды күйінуге бейім. Юмор мен күнделікті стресстің деңгейінің өзара әрекеттесуі зерттелінушідегі соматикалық симптомдардың санын анықтауға негіз болады.

Қысым немесе қиын жағдайдағы психологиялық игіліктенудің маңызды алғышартының сапасы копинг-стратегияның екі типімен қарастырылады – мәселеге бағытталған, яғни мәселені белсенді шешуге ұмтылу, және қашқақтау, бұл мәселелі жағдайдан қашу, ушықтыру, кету. Біріншісі екіншісінен қарағанда үлкен көлемде стрессордың психологи-

ялық денсаулығы мен сәтті бейімделуіне байланысты. Осыдан басқа қашқақтау копингі есірткі қолдану мен маскүнемдікке тәуекелділіктің маңызды факторы болып табылады. Дистрессті төмендету мен психологиялық игіліктенудің маңызды факторы копинг-стратегиясының әртүрлілігі. Копинг-стратегияның әр түрлілігінде, әртүрлі емес копинг қолданатын зерттелушілер де стресстің сол бір деңгейіне алаңдайды.

Дегенмен олардың психологиялық игіліктен жоғары болады. С.Ченг және М.Чеунг копинг-стратегияның икемділігінің критерийін болжайды: олардың болжамы бойынша адамдардың стресспен күресе алу, стрессті жеңе білу қабілетінің анағұрлым эффективті болуы әртүрлі туындаған жағдайға байланысты болады (басқарылатын және басқарылмайтын), сонымен қатар адамның жағдайға сай копинг-стратегияны қолдануына байланысты деген [4].

Копинг-стратегия және іс-әрекет эффективтілігі. Бірқатар зерттеулердің көрсетуі бойынша сәтсіз және сәтті спортшылар, студенттер, оқушылар іс-әрекет түріне сәйкес қиын жағдайларды әр түрлі шешеді. Үшінші сыныпта қолдау алу және іздеу үш жыл бойында баланың мектептегі сәттілігін шарттайды, сонымен қатар сары уайымға салынуды төмендетіп және әлеуметтік құзіреттілікті жоғарылатады. Е.А. Шепелева зерттеулерінде оқудағы қиындықпен белсенді күресу стратегиясы (және субъективті мектептегі игіліктен) оқу үлгерімімен байланысты, ал эффективтілігі төмен копинг-стратегия әрекетсіздік және бір іс-әрекеттен екіншіге ауысу – негативтілік ретінде сипатталады.

Басқа қырынан алып қарағанда қатарластарымен қарым-қатынастағы қиын жағдайды шешуге қолданылатын өнімді копинг-стратегия әлеуметтенудің сәттілігімен байланысты; конструктивті копинг-стратегияны қолданатын жеткіншектерді қатарластары адекватты қабылдайды. Т.О. Гордеев пен Е.А. Шепелев Ресей жеткіншектеріндегі оқудағы сәттілік пен копинг-стратегиямен байланысты мінездің анықталған гендерлік спецификасын анықтаған.

Қыздарда қиындықтарды шешу стратегиясы академиялық үлгірмеушіліктің алғышарты, ал ер балаларда қиындықтармен белсенді күресу стратегиясын қолдану оқу үлгерімімен байланысты емес, осыдан барып оның негативті алғышарты «жанама іс-әрекет» стратегиясы болып табылады деп көрсетеді. С. Браун және оның әріптестерінің кәсіби іс-әрекетінің материалында копинг-стратегия іс-әрекет нәтижелілігіне эмоцияның негативті ықпал етуінің модераторы болып табылады. Көбінесе басқа адамдарға негативті эмоцияны шығару, негативті эмоциялардың жағымсыз әсерін күшейтеді. Өзін-өзі бақылау стратегиясы екі жақты әсерге ие. Бір жағынан, негативті эмоцияда негативті эффектті төмендетті, екінші жағынан, іс-әрекет нәтижесіне негативті әсерін тигізді. Мәселеге тұрақталу іс-әрекет нәтижелілігіне позитивті ықпал етеді.

Копинг теориясы: үрдіс-копингісі, мінез-құлық копингісі, копинг-стратегия.

Копинг – бәрінен бұрын адамның стресс кезеңіндегі психоәлеуметтік бейімделуіне индивидумның қолдау көрсетуінің тәсілі. Ол өзіне стрессті күшейтетін жағдайды әлсірету немесе азайту үшін құрастырылатын когнитивті, эмоционалды, мінез-құлықты өзіне қосып алады. Р. Лазарус бойынша копинг-индивидтің мәселені шешуге ұмтылысы, егер қоршаған орта талабы, оның өзін-өзі жақсы сезінуі үшін маңызды болса (мәселен, қауіппен байланысты, сонымен қатар үлкен сәттілікке бағытталған жағдайлар), осы талаптар индивидтің бейімделуге мүмкіндігін белсендендіреді. Осы негізде, копинг мінез-құлық талаптарды қанағаттандыратын ресурстар мен қоршаған орта талаптары арасындағы балансты сақтау немесе қолдау бойынша тұлғаның іс-әрекеті. Бұл тәсіл индивидуумның стресске алаңдаушылығы немесе стресске жауап қайтаруы болып табылады [5].

Вебер мінез-құлық копингісін психологиялық алдын ала қалыптасуы жағдайға адамды барынша, мүмкіндігінше бейімдеу, меңгеру тәсілдерін игеруге көмектесу, талапты жеңілдетуден тұрады деп көрсетеді.

Копингтің міндеті - адамның әлеуметтік қарым-қатынасқа қанағаттануы, психикалық және физикалық денсаулығының игіліктенуін қолдау. Тәжірибелік тұрғыда копинг бейімделу үшін индивидуумен қолданылатын стратегия ретінде түсіндіріледі.

Копингті түсінудің негізгі ұғымы – осы үрдісті анықтайтын анықтамалар мен тұ-

жырымдарды іздеу.

Копинг түсінігін үш тұрғыда бөлуге болады. Біріншіден, копингтің бұл анықтамасы тұлғаның қасиеті ретінде қарастырылады, яғни стресстік жағдайға жауап беру үшін тұрақты алғышарт болып табылады. Екіншіден, «копинг» күйзелісті түсіру, төмендету үшін психологиялық қорғаныс тәсілі ретінде, үшіншіден «копинг» индивидуум үшін қиын жағдайды басқаруға бағытталған, динамикалық үрдіс ретінде қарастырылады.

Мінез-құлық копингісі анағұрлым үлкен немесе неғұрлым сәттілігі төмен бейімделуде жетекші және физикалық, тұлғалық, әлеуметтік игіліктенудің адам үшін психологиялық қысым ретінде қабылданатын, әрекеттер стратегиясы ретінде қарастырамыз. Копингтің қызметі стрессті туындату. Стресстік реакцияның күші Р. Лазарус бойынша стрессор сапасын ғана емес, адам үшін жағдайдың маңыздылығын анықтайды. Адам игілігіндегі мұндай психологиялық қысым, науқастың (пациент) арқа жарақатына әкелетін жағдай [6].

«Стресс» ұғымы білім аумағында кең қолданылады, сол үшін оған сондай жағдайдың туындауына себеп әртүрлі көзқарастардан туған мағыналар, оның даму механизмін, пайда болу ерекшелігі және нәтижесі жинақталады. Ол туғаннан бастап сыртқы ортаның төтенше әсері және пайда болуы, қақтығыс, күрделі және жауапты тапсырма, қауіпті жағдаятпен байланысты үлкен сұрақтардан құралады. Стресстің аспектісін психология, физиология, медицина, әлеуметтану пәндері және басқа да ғылымдар аумағындағы зерттеулер жатады. Бұл түсініктің мазмұнына көп көңіл бөлінуі және ары қарайғы мазмұнды жиі қолданылып жүрген оның түсініктемесі болады. Осы күнге дейінгі әдебиеттерде стресс, дистресс, қысым, мазасыздық, эмоциялық стресс түсініктері нақты шектелмейді, бұдан басқа не үйренуді қиындатады бұның өзі қиын мәселе болып табылады.

Стресс психикалық күй ретінде адамның өмірге келуімен және эмоциялық пайда болуымен байланысты, бірақ ол тек қана эмоциялық феноменді көрсетпейді, сонымен қатар тұлғаның мотивациялық, когнитивті, еркін, мінездік және тағы басқа компоненттерін бейнелейді. Сол үшін стресс феномені арнайы психологиялық оқуды талап етеді.

Стресс физикалық жағдайдың реакциясы ғана емес, сонымен қатар қоршаған орта мен тұлғаның өзара әсер ету ерекшелігі болып табылады. Бұл біздің когнитивті үдерістің жоғарғы дәрежесі, айталық ойлауы және жағдаяттық бағасы, өзіндік білімі, басқару тәсіліндегі білім алу дәрежесі және олардың адекватты таңдаудағы жүріс-тұрыс стратегиясы. Бұл дегеніміз бір адамдағы стресстің (дистресс) пайда болу сипаты мен туындау шарты міндетті түрде басқа адам да, сол сияқты болуы мүмкін емес деген түсінік.

Стресті зерттеудің дамуы жалпы биологиялық, физиологиялық, психологиялық көзқарастардағы стрестік күйдің мәнін, даму себептерін, реттеу механизмдерінің ерекшеліктері жайлы жаңа тұжырымдамалардың, теориялардың, модельдердің қалыптасуымен жүреді [7].

Г.Н. Кассиль, М.Н. Русалова, Л.А. Китаев-Смык және басқа кейбір зерттеушілер эмоционалдық стресс ұғымы ретінде мамандандырылмаған биохимиялық, электрофизиологиялық көрсеткіштер және басқа да көрсеткіштер, психикалық және мінез – құлықты көрінулер ретінде түсіндіріледі.

«Стресс» терминімен басқа да қысым, қауіп сияқты ұғымдар байланысты. Ч.Д. Спилбергердің пікірі бойынша индивидтің нақты қоздырғышты немесе жағдайды өзіне актуалды жеңіл түрде немесе қауіп-қатердің, жамандықтың потенциалды элементін қабылдаған кездегі жағдайы. Осы жағдайлармен келісе отырып, автор стрессті тұлғаның талаптарды шектен тыс деп қабылдауы және өзін сыйлаудағы, өз-өзін бағалаудағы қауіп-қатерді тудыратын сыртқы әсердің жалпы көрініс табуы (стресс-фактор) және соған сәйкесінше эмоциялық реакцияның тууы деп түсіндіреді. Эмоционалды реакцияның бұл түріне бейімділік тұлғалық талап езушілікпен сипатталады.

Психология аймағында дамудың физиологиялық ерекшелігі мен стресстің көріну жағдайының тікелей ауысымы нәтижесіз болып шықты. R. Lasarus ойынша, физиологиялық және психологиялық стрессті бір-бірінен әсер етуші ынта ерекшеліктерімен, оның даму механизмімен және жауап қайтару сипаттамасымен ажыратуға болады. Егер физи-

ологиялық стрессте ынтаның ағзаға дұрыс әсер етпеуі барысында гомеостаз бұзылса және олардың қалпына келуі стереотипті мінез-құлық реакцияларын көрсететін механизмдер арқасында қалпына келсе, онда психологиялық стресс субъекті үшін жағдайдың мәнін бағалау қорытындысы оның интеллектуалды процесімен және тұлғалық ерекшеліктері арқылы дамиды [7].

Қаралған үлгілер қорытындысының қиындығы авторлардың стрессті түсіндіруде әр түрлі анықтамалар мен терминдерді қолдануында болып табылады. D. Mechanik стрессті индивидтің жағдайға жауап қайтаруы деп түсіндіреді. D. Basowitz және оның бірнеше қызметтестері стрессті – индивидтің оған деген қатынасына тәуелді емес жағдайдың сапасы ретінде қарастырады. H. Selye B. Dohrenwend және механикалық үлгіні жақтаушылар стрессті стрессорларға ішкі реакция болып табылатын жағдайға бөгет туғызушы ретінде анықтаған. F. Aleksander үлгісінде стрессті ынталанудың сапасы ретінде де және индивидтің оған деген реакциясы ретінде де қарастырады, R. Scott және A. Howard бұл жағдайды қобалжу категориясы арқылы қарайды [8].

Кейбір үлгілер даулы болжамды ұстанады. H. Basowitstің күмәнді болжамы бойынша стрестік жағдай бір адамға қалай болса, екінші адамға да солай болады. F. Alexander және H. Wolff үлгілерінің болжамы бойынша индивидтің кез-келген ын-талануды стресс ретінде қабылдауы физиологиялық және психологиялық тұрғыда зиянды мінез-құлыққа әкеліп соқтырады.

Түсіндіруші үлгілер C. Peterson және M .Seligman теориялары әр түрлі сәтсіз жағдайлармен, аурулармен байланысты жағдайды жеткілікті деңгейде жақсы сипаттады, бірақ олар стресстен кейін пайда болатын депрессияның сипаттамасына онша келмейді.

A Banduranың теориясында субъектінің қалыптасу механизмі және өзінің мүмкіндіктері нақты анықталмаған. Психологиялық және профессионалдық стресстің теорияларымен концепцияларының қалыптасуы стресстің екі түрлі мазмұнда сипатталатынын дәлелдейді: бір жағынан үдерісті және қалыпты. Екінші жағынан заттық және себеп-салдарлық. Бұл екі ұғым бір-бірімен тығыз байланысты. Кез-келген маманданған іс-әрекет стресстің психологиялық даму себептерін немесе психологиялық деңгейде көрінуін таң қалдыра алады.

Хаан бойынша белсенді мінез-құлық копингісі мен қорғау бағыттылығының айырмашылығы бар, ол басым, жетекші үрдістерге негізделеді. Копинг үрдістер стрессорды қабылдаудан бастау алады [8].

Тұлға үшін осы күнге дейін болған жағдайларға талаптардың сай келмеуінен копинг үрдісі басталады. Егер жаңа талаптар индивидуум үшін күрделі болмаса, онда копинг-стресс қорғаныс формасы ретінде қабылданады. Қорғаныс механизмі шынайылықты бұрмалау арқылы психикалық жарақатты (травма) жеңуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нартова-Бочавер С.К. «Coping behavior» в системе понятий психологии личности. // Психологический журнал, 1997. - №5. - С. 20-30.
2. Авдеев В. Психотехнология решения проблемных ситуаций. – М., 1992.
3. Татьянченко Н.П. Развитие понятия «копинг» в отечественной и зарубежной психологии. – М., 2006.
4. Крупник Е.П. Психологическая устойчивость личности как методологическая категория. – М.: МПГУ, 1999.
5. Дементий Л.И. К проблеме диагностики социального контекста и стратегий копинг-поведения // Журнал прикладной психологии, 2004. - №3. – С. 54–59.
6. Анцыферова Л.И. Личность в трудных жизненных условиях: переосмысливание, преобразование ситуаций и психологическая защита // Психологический журнал, 1994. - №1. - С. 3-18.
7. Гиссен Л.Д. Время стрессов. – М.: «Физкультура и спорт», 1990.
8. Апчел В.Я., Цыган В.Н. Стресс и стрессоустойчивость человека. – СПб.: «Речь», 1999.

УДК 159.96

ӘСКЕРИ САРБАЗДАРДЫҢ ЭКСТРЕМАЛДЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аликанова Э.А., Нұрмуханбетова Г.Н.

Авторлар туралы мәліметтер. Аликанова Эльвира Абзаловна – дефектология магистрі, Қазақстан - Американдық еркін университетінің аға оқытушысы. Нұрмуханбетова Гүлнұр Нұрмуханбетқызы – Қазақстан - Американдық еркін университетінің «Психология» мамандығы студенті.

Аннотация. Әскери сарбаздардың экстремальды жағдайлардағы мінез-құлық ерекшеліктерін шетелдік және отандық ғалымдар зерттеумен айналысқан. Тұлғаның экстремалды жағдайларда сабыр сақтап, мінез-құлығын басқара алу қасиетінің барына орай, «копинг-мінез» түсінігі пайда болған. Оны басқаша ұстамдылық мінезі немесе психологиялық еңсеру деп те атауға болады. Мақала әскери қызмет жағдайларында болатын қауіп төндіретін жағдайларда күйзеліс пен қорқынышты еңсеру стратегияларына арналған. Аталмыш жағдайларда психологиялық дайындықтың болуы үшін психологиялық өзін өзі реттеу әдістерін пайдалануға болады делінген, олар – өзін сендіру, өзін нандыру, қиялды басқару, зейін.

Түйін сөздер. Экстремалды жағдай, мінез-құлық, копинг-мінез-құлық, аффектті күй, стресс, субъективті бағалау, психологиялық дайындық, тұлғалық қасиеттер, стресске төзімділік, өзіндік бағалау.

Сведения об авторах. Аликанова Эльвира Абзаловна – магистр дефектологии, старший преподаватель кафедры педагогики и психологии. Нұрмуханбетова Гүлнұр Нұрмуханбетқызы – студентка специальности «Психология» Казахстанско-Американского свободного университета.

Аннотация Исследованием особенностей поведения военнослужащих и солдат в экстремальных ситуациях занимались зарубежные и отечественные учёные. В связи с проблемой преодоления личностью экстремальной ситуации, сохранения ею способности к эффективным действиям в условиях данной ситуации в психологии появился термин «копинг-поведение», которое интерпретируют как совладающее поведение или психологическое преодоление. Копинг-поведение подразумевает индивидуальный способ совладания человека с затруднительной ситуацией в соответствии с ее значимостью в его жизни и с личностно-средовым ресурсами, которые во многом определяют поведение человека. Статья посвящена стратегиям совладания с угрожащими ситуациями в условиях военной службы. Для поддержания психологической готовности к действиям в экстремальной ситуации могут быть использованы методы психологической саморегуляции: самоубеждение, самовнушение, управление воображением, вниманием.

Ключевые слова. Экстремальные случаи, поведение, копинг-поведение, состояние аффекта, стресс, субъективная оценка, психологическая подготовленность, стрессоустойчивость, самооценка.

Information about the authors. Alikanova Elvira - master of defectology, senior teacher of the chair of pedagogy and psychology. Nurmukhanbetova Gulnur - undergraduate student of the "Psychology" major of the Kazakh-American Free University.

Annotation. Foreign and domestic researchers were engaged in studying the peculiarities of the behavior of servicemen and soldiers in extreme situations. In relation with the problem of overcoming the extreme situation, preserving personal ability to perform effective actions under the given situation, the term "coping behavior" appeared in psychology, which is interpreted as coping behavior or psychological overcoming. Coping behavior implies an individual way of coping with a difficult situation in accordance with its importance in his or her life and with personal and environmental resources, which largely determine human behavior. The article is devoted to coping strategies in threatening situations in military service. To maintain psychological readiness for action in an extreme situation, methods of psychological self-regulation can be used: self-belief, self-hypnosis, control of imagination, attention.

Keywords. Extreme cases, behavior, coping behavior, affective state, stress, subjective evaluation, psychological preparedness, stress resistance, self-esteem.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әрбір егемен елдің, оның ішінде Қазақстанның да басты мақсаты екендігін ел Президенті Н.Ә. Назарбаев былай деп көрсетті: «Ұлттық қауіпсіздік дегеніміз – аумақтың тұтастығын толық сақтай отырып, Қазақстанның

тәуелсіз егемен мемлекет ретінде дамуын қамтамасыз ету».

Ұлттық қауіпсіздікті жүзеге асыратын органдарда жұмыс атқаратын маман иелерінің кәсібі күнделікті экстремалды жағдайлармен ұштасып жатады.

Қазіргі таңда осы ұлттық қауіпсіздікті жүзеге асыратын органдардың бірінің ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланына кәсіби деңгейлеріне қойылатын талаптар да, жүктемелер де жоғары деңгейде. Олардың тұлғалық ерекшеліктерінің кәсіби іс-әрекет барысында сөзсіз өзгеріске ұшырайтыны да белгілі.

Қандай да бір экстремалдық жағдай болса, ондағы ең басты мәселе адамның өзін қалай ұстауы, іс-әрекеті, мінез-құлқы байқалады. Осыған байланысты бүгінгі күнде психология ғылымында экстремалдық жағдайлардағы әскери сарбаздардың тұлғалық мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Себебі осы уақытқа дейін, экстремалдық жағдайда әскери сарбаздардың қандай мінез-құлық ерекшелігін көрсететіні жайлы толықанды зерттеулер жүргізілмеген.

Осы жайттарды ескере келе, әскери саладағы экстремалды жағдайларға тоқталып кетейік. Әскери салада қызмет ететін қызметкер және Отан алдында борышын атқарып жүрген сарбаздар күнделікті экстремалды жағдайларға тап болып отырады. Бұл мәселе XX ғасырдың екінші жартысынан бастап психология ғылымында өзекті мәселелердің біріне айналды. Берілген мәселе әскери психология саласындағы психологтарды қызықтырып отыр. Әскери қызметкерлер мен сарбаздардың экстремалды жағдайлардағы мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеуде шетелдік және кеңестік ғалымдар айналысты [1, 105 б.].

Ресейде мінез-құлық мәселесін зерттеумен Выготский Л.С., Ломов Б.Ф., Шорохова Е.В., Михайловский Н.К. сияқты психологтар айналысса, шетелдік психология өкілдерінен Левин К, Шибутани Т, Рецес Д.Ц. ғалымдарын жатқызамыз. Ал экстремалды жағдайлардағы тұлғаның мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеген Ресейлік және Қазақстандық ғалымдар Бектурганов О.Е., Обухова Н, Дикая Л.Г., Беляева Л.И., Дашкевич О.В., Сельчонок К., Тарас А., Ожегов С.И. еңбектерін атауға болады.

У. Томас және Ф. Знанецкийдің пікірі бойынша, экономикалық, әлеуметтік, діни және т.б. заңдылықтар экстремалды жағдайда тұлғаның құндылықтарына және психикалық жағдайларына әсер етеді. Тұлғаның әр бір нақты белсенділігі экстремалды жағдайда мәселені шеше алуымен анықталады. Бірақ әскери сарбаз бұл жағдайдан шығу жолын тауып, жоғары деңгейде және эффективті іс-әрекет жасаса да психикалық тұрғыдан жарақат алады. Экстремалды жағдайда тұлға эффективті іс-әрекетті сақтап, психикалық жарақат алмау үшін «копинг-мінез-құлық» орын алады.

Копинг-мінез-құлық арқылы кейбір индивидтер ішкі және сыртқы талаптарды спецификалық тұрғыда басқаруда үнемі когнитивті және мінез-құлықтық жағдайды өзгертіп, өмірдің қиын жағдайларына төтеп береді. Өмірдің негативті жағдайларының сәйкес келуі қиыншылықтарды жеңу немесе қиыншылықтардан қашу, және де қиыншылықтарға төзу болып келеді. Кей жағдайларда әлеуметтік мінез-құлыққа бағытталған өмірдің қиыншылықтарын жеңуге негіз болатын мінез-құлық сәйкестілігі анықталып жатады. Бұл саналы мінез-құлық белсенділікті өзгертуге бағытталады. Дені сау адамдардың әлеуметтік бейімделу үшін ол өте маңызды болып келеді. Копинг түсінігін әрбір психологиялық мектептер әртүрлі түсіндіреді.

Бірінші бағыт бойынша, копинг – эго процесс ретінде қарастырылады. Бұл кезде тұлға өмірдің қиын жағдайларына продуктивті бейімделеді.

Екінші бағыт бойынша, копинг тұлғаның қасиеті ретінде стресстік жағдайдан шығудың жолы болып табылады.

Үшінші бағыт бойынша, копинг динамикалық процесс болып табылады. Яғни экстремалды жағдайда субъективті уайымдарды жеңу үшін қолданылады [2, 15 б.].

Р. Лазарус үш типті стратегияны бөліп көрсетті: эго қорғаныс механизмі; тура іс-әрекеттен қашу, яғни өшпенділік пен қорқынышқа әкеліп соғады; аффектік жағдайға берілмеу. Аффект – бұл қысқа мерзімді, бұрқ етпе, өте күшті эмоциялық реакция. Аффект көрініс беру күшінің орасан зорлығымен сипатталады, ол адамды бүтіндей билеп алады. Болып жатқан құбылыстардың көпшілігі өзгеше, басқаша түрде қабылданып, дағдылы мі-

нез-құлықтың күрт өзгереді. Аффект жағдайында сана тарылады, ол көңіл-күйімен байланысты қабылданатын заттар мен түсініктердің шағын шоғырына бағытталады. Аффектті күйде адам көбіне өзінің не істегенін нашар аңғарады. Ол өзін-өзі ұстай алмайды, өз әрекеті нәтижесінің қандай боларын көз алдына келтіре алмайды, күйіне берілгендігі сонша, өз ісінің сипаты мен маңызын нашар бағалайды.

С. Фолькман және Р. Лазарустың пікірінше, копинг екі негізгі қызмет атқарады:

- эмоцияны реттеу;
- дистрессті тудыратын проблеманы басқара алу.

Бұл екі қызмет көбінесе стресстік жағдайдан шығуға мүмкіндік береді. Олардың сандық қатынасы стресстік жағдайды бағалауға байланысты болады. Экстремалды табиғи және әлеуметтік жағдайлардағы адамның сәтті іс–әрекеті заманауи өркениетке жылжитын маңызды міндеттердің бірі. Ұзақмерзімді және ауыр стресстерді туындататын әр түрлі жағдайлар ішкі ағзаның зақымдалуы мен ауқаттану, жыныстық, қорғану реакцияларының, және оған тыйым салу мүмкіндігінің жоқтығының жедел қатысуының үлкен көлемдегі қажеттілігінің арасында қақтығыс туындайды [3, 145 б.].

Бұл қақтығыс адамның өмір сүруіне немесе ар–намысына қысым келтіріп отырған әлеуметтік ортаның әсеріне ұшыраған кезде анағұрлым күрделі, қиын болып табылады, ал жауап беру реакциясына тыйым салу басқа жағдайларға (әлеуметтік детерминант талған) негізделген. Бас ми қыртысының тежелу механизмдерінің критикалық күйзеліс жолымен қамтамасыз етілуінде шынымен де шыдам керек болады. Бірақ осыдан барып тежелген немесе өзгеріске ұшыраған реакцияның сыртқы мінез – құлықты компоненті ғана болып табылады.

А. Нэз, Т. Дзурил, М. Голфрид бірінші болып копинг процесс немесе экстремалды жағдайда тұлға мәселесін, психологиялық үрдістің ұлғаюын сипаттады.

Л.Д. Битехтин әскери адамдардың экстремалды жағдайдағы мінез-құлық ерекшеліктерін зерттей келе, әрбір адамның тұлғалық қасиеттері маңызды орын алады деген қорытындыға келді. Әскери сарбаздардың немесе қызметкерлердің жағдайды қабылдау және бағалау деңгейлері экстремалдылықтың келесідей факторларына әсер етеді:

- позитивті өзін-өзі бағалау деңгейлері;
- субъективті бақылау деңгейлері;
- позитивті ойлау деңгейлері;
- жетістікке жету мотивациясы және т.б.

Сонымен қатар әскери сарбаздардың экстремалды жағдайлардағы мінез-құлық ерекшеліктері темперамент типтеріне және мінез акцентуациясына да байланысты болады. Темперамент түрі – бұл тек адамның бастапқы мінездемесі.

Әскерии сарбаздардың мінез-құлқы экстремалды жағдайларда тұлғалық қасиеттерге де байланысты деп зерттеген, Л.Д. Битехтин стресске деген төзімділік психикалық қысымдылықты максималды түрде жеңуге мүмкіндік береді деген қорытындыға келді.

Л.Д. Битехтинтің пікірінше, әскери сарбаздардың экстремалды жағдайларға қабілеттіліктеріне әсер ететін психологиялық факторлар – дағды, жалпы және арнайы дайындық деп көрсетті. Экстремалды жағдайлардағы іс-әрекет әскери сарбаздардың психологиялық тұрақтылығына, инициативтілігіне, қатаң тәртіпті ұстануына байланысты болады [4, 67 б.].

В.Н. Смирнов экстремалды жағдайларда әскери сарбаздардың психологиялық дайындық жағдайын үш деңгейге бөліп көрсетті: төмен, орташа және жоғары.

1. Төмен деңгейдегі дайындыққа өз-өзіне сенімсіз, шешім қабылдай алмайтын, тұйық, тапсырманы орындау барысында қателік жасайтын сарбаздарды жатқызды.

2. Орташа деңгейдегі дайындыққа басқаларға және өзіне сенімді, шешім қабылдай алатын, берілген тапсырманы орындау барысында біраз ғана қателік жасайтын, физиологиялық жағдайы нормаға жақын сарбаздарды айтамыз.

3. Жоғары деңгейдегі дайындыққа күресуге дайын күмәнданбайтын, өзін сынақтан өткізуге бағыттаған, қарсыластарын жеңуге талпынатын сарбаздарды айтуға болады. Бірақта мұндай деңгейдегі психологиялық дайындық сарбаздарда ұзақ уақытқа дейін со-

зылмайды. Бұл психиканың қорғаныс механизміне және адамның физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты болады [5, 362 б.].

Экстремалды жағдайдағы іс-әрекетте психологиялық дайындықты қолдау үшін психологиялық әдіс өзін-өзі реттеу қолданылады: өзін-өзі сендіру, елестетуін, зейінін басқара алу. Өзін-өзі реттей алатын адам барлық қиыншылықтан шыға алады.

Жалпы алғанда әрбір әскери сарбаздың әскери борышын өтеу барысында алдында ұрыс кезінде берілген тапсырманы орындау және аман-есен қалу жайлы екі негізгі міндет тұрады. Американдық автордың зерттеуі бойынша әскери ұрыста әскери сарбаздардың 25% ғана қару-жарақты адекватты және саналы түрде қолданса, ал қалғандары қорқыныш және өте жоғары қозу жағдайында қолданады деп ұйғарды. Яғни әскери сарбаздардың экстремалды жағдайдағы іс-әрекет ерекшеліктері шынайы өмірде өздерін қалай ұстайтындығын да мінез-құлыққа байланысты болады.

Әскери психологияда қолданылатын ең жақсы әдіс – бұл сарбаздың берік, тұрақты, моральдық - саяси сезімдері мен жігерлік қасиеттерінің болуы, қауіптің әділдігін анық түсінуі, жеңіске жетуге сенуі, әскери шеберлігінің жоғары деңгейде болуы мен психологиялық дайындығының болуы.

Сарбаздың әскери шеберлігі оның жеңіске жетуіндегі маңызды алғышарт болып табылады. Әскери шеберліктің қалыптасуы мен дамуы жалғасымды процесс. Психологиялық тұрғыдан әскери шеберлік – білім, дағды, икемділік адам қызметінің компоненттері болып табылатын психикалық құрылым ретінде қалыптасады. Әскери дайындықтың ең маңыздысы сарбаздардың психологиялық тұрақтылығы болып келеді. Сарбаздардың психологиялық тұрақтылығы туа пайда болмайды. Әскери қатарға қабылданғаннан кейін қалыптаса бастайды [6, 15 б.].

Психологиялық тұрақтылық 2 деңгейден тұрады:

1. Жоғары психологиялық тұрақтылық сарбаздардың өз міндеттері мен қойылған талаптарды өз бетінше, сенімді түрде орындай алуымен, жағдайдың өзгеруінен күрделенуі кезінде қойылған мақсат пен қызметтің нәтижелігін сақтаумен сипатталады.

2. Психологиялық тұрақтылық қатаң кәсіби дағдыларға үйренбеген, әскери шеберлікті толық игермеген, дене күші тұрғысынан жақсы шыныққпаған, эмоциялық - жігерлі тұрақтылыққа қол жеткізбеген, әскери шеберлікті игермеген, сондықтан командирдің қолдауын қажет ететін сарбаздарды айтамыз [7, 45 б.].

Жоғарыда атап өткендей, сарбаздардың психологиялық тұрақтылықтары да экстремалды жағдайда өздерін сенімді ұстауға, тығырықтан жол табуға көмектеседі.

Сонымен теориялық зерттеуді қорытындылай келе, әскери сарбаздардың экстремалды жағдайдағы мінез-құлық реакциясы – жүйке жүйесінің ерекшеліктеріне, өмір сүру тәжірибесіне, кәсіби біліміне, эмоциясын реттей алуына, дистрессті тудыратын проблеманы басқара алуына, позитивті өзін-өзі бағалау деңгейлеріне, субъективті бақылау деңгейлеріне, позитивті ойлау деңгейлеріне, психологиялық дайындық пен психологиялық тұрақтылыққа, жетістікке жету мотивациясына және т.б. байланысты болады. Әскери қатарда борышын өтеу арқылы сарбаз әскери білімін жетілдіріп, өзінің біліктілігі мен дағдыларын, өз-өзіне деген сенімділікті жоғарлатып, экстремалды жағдайға деген психологиялық дайындығын арттыра алады [8, 57 б.].

Ал енді әскери сарбаздардың экстремалдық жағдайлардағы мінез-құлық ерекшеліктерін эмпирикалық зерттеу барысында төмендегі әдістемелер қолданылды:

1. Р. Лазарус пен С. Фолкманның «Копинг тесті».
2. Дж. Роттердың «Субъективті бақылау деңгейі» сауалнамасы.
3. «Стресстің төзімділік типін перцептивті бағалау» сауалнамасы.

Жүргізілген әдістемелердің қорытындысы төмендегідей:

Бірінші зерттеу жұмысымызда қолданылған әдістемеде әскери сарбаздар үшін өзіндік бағалау, әлеуметтік қолдауды іздестіру, жауапкершілікті қабылдау жағымдылықты қайта бағалау шкалалары жоғары деңгейде орын алды. Демек экстремалды жағдай туындаған кезде оларда өзіндік бақылау арта түседі. Және әлеуметтік ортадан қолдауды күтеді. Кез келген істе жауапкершілікті қабылдау жоғары болып келеді. Ал мәселені шешу

кезінде жоспарлау орташа болады. Осы алынған нәтиже көрсеткіштері негізінде әскери сарбаздардың экстремалды жағдайдағы бейнесін көруге болады.

Осы алынған көрсеткіштерді талдай келе, келесі әдістеменің нәтижесінде жалпы интерналды тип басымдылық көрсетті. Шкала бойынша жоғары көрсеткіш зерттелінушілердің экстремальды жағдайдағы субъективті бақылау деңгейін жоғары дәрежеде көрсетті. Демек аталған топтың зерттелінушілері түрлі жағдайларға байланысты жауапкершілікті өздері сезінеді. Олардың пікірінше, барлық жауапкершілік өз мойындарында деп ойлайды.

Соңғы әдістеме негізінде экстремалды жағдайдағы стресстің төзімділік жағдайын анықтадық. Алынған нәтиже бойынша әскери сарбаздар стресске төзімді болып келеді.

Көрсетіліп тұрған нәтижелер бойынша біз келесі қорытындыға келдік, әскери сарбаздар экстремалды жағдайда жауапкершілікті өздеріне алады, осы кезде өзіндік бақылаулары жоғары болады, мәселеден қашпайды, мәселені шешу кезінде жоспарлау орташа дәреже жүреді. Субъективті бақылау деңгейлері жалпы интерналды тип бойынша жүзеге асады. Стресске төзімділік байқалады. Осы көрсеткіштерді келесідей бағалауға болады - кәсіби іс-әрекетінің экстремалдық жағдайларының әсеріне және стресстік жағдайларға төзімділік танытады. Берілген қорытындыны осы аймақтағы болашақ зерттеулерде эффективті түрде қолдануға болады (экстремалды жағдайдағы қызмет атқаратын адамдардың кәсіби іс-әрекеттерін зерттеу кезінде).

Әдістемелерден алынған нәтиже қорытындылары студент критерий негізінде есептеп шығарылды. Үш әдістеме арасындағы байланыс анықталды. Нәтижесінде үш әдістеменің арасында байланыс бар болып шықты.

Әскери сарбаздармен жұмыс жасаудың негізгі бағыттарына сипаттама беруде төмендегі ұсыныстарды көрсетеміз:

1) өзін-өзі талдау дағдыларын қалыптастыру;

2) жекелеген функциялар мен сапалардың дамуына бағытталған психологиялық жұмыс жүргізу;

3) өзі туралы ойын дамыту, коммуникациялық іскерлікті жетілдіру, сенімділікті сезіну үшін тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін дамыту;

4) әскери сарбаздарға түрлі терапияларды қолдану арқылы психикалық жағдайларына әсер ету.

Жалпы алғанда мұндай зерттеулер қазіргі қоғамда әсіресе әскери психологтар үшін экстремальды жағдайларды шешуде практикалық тұрғыда өте қажет. Және де осы салада жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстарын толықтыра түсетін бастамалардың бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Обухова Н. Человек в экстремальной ситуации: теоретическая интерпретация и модели психологической помощи // Развитие личности, 2006. - №3. – С. 105.
2. Ильина Е.С. Экстремальная профессия – сотрудник МВД // Развитие личности, 2002. - № 4. - С. 15.
3. Малкина - Пых И.Г. Экстремальные ситуации: Справочник практического психолога. – М., 2005. – 145 с.
4. Дьяченко М.И., Кандыбович Л.Л., Пономаренко З.А. Готовность к деятельности в напряженных ситуациях. – Минск, 1985.
5. Психология экстремальных ситуаций . Сост. К. Сельченок. – М.: АСТ, 2006.
6. Гостюшин А.В. Энциклопедия экстремальных ситуаций. – М., 1994.
7. Дашкевич О.В. Эмоциональная регуляция деятельности в экстремальных условиях: Автореф. дис. д-ра психол. наук. – М., 1985.
8. Бектурганов О.Е. Регуляция эмоционально-поведенческих реакций сотрудников и военнослужащих в экстремальных условиях // Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. – 2004. – №4. – Б.57

УДК 159.9:378

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛУДЫҢ ГЕНДЕРЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Оралбекқызы Ә.

Авторлар туралы мәліметтер. Оралбекқызы Әйгерім – экономика ғылымдарының магистрі, Қазақстан- Американдық еркін университетінің оқытушысы.

Аннотация. Мақала Өзбекістанның жоғарғы білім беру жүйесіндегі жыныстық теңсіздік мәселелеріне арналған. XXI ғасырдағы білім беру қарқынды дамып келе жатыр. Өзбекістан экономикасы айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізсе де, сауаттандырмаған халық саны азайып отырған жоқ. Өзбек әйелдерінің білім алудағы кедергілер көрсетілген: діл мен дәстүр, ерте тұрмыс құру, материалдық қиындықтар, т.б. Әйел затына білім алу міндетті емес деп есептелген. Президент Шавкат Мирзиевтің Жоғарғы білім беру бағдарламасы ұсынып отырған мәселені шешу жоолдарына талдау жасалған. Тәуелсіздік жылдары Өзбекстан гендерлік теңдік сұрақтарында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Қоғамдық сананың гендерлік парадигмасының ауысуы – бір жыныстың басым болуынан – екі жыныстың серіктестігі мен ынтымақтастығына ауысу жағына бірте-бірте өзгеруі орын алады. Мықты азаматтық қоғамы бар құқықтық демократиялық мемлекет ретінде Өзбекстанның қалыптасуы әйелдердің қоғамдық және саяси белсенділігінің өсуінің маңызды факторы болып табылады. Жоғары білімде гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін жанұяда гендерлік теңдікке қол жеткізу өте маңызды. Әке – асыраушы және табыскер, ана – қазан-ошақ иесі және отбасын сақтаушы болатын патриархаттық отбасынан гендерлік теңдік қағидаларына негізделген отбасының элитарлық үлгілеріне бірте-бірте көшу жүргізілу қажет.

Түйін сөздер. Гендер, гендерлік теңсіздік, жоғарғы білім беру, халық сауаттылығы, Адам дамуының индексі, ЖОО, білім беру, реформалар, қаржыландыру.

Сведения об авторе. Оралбекқызы Әйгерім – магистр экономических наук, преподаватель кафедры бизнеса Казахстанско-Американского свободного университета.

Аннотация. Статья посвящена проблемам гендерной диспропорции в высшем образовании Узбекистана в современном обществе. Образование в XXI веке развивается очень стремительно. Узбекистан достиг больших успехов в экономике, но уровень неграмотного населения высок. Показаны основные проблемы, препятствующие получению высшего образования узбекскими женщинами: менталитет и традиции, ранние браки, финансовая несостоятельность и т.д. Считается, что женщинам нет необходимости получать высшее образование. Проанализированы пути решения, предлагаемые Программой развития высшего образования Президента Шавката Мирзиеёва. В настоящее время система высшего образования в Узбекистане претерпевает изменения. Реформы, в основном, затрагивают общие проблемы. В статье предложены пути выхода из проблемной ситуации.

Ключевые слова. Гендер, гендерное неравенство, высшее образование, грамотность населения, Индекс человеческого развития, вуз, образование, реформы, финансирование.

Information about the author: Oralbekkyzy Aigerim - Master of Economic Sciences, lecturer of the business department of the Kazakh-American Free University.

Annotation. The article is devoted to the problems of gender disproportion in higher education of Uzbekistan in modern society. Education in the XXI century is developing very rapidly. Uzbekistan has made great strides in the economy, but the level of the illiterate population is high. The main problems that prevent the reception of higher education by Uzbek women are shown: mentality and traditions, early marriages, financial insolvency, etc. It's considered that women don't need to get higher education. The ways of the solution proposed by the Program for the Development of Higher Education of President Shavkat Mirzieyev are analyzed. Currently, the system of higher education in Uzbekistan is undergoing changes. Reforms, in general, affect common problems. The article suggests ways of getting out of the problem situation. Over the years of independence, Uzbekistan has achieved certain achievements in matters of gender equality. In the emergence of Uzbekistan as a legal democratic state with a solid civil society, an important factor is the growth of public and political activity of women. To achieve gender equality in obtaining higher education, it is very important to achieve gender equality in the family. The author holds the view that a transition from a patriarchal family system to an elite family is needed.

Key words. Gender, gender inequality, higher education, literacy of the population, Human Development Index, higher education institution, education, reforms, financing.

Балаға ар-ұят нормаларын орнықтыратын, білім мен тәрбиені беретін бірден бір адам – ана. Әрбір адамға, әсіресе әйелдерге білімді, дүниетанымы кең тұлға ретінде қалыптасуына жоғары білім ордасы оң әсер етеді.

Қазіргі кезде бүкіл дүние жүзінде тарихи қалыптасқан ерлердің әйелдерден басым болу жағдайы өзгерістерге ұшырауда. Өнеркәсібі дамыған және әлеуметтік бағдар алған елдерде әйелдер өз құқықтары мен мүмкіндіктерінің ерлермен тең болуына іс жүзінде қол жеткізді.

2017 жылдың басында Өзбекстан халқы 30 575 817 адамды құрады. 15 жастан жоғары 22 383 112 адам қандай да бір тілде оқи және жаза алады. Бұл ересек халықтың 99,59 %-ын құрайды. Бұл ретте ересек халық деп жасы 15-тен жоғары адамдар танылды. Сәйкесінше, шамамен 91 337 адам сауатсыз болып қалуда.

Әлем елдерінде білім деңгейінің индексі (Education Index) – Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасының біріктірілген көрсеткіші, ол есейген тұрғындардың сауаттылық деңгейінің индексі және білім алып жатқан оқушылардың жиынтық үлесінің индексі ретінде 1980 жылдан бері есептеледі.



Сурет 1. БҰҰ АДИ көрсеткіштері

Көбінесе осы Адам даму индексінің көрсеткіштері бойынша елдерді дамыған, дамушы және дамымаған деп бөледі. Сауаттылық деңгейінің «Ересек тұрғындардың сауаттылығы» және «Бастауыш, орта және жоғары білім алып жатқан оқушылардың жиынтық үлесі» көрсеткіштері қорытынды 0-ден (минималды) 1-ге (максималды) дейін сандық мәндер түрінде өрнектеледі.

Дамыған елдер минималды 0,8 көрсеткішіне ие болу керек деп есептеледі, дегенмен олардың көбі 0,9 немесе одан да жоғары көрсеткішке ие.

Тұрғындардың сауаттылығы туралы мәліметтер Халықтың Ұлттық санағының ресми нәтижелерінен түседі және БҰҰ білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымының санақ институты есептейтін көрсеткіштермен салыстырылады. Халық санағының сауалнамаларына сауаттылық туралы сұрақты енгізбейтін дамыған елдер үшін сауаттылық деңгейі 99%-ға тең деп алынады. Оқу орындарына түскен азаматтар саны туралы мәліметтер білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымының санақ институтымен әлем елдерінің сәйкес үкіметтік мекемелерімен ұсынылған ақпараты негізінде беріледі. Бұл көрсеткіш

әмбебап болғанымен, бірқатар шектеулерге ие. Жекелей алғанда, ол өз кезегінде сапасы айтарлықтай төмен немесе қол жетімсіз болуы мүмкін білімді көрсетпейді. Сондай-ақ ол жас шамасына қарай және білім алудың ұзақтығы айырмашылықтарына байланысты білімге деген қол жетімдікті толық көрсетпейді.

1 кесте. Әлем елдерінің сауаттылық деңгейі индексі бойынша рейтингі

Рейтинг	Ел	Индекс
1	Аустралия	0,939
2	Дания	0,923
3	Жаңа Зеландия	0,917
4	Норвегия	0,916
5	Германия	0,914
6	Ирландия	0,910
7	Исландия	0,906
8	Америка Құрама Штаттары	0,900
9	Нидерланды	0,897
10	Ұлыбритания	0,896
11	Швейцария	0,891
12	Канада	0,890
13	Словения	0,886
14	Литва	0,882
15	Чехия	0,878
16	Эстония	0,877
17	Израиль	0,870
18	Оңтүстік Корея	0,867
19	Швеция	0,855
20	Польша	0,852
21	Финляндия	0,847
22	Жапония	0,842
23	Бельгия	0,841
24	Франция	0,839
25	Латвия	0,835
34	Ресей	0,816
39	Қазақстан	0,805
58	Өзбекстан	0,740
65	Қырғызстан	0,721
108	Қытай	0,631
111	Түркменстан	0,629

Кестеде 2016 жылы жарияланған 188 әлем елдерінің сауаттылық деңгейі индексі бойынша кейбір елдердің рейтингтісі келтірілген. Зерттеу 1980-жылдан бері бірнеше жылда 1 рет жүргізіледі [1]. Соңғы зерттеу нәтижелері бойынша көріп отырғанымыздай, Қазақстан 0,805 көрсеткішімен 39-орында жайғасты. Алғашқы ондықпен қатар, автор Қазақстанның көршілес мемлекеттерінің индекстерін де көрсетіп отыр. Қазақстаннан 18 саты төменірек 0,740 «ұпаймен» Өзбекстан орналасты. Тарихи қалыптасқан жағдай бой-

ынша өзбектер әйелдерінің жоғары білім алуын қолдамайды. Дегенмен, 188 елдің арасында 58-орында болу жаман емес көрсеткіш.

Өзбекстанда жоғары білім жүйесі жұмыс күшінің дамуын қиындататын көптеген мәселелерден зардап шегуде. Бүгінгі күні Өзбекстанда ЖОО-ларға студенттерді қабылдау деңгейі өте төмен – қабылдау квоталарының шектеулері үшін орта мектептердің он түлектерінен тек біреуі ғана ЖОО-ға түсе алады. ЖОО-дағы әрбір орынға алты талапкерден келеді, бұл түсу үдерісін бәсекелі етеді және әлеуетті үміткерлерді еңбек нарығына лайық дағдыларсыз және кәсіби даярлықсыз баруға итереді [2].

Сурет 2. Өзбекстан Республикасындағы ЖОО-да білім алушылар арасында гендерлік теңсіздіктің негізгі мәселелері

Ересек еркектер арасында сауаттылық деңгейі 99,72 %-ды құрайды (11 035 735 адам). 30 876 ер адам сауатсыз. Ересек әйелдер арасында сауаттылық деңгейі 99,47 %-ды құрайды (11 347 376 адам). 60 462 әйел адам сауатсыз. Көршілес мемлекеттің жоғары білім институтындағы қазіргі уақыттағы басты мәселелерінің бірі – гендерлік теңсіздік. Өзбекстанның жоғары оқу орындарында 2000-жылдардан бері 30 % қыздар ғана білім алады. Орта деңгейді аяқтаған соң оқуды жалғастыруда айрықша кедергілер мәдени тәжірибе мен дәстүрлерге қатысты. Жоғары оқу орындарына түсерде аз бойжеткендер саны «еркектік» мамандықтарды таңдайды: өнеркәсіп, құрылыс, көлік салаларында жыл сайын 20%-дай ғана, байланыс және ауыл шаруашылығы салаларында – 15 %-дай. Алайда бойжеткендер денсаулық сақтау және білім беру салаларында 50 %-дан асады. Білім алушы еркектер мен әйелдер үлесінің диспропорциясы, әсіресе, жоғары білім алуда, әйелдердің көп санының салыстырмалы ерте жаста тұрмыс құрулары (18-20 жас шамасында – жоғары оқу орнына түсердегі жас) және бойжеткендердің жоғары білім алуына кедергі кел-

тіретін, әсіресе ауылдық жерлерде, гендерлік стереотиптердің болуымен түсіндіріледі. Көп ретте ата-аналар қыздардың жоғары оқу орындарына түсулерін қолдамайды. Егер қыз бала ақылы түрде оқуға түссе, бұл оның білім алуына кедергі болып табылады, өйткені ата-аналар тұрмысқа шығып, басқа отбасыларға кететін қыздардан гөрі, ақшаны өздерімен бірге қалатын ұлдарының біліміне жұмсағанды жөн көреді. Отбасылардың көбі отбасылық өмір мен үй шаруашылығын жүргізуден қолы босамайтын қыздарға орта білім жеткілікті болады деп есептейді [3].

Өзбекстанның Президенті Шавкат Мирзиеёвтің бастамасымен жоғары білімді дамыту бойынша жоспарға 2017-2021 жылдары ел 1,7 трлн. сум (1 доллар 4000 сумға тең деген есептеумен) жұмсауды көздеуде. 2021 жылға дейін Өзбекстан студенттер санын 18%-ға жоғарылатуды көздеп отыр (соның ішінде қыздардың үлесін жоғарылату мүмкіндіктерін қарастыру маңызды). Сонымен қатар экономиканың қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын есепке ала отырып және ел дамуына сәйкес білім алудың / берудің жаңа салаларын енгізу жоспарлануда. Оқу орындарының салыстырмалы түрде аз санын көбейту бағыты реформалардың басымдылығы болу қажет, бұл жерде ЖОО-лардағы әйелдік мамандықтардың санын жоғарылату да маңызды. Айта кетерлік жәйт, бүкіл Өзбекстанда 65 ЖОО бар. Өзбекстан бастауыш білім жүйесінде гендерлік балансқа қол жеткізгенімен, жоғары білім аясында білім алушы әйелдер мен еркектер арасында айтарлықтай диспропорция бар.

Жоғары білім жүйесін жетілдіру және реформаларды қабылдау мен жүзеге асыру үшін айтарлықтай ресурстар бөлу қажет (бұл жерде гендерлік теңсіздікті жою сұрақтары қатар қарастырылу керек). Бүгінгі күні Өзбекстан өзінің ЖІӨ-нің 8 %-ын білім саласына бағыттайды, осының 0,4%-ы ғана жоғары білім аясына жол тартады және осы көрсеткіш – әлемдегі ең төмен көрсеткіштердің бірі (мұнда ЖОО-да қыздардың санын көбейтуге амалдар жасалмайтынын айта кету қажет, мысалы, ең қарапайым – ақпараттандыру да жүргізілмейді).

Сурет 3. Өзбекстан Республикасында гендерлік теңдікті қамтамасыз етудің шаралары

Гендерлік теңдікке қол жеткізудің басымдықтары келесідей сипатқа ие:

– Әйелдердің білім деңгейінің анағұрлым жоғары болуы балалар тәрбиесіне оң әсерімен қоса, әйелдердің жұмысқа орналасуына жақсы ықпалын тигізбек. Әйелдердің жұмысқа қатысуы еркектермен лайықты бәсекелестікті құрап, елдегі істің жағдайының жақсаруына ықпал етеді.

– Әйелдердің азаматтық белсенділігінің артуы, әйелдердің үкіметтік емес ұйымдары санының ұлғаюы.

– Әйелдер әлдеқайда тындырымды, ұқыпты, тіл табысқыш, адамдарға үлкен ынтамен қарауға және қамқорлық жасауға бейім.

Гендерлік теңдік мәселелерін зерттеуші сарапшылар мен қоғамдық ұйымдардың белсенді мүшелерінің ойынша, шын мәніндегі әйелдер мен ер адамдардың теңсіздігінің күшеюі, гендер теориясының қабылданбауы – гендерлік теңдік теориясы діни құндылықтардың бұзылуына бағытталған деген көзқарастың қалыптасуынан.

«Гендер» ұғымы ерлердің және әйелдердің қоғамдағы рөлдері әлеуметтік тұрғыдан құрылады және анықталады деп айқындайды. Бізді дәстүрлі қағидаларды жақтаушылар көндіруге тырысқандай, ресурстар мен табыстардың, құқықтар мен міндеттердің әділ бөлінуі адами қоғам негіздерін бұзбайды, керісінше адам құқықтарының (әсіресе әйел адамның) қамтамасыз етілуіне қол жеткізу тәсілі болып табылады [4].

Тәуелсіздік жылдары Өзбекстан гендерлік теңдік сұрақтарында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Қоғамдық сананың гендерлік парадигмасының ауысуы – бір жыныстың басым болуынан – екі жыныстың серіктестігі мен ынтымақтастығына ауысу жағына бірте-бірте өзгеруі орын алады. Мықты азаматтық қоғамы бар құқықтық демократиялық мемлекет ретінде Өзбекстанның қалыптасуы әйелдердің қоғамдық және саяси белсенділігінің өсуінің маңызды факторы болып табылады.

Жоғары білімде гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін жанұяда гендерлік теңдікке қол жеткізу өте маңызды. Әке – асыраушы және табыскер, ана – қазан-ошақ иесі және отбасын сақтаушы болатын патриархаттық отбасынан гендерлік теңдік қағидаларына негізделген отбасының элитарлық үлгілеріне бірте-бірте көшу жүргізілу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Всемирный доклад по мониторингу образования. Образование в интересах людей и планеты: построение устойчивого будущего для всех. ЮНЕСКО, 2016 г.
2. Узбекистан. Модернизация системы высшего образования. Доклад Всемирного банка, 2014.
3. Гендерная оценка по Узбекистану. Азиатский банк развития, 2014.
4. Национальный отчет о реформах в сфере высшего и гендерного образования в Узбекистане. - Ташкент, 2005.

УДК 159.9

ИЗМЕНЕНИЕ ПРЕДСТАВЛЕНИЙ О БРАКЕ С ВОЗРАСТОМ

Жексембаева А.М., Вдовина Е.Н.

Сведения об авторах. Жексембаева Анар Мырзакметовна – студентка специальности «Психология» Казахстанско-Американского свободного университета. Вдовина Елена Николаевна – магистр психологии, старший преподаватель кафедры педагогики и психологии Казахстанско-Американского свободного университета.

Аннотация. В статье рассматриваются представления о браке у мужчин и женщин в зависимости от возраста. Приводиться теоретический анализ данных представлений исходя из психологических и социологических исследований, дается характеристика психологического содержания понятий «брак» и «семья», «жизненный цикл семьи». В статье также описаны данные эмпирического исследования представлений о браке у партнеров, находящихся в браке от трех до двадцати лет.

Ключевые слова: брак, семья, жизненный цикл семьи, возраст, супруги.

Авторлар туралы мәліметтер. Жексембаева Анар Мырзакметовна – Қазақстан-Американдық еркін университетінің «Психология» мамандығы студенті, Вдовина Елена Николаевна – психология магистрі, Қазақстан-Американдық еркін университетінің аға оқытушысы

Аннотация. Мақалада әйелдер мен ерлердің жасына қарай неке туралы түсініктері қарастырылады. Психологиялық зерттеулердің негізінде беріліп отырған түсініктің теориялық талдауы жасалып, «неке», «отбасы», «отбасының өмірлік циклі» түсініктерінің психологиялық мазмұнының сипаттамасы беріледі. Мақалада сонымен қатар үш жылдан он екі жылға дейін неке құрып отырған жұптардың неке туралы түсініктерінің эмпирикалық мәліметтері келтіріледі. Осылайша, 21-28 жас аралығындағы әйелдер мен ерлерде некеге қанағаттану деңгейі орташа екені анықталады. Жұбайлар некені рухани-психологиялық одақ деп қарастырады. Құндылықтар жүйесінде ата-аналық – тәрбиелік сала алдыңғы қатарда болады. Күтілгендей, жұбайлардың бағдары өздеріне бағытталған. 34-43 жас аралығындағы әйелдер мен ерлерде (некеде 10-15 жыл болса) некені отбасылық - ата-аналық одақ деп қабылдайтыны анықталады. Неғұрлым маңызды факторлар – ата-аналық – тәрбиелік қызметтер, эмоционалдық-психотерапевттік қызметтер, сыртқы келбеттілік. Сәтті некедегі жұбайлардың некеге қанағаттану деңгейі орташа болып табылады. Жұбайлардың бағдары іске бағытталған. Мақалада сол сияқты 44-59 жастағы жұбайлардың некеге қанағаттану деңгейінің жоғару екендігі анықталған. Беріліп отырған мақалада гипотеза расталып отыр.

Түйін сөздер. Неке, отбасы, отбасының өмірлік циклі, жас, жұбайлар.

Information about authors. Zheksembayeva Anar - a student of the specialty "Psychology" of the Kazakh-American Free University. Vdovina Elena - Master of Psychology, Senior Lecturer of the Department of Pedagogy and Psychology of the Kazakh-American Free University.

Annotation. The article deals with the concept of men and women about marriage, depending on the age. The theoretical analysis of these representations is given on the basis of psychological and sociological research, the psychological content of the concepts "marriage" and "family", "life cycle of the family" is given. The article also describes the empirical study of the notions of marriage of partners who have been married for three to twenty years. Thus, it can be concluded that satisfaction with marriage for men and women aged 21 to 28 years, is average. Spouses consider marriage as a moral and psychological union. The system of values is dominated by the parent-educational sphere. The orientation of the spouses, as it was expected, was directed at themselves. Men and women aged 34 to 43, having been married between 10 and 15 years of age, consider marriage as a family-parent union. The most significant are parental-educational functions, emotional-psychotherapeutic function and external attractiveness. Satisfaction of the spouses with their marriage at the middle level (prosperous spouses). The orientation of the spouses is directed towards the cause. Men and women aged between 44 and 59 consider their marriage as a moral and psychological union. Emotional-psychotherapeutic side of marriage is a priority among spouses of this age, and attention is paid to the external attractiveness of spouses. Satisfaction with marriage is high (absolutely prosperous). The orientation of the spouses is directed towards the cause. The hypothesis was partially confirmed in this article.

Key words: marriage, family, family life cycle, age, spouses. AGED.

В последнее время значительно возросло внимание к проблемам брака и семьи. Это связано с необходимостью знать, что происходит в семье, почему так часты разводы, отчего семья все чаще ограничивается одним ребенком и т.д. Межличностное взаимодействие супругов представляет основу семейного благополучия и психологического комфорта семьи. Складывающаяся и изменяющаяся система представлений о семье и браке определяет отношение в семье, развитие семьи и функционирование семьи. Изучение представлений дает понимание особенностей восприятия членами семьи различного рода проблем и путей их решения.

Брак и семья для личности является одним из самых важных институтов социализации. Брак - это санкционируемая и регулируемая обществом форма отношений между мужчиной и женщиной устанавливающая их права и обязанности по отношению друг к другу и к детям, своему потомству. Брак обеспечивает легитимное признание обществом взаимоотношений мужчины и женщины. Следовательно, брак - это традиционное средство формирования семьи и общественного контроля, одно из орудий, путей, способов самосохранения и развития общества [1].

Понятие брака тесно взаимосвязано с понятием семья. Очень часто данные терми-

ны используются как синонимы, однако, не смотря на тесную взаимосвязь данных определений, они не тождественны. В современном обществе семья может существовать без брака - «гражданский брак», а брак без семьи - «фиктивный брак». Заключение брака в большинстве случаев приводит к созданию семьи.

Адамның дамып жетілуіндегі ерекшеліктерге байланысты ұстаздар оқушыларға ілтипатпен көңіл аударып, сеніммен қарау керек. Егер олар оқушыға әлі де бала деп қарайтын болса, онда оқушы мұндай көзқарасқа қарсы шығып, өз қарсылығы мен наразылығын сөзі, ісі, мінез қылығы арқылы білдіреді. Егер кіші мектеп жасындағы балалар үшін мұғалім барлық бейнесімен ерекше із қалдырып, оларға күшті әсер ететін тұлға болып саналса, ал ересек балалар мұғалімнің әрбір қимыл қозғалысына, іс әрекеті мен сөйлеген сөзіне, оның ақыл кеңесіне, өзге адамдармен қарым-қатынасына, шәкірттерге қоятын түрлі талаптарына өздерінше іштей сын көзбен қарайды. Педагогикалық ортақтасу - балалармен қатынас түзу құралы. Осыдан оны мұғалім мен оқушы арасындағы сенімді байланыс орнықтыруға бағытталған педагогикалық кәсіби өзара ықпалды әрекет деп түсіндіруге болады. Бұл орайда мұғалім үшін аса маңызды болатын жағдаяттар: сөз саптау, сөйлеу мәдениеті, дауыс қоя білу деңгей ептіліктерін басқарымға келтіре алуы. «Мен» «бермен кел» дегенді 15-20 түрге құбылта айтып, қол, дене, бет, бет-әлпет қозғалыстарымды 20 түрге келтіріп, сезімімді білдіре алатындай кезде ғана, шеберлігімнің қалыптасқанын байқадым» - деп жазыпты А.С. Макаренко. Дж. Брофи және Т. Гуддтың «Мұғалім мен оның арасындағы» қатынас кітабында оқушыларға болған таңдамалы қатынаста көрінетін мұғалімнің «субъектив» пайымдау ерекшеліктері талданады.

Белгілі болғандай, мысалы, педагог өзі тәуір көретін оқушыларға көбірек назар салады екен. Қаламаған оқушылары оның назарынан тыс қалып, мұғалім «шуағын»

сезіне алмайды. Мұғалімнің жақсы көретіндері данагөй, тәртіпті, тіл алғыш оқушылар. Енжарлан мен ынжықтар тіпті де еленбейді. Ал тәуелсіз, өжет, белсенді оқушылар мұғалімге ұнай бермейді. Қарым-қатынас түзуде оқушының сырттай тұрпаттық әдемі көрінісі де маңызды келеді. Дж. Брофи мен Т. Гудд анықтағанындай, мұғалім: алдыңғы қатарда отырған балалармен ырықсыз көп қарым-қатынас жасауға ұмтылады, олардың бағасын да жоғарылатып қоюға әрекеттенген, жазуы әсем балаларды көбірек құрметтейді; ұқыпты да әдемі киінген оқушыларға көбірек назар аударады; «әйел мұғалімдер көбіне ұл балалар бағасын жоғарылау береді де; ал ер мұғалімдер сүйкімді, сұлу қыз шәкірттерінің бағасын көтермелейді [7].

Педагогикалық ортақтасуға орай мұғалімдердің үш тобы анықталған: «белсенді», «көңілшек» және «әсіре белсенді». Біріншілері – қатынас жасауда ынталы, әр оқушымен жеке қатынас жасауға шебер тәжірибе, жағдайға орай әрекеттері ауысып барады. Өзінің қандай мақсат қойып, оған қалай жететінін біледі, түсінеді. Екіншілері, де өз көрсетпе – талаптарын икемділікпен пайдалана алады, бірақ көңілшектіктен әлсіз. Қатынастар түзуде балалар жетегінен шыға алмай қалады.

Мақсаттары күңгірт, мінезі – икемшіл, тұрақты көзқарасы, бағыты жоқ. «Әсіресе белсенді» мұғалім өз оқушыларын шектен тыс жоғары бағалауға бейім, баламен қатынасының көбі шындыққа жанаспайтын кейіпке түсіп кетеді. Оның бағалауында сәл белсенді бала - бұзақы да тәртіпсіз, ал енжар оқушы - жалқау да ақымақ. Мұндай мұғалімнің қылық әрекеті де өз шәкіртіне қойған бағасына сай: нақты оқушыны өз өлшеміне сәйкес көремін деп шектен шыққан қылықтарға бой ұрады.

Мұғалімнің басты қаруы - сөзден басқа оның құрал-жабдық қорында бір топ сөздік емес (вербалды емес) тілдесу-ортақтасу шаралары жинақталған. Олар: тұрпат кейпі, ым ишара, қол, көз сілтемелері. Зерттеулерге қарағанда мұғалімнің міз бақпас бетінде ақиқаттың 10-15%-ы жойылады екен. Балалар өз ұстазының қас–қабағын сезгіш келеді. Оның бетінің бозаруы мен түксиген қабағынан істің қандай да насырға шапқанын сезіп, оқу қарқынын бәсең сіреп, нәтижені алыстады.

Мұғалімнің бетін көлеңкелеп, назарын тайдыруы немесе кекірейе бой тіктеп, мықынын таянуы балалар тарапынан оның сенімсіздігі, келіспейтіндігі, қарсылығы ретінде қабылданады. Тік тұрғанда алақандары ашық болып, отырғанда аяқ-қолы жайбарақат жайласа, балалар мұны оқытушының сенімі, келісімі, өздеріне деген болымды қатынас деп сезінеді. Мұның бәрі оқушылар тарапынан бейсана қабылданады. Шабыт, қуаныш не сенімсіздік жоғары дауыспен жеткізілсе, ашу, қорқыныш - айқаймен бірге жүреді, ал қайғы мен шаршау жұмсақ та бәсеңсіген дауыспен жеткізіледі. Есіңізге түсіріңіз, кейбір мұғалімдеріңіздің қатал, не ысқырған дауысынан қаншалықты сескеніп, үріккеніңізді. Мұндай дауысты адам педагогикалық қызметке тіпті де жарамайды. Әлбетте, өзіндік тәрбиемен, тұрақты өзіндік жетілдіру жаттығуларымен адам бойындағы көп нәрсені өңдеуге болады. Сөйлесу желісі де мұғалім сезімін білдіреді: жылдам сөз толқу мен күйзеліс, жай сөз шаршағандықты, көңіл қарғаштығын танытады. Бас сипау, жанасу, қол алысу, иықтан, жауырыннан қағу да өз мәніне ие.

Мұндайда бір жағы кем отбасы балалары жақсы қабылдап, педагогты жоқ әкесі не анасының кейпінде таниды. Тентек пен қырсықты не өкпелегіш баланы басынан сипап, қандай да бір басқа тәсілдердің бәрімен жетісе алмаған құрметке бөленесіз. Бұл әр педагогтың қолынан келе бермейтін әдіс, мұны тек бала сеніміне толық кірген мұғалім ғана жасай алады. Мұғалімнің баламен нақты қатынастағы педагогикалық екеу ара қашықтығы (дистанция) келесідей белгіленген:

- тікелей жеке-дара сөйлесуге мұғалім – оқушы арасы 45-120 см-ге дейін;
- сынып тобымен ресми сөйлесуде – 120-140 см-ге дейін.

Сөйлесудегі аралық қашықтықтардың ұдайы өзгерістерде болуы педагогикалық еңбек ерекшеліктерінен, себебі педагог әрдайым нақты шарттар мен жағдайларға икемдесуі қажет. Қол сілтемелерін де ұмытпаңыз! Қол ұшы қозғалысы мен шошайған бармақ әңгімеге жан береді не қатынасты қарапайымдап (не қиындастырады). Мысалы, ашық алақан адамды өзіне тартады. Айқастырылған аяқтар, артқа тартылған не қалтадағы қол-

дар сұхбат тастар арасына кедергі салады. Сұқ бармақты көп шошаңдата бермеңіз – бұл басымдылық пен әміршілдік белгісі [8].

Қаламыңыз бен көзілдірігіңізді сипалақтап, бармағыңызбен столды тоқылдатып, аяқтарыңызды тықылдата бермеңіз –бұл сіздің шыдамсыздығыңызбен сенімсіздігіңізді көрсетіп, әңгіме желісінен ауытқытады. Мұғалім назары айнада не кітапта болмай, кезегімен оқушыларына бағытталғаны жөн. Сонда ғана балалар сіздің көңіліңіздің өздерімен бір екеніне сенеді, сізбен бірлікте жұмыс жасауға дайын тұрады. Қорытындылай келе, айтарымыз – бәрі шеберлікке тәуелді. Ал шеберліктің өзі ұзаққа созылған тыңғылықты, өзін жасауға бағышталған мұғалім еңбегінің нәтижесі. Кейбір мұғалім оқушыларының қимылсыз тыңдап, тыныш отырғанын жазып не оқып үлгеріп жатқанын қанағат тұтып, артық іс-әрекетке бара бермейді. Мұндай мұғалім еш уақытта да бала көңілін жылыта алмайды, оған бала жүрегінде орын жоқ. Мұғалім болдың ба – кәсібіңді арғымақша ерттеп, мін, өз ісіңнің шебері бола білуді есте ұстау.

П. Подласый педагогикалық қабілеттілікке ұйымдастырушылық, дидактикалық, коммуникативтік, зерттеушілік, ғылыми-танымдық, т.б. жатқызады. Бұл мұғалімнің бойында болуға тиісті ізгі қасиеттер. Білім саласында мұғалім қалай көрінеді? деген сұраққа педагогикалық әдебиеттерде тура жауап жоқ. Қазіргі күні тәрбиенің қажеттілігі, қоғам талабы жайлы жете зерттелмегендіктен оны зерттеу – бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі. Өйткені, мұғалім және оның еңбегі, тәрбие жұмысы кейінгі орында тұрады. Міне, осы олқылықтардың орнын толтырмаса болмайды [9].

Педагог болу үшін оған әуел бастан бейімделіп туу керек дейді ертедегі педагогтар. Осы дұрыс па? Бұл пікірдің дұрыс емес жағы сол, ешкім іштен педагог болып тумайды. Дегенмен осы пікірді біржолата жоққа шығаруға болмайды. Өйткені бұл пікір педагог болу үшін қабілеттіліктің болу қажет екені жөнінде айтылған. Қабілеттілік іштен пайда болмайды, бірақ ол жүйке қызметі типтерінің негізінде қалыптасып, біртіндеп өріс алады. Көпшіліктің пікірінше педагог мамандығына икемділіктің болуына жүйке жүйесінің шыдамды келіп, қозу мен тежелу процестерінің өзара орнының алмасуының жылдам келуі негізгі роль атқарады. Солай деу, негізінен дұрыс болғанымен, әр түрлі темпераменттерге жататын кісілердің бәрі де, егер осы мамандыққа ықыласты болып келсе, өзінің қабілеттілігін кеңінен дамыта алады. Ал педагогтық қабілеттілік деп нені айтады? Бұл ұғымның мағынасы педагог өз жұмысына икем келіп, шебер болуын білдіреді.

Педагогтың негізгі мақсаты жас буындарға білім беру болса да, білімі терең адамдардың бәрі педагог мамандығына бірдей қабілеті келмейді. Себебі педагогтық жұмысқа қабілеттілік біліммен ғана бағаланбай, оқу-тәрбие жұмысын қандай әдіс қолданып өткізуімен бағаланады. Күнделікті жағдайда, айталық, бір кісі өзгелерге өзінің ойын түсіндірерде, осыны қандай жолмен, қай әдісті қолданамын деп қиналмайды, ал педагог мамандығының ерекшелігі сол, мұны ол оқу материалдарының мазмұны жөнінде ойланып қана қоймай, осыны қандай жолмен, нендей әдіспен оқушыларға жеткізем деген ойда болады. Сондықтан оқу мазмұнын шәкірттерге түгел жеткізе алу – педагогтық қабілеттіліктің негізгі бір түрі болып саналады. Сондай-ақ тәрбие жұмысын жүргізе алуға қабілеттіліктің өзіндік ерекшеліктері де кездеседі.

Қабілеттіліктің осы түрінің неше түрлі сипаты болса да, осыған баланың ішкі жан дүниесін жете біліп, тәрбиені соған қарай өзінің сөзін, жұмысын ықшамдап, бейімдей алуы жатады. Педагог мамандығына лайықты қабілеттіліктің бұл екі түрін бірінен - бірін бөліп алып қарауға болмайды. Себебі сабағын жақсы білетін мұғалімнің сөзі тәрбие жұмысында балаларға өтімді. Сондықтан қабілеттіліктің бұл жеке түрлері өзара тығыз байланысты. Педагогтық қабілетті көпшілік кейде мұғалімнің интуициясымен байланыстырады. Тәрбие жұмысындағы интуицияның негізгі мәні – педагогтың әр ісін нендей нәтижеге апаратынын алдын ала біле алуы. Мысалы тәжірибесі мол педагог оқушыға қандай шара қолданғанда, соның өзі нендей нәтижеге апарып соғатынын алдын ала бірден білетін болады. Қабілеттіліктің бұл түрінде ешқандай жасырын сыр жоқ. Өйткені, бұл қасиет оқушылардың жан дүниесін жақсы білгендіктен және осыны педагог өз тәжірибесінде талай рет басынан кешіргендіктен осылай болып отыр. Сонымен қатар, педагогтың

ұйымдастыру жұмысына икем келуі оның мамандығына лайықты қабілеттіліктің бірі болып саналады.

Кәсіби құзыреттілікті коммуникативтік, ақпараттық, регулятивтік және интеллектуалды - педагогикалық құзыреттілік ретінде қарастырады. Педагогтың коммуникативтік құзыреттілігі – кәсіби интегративтік қасиет, оның негізгі бөліктеріне эмоционалдық тұрақтылық (икемділікпен байланысты); экстраверсия (тағайындалған деңгейі мен эффективті жетекшілікті көрсетеді); тікелей және қайтарымды байланысты ұштастыру мүмкіншілігі; тілдік білімі; тыңдай білу қабілеті; марапаттай білуі; сыпайылылық; жалпы қабілеті жатады.

Коммуникативтік құзыреттілік – біріншіден, жеке тұлғаның дамуы мен өзіндік дамуы процесіндегі мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеті; екіншіден, ұстаздың педагогикалық қарым-қатынастық мақсаты, түйіні, құрылымы, құралы, ерекшелігі туралы хабардарлығының көрсеткіші; қажетті технологиялық деңгейін меңгеруі; маманның жеке психологиялық сапасы; коммуникативтік іс-әрекетін әрдайым жетілдіріп тұруға тырысуы; негізгі құндылық ретінде жеке адамның тұлғасына бейімделе білу, “бағдар ету”, сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынас кезінде туындайтын міндеттерге шығармашылық, қапысыз шешім таба білу қабілеті [10].

Ақпараттық құзыреттілік өзі туралы оқушылар мен олардың ата-аналарының, басқа ұстаздардың жұмыс тәжірибесі жөнінде ақпаратты білу мөлшерін қамтиды. Интеллектуалды - педагогикалық құзыреттілікті талдау, синтез, салыстыру, қорытындылау, нақтылау сияқты қарастыра білудің кешені, аналогия, қиял, ойлау қабілетінің икемділігі мен сындығы ретіндегі зерденің қасиеті түрінде қарастыруға болады.. Сондықтан маманның кәсіби құзыреттігінің арнайы, әлеуметтік және тұлғалық түрлеріне ерекше мән беріледі. Арнайы - өзінің мамандығына сәйкес білімі, біліктілігі, дағдысы, жаңа білім мен білікті өз бетімен меңгеру, өз еңбегінің нәтижесін бағалау, біліктілігінің болуы.

Әлеуметтік – тіл туралы білімінің, коммуникативті мәдениетінің, басқамен ынтымақтастыққа қабілеттілігінің, өзінің іс-әрекетінің нәтижесіне, қоршаған ортаға дайындығының болуы. Бұл үшін, біріншіден, ақпараттық қоғамда кез келген маманның іс-әрекеті күшейтіледі, екіншіден, білім парадигмасының өзгеруі кәсіби білім, біліктілік пен дағдыға маманның дайындығын қалыптастырудың, ойлаудың әдіснамасын дамытудың қажеттілігін көрсетеді, үшіншіден, ізгілікті және әлемдік интегративті үрдістер тенденциясы алдымен көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырудың қажеттілігін айқындайды. Адамның қоғамдық болмысы жан-жақты әрі көп деңгейлі аралық қатынастардан құралатынын жоғарыда әңгіме еткенбіз. Ал осы қатынастар арасында өзінің ерекше мәні мен құрылымы жағынан танылатын құбылыс - бұл тілдестік қатынастар. Тілдесу барысында адамдар өзара әрекеттік байланысқа келіп, тұрмыс-еңбек тәсілдері мен нәтижелерін, әрекетке орай туындаған болжамдар мен идеяларын, ниеттерін, қызығулары мен сезімдерін және т.б. өзара бөліседі, алмасады.

Тілдестік қатынас біршама дербес құбылыс ретінде қабылдануымен, субъекті белсенділігінің ерекше бір формасы ретінде көрінеді. Тілдесу қызметінің нәтижесі - өзгертілген, болмаса қайта жасалған дүниелік не идеалдық өнім емес, ол адам мен адамның, адам мен қауым арасында орныққан байланыс қатынасы. Бұл ретте әңгіме тек бірдің екіншіге бағытталған жай әрекеті, не оның ықпалы жөнінде емес, ал өзара, бір-біріне болған әсері туралы. Тілдесу үшін міндетті түрде әрқайсысы өз алдына субъектік мағынаға ие ең кемінде екі адам болуы қажет. Қазіргі кезде жалпы психология мәселелерінің көптеген шешімі осы тілдестік қатынастарды зерттеуге байланысты болып отыр. Себебі психологиялық бейненің бір формадан екіншісіне өтуі. Адам психикасындағы ашық сана аймағы мен бейсана байланысы, адам көңіл шарпуларының ерекшеліктері, жеке адам заңдылықтары т.б. осы тілдестік қатынастың негізінде жасалады. Тілдесу деген не? Тілдесу - біркелкі іс-әрекет қажеттігінен туындаған адамдар арасындағы байланыстардың даму көзі.

Тіл қатынасы негізінен әңгімелесушілердің өзара ақпарат алмасуынан қалыптасады. Бұл ақпарат алмасу тіл қатынасының коммуникативтік сипатын құрайды. Тілде-

судің екінші тарапы - сөйлеушілердің өзара ықпалы, яғни сөйлесу барысындағы сөз алмасу ғана емес, сонымен қатар бір бірінің әрекетін, қылығын танып, оны өзгеріске келтіруі, жауап беруі. Үшінші, ақырғы, тарапы тіл қатынасы сөйлесу арқылы адамдардың бірін бірі қабылдап, өздерінің психологиялық бейнесін түзуі [11].

Сонымен, бір тұтас тілдесу процесінде үш бағытты байқаймыз: коммуникативті (ақпарат алмасу), интерактивті (өзара ықпалды әрекетке келу) және перцептивті (адамның бірін бірі қабылдап, түсінісуі). Осы үш, бір-біріне байланысты тілдесудің қырлары бірлікті қызмет орындауымен сол қызметке араласқан адамдардың өзара қатынасын ұйымдастырудың әдістерін құрайды. Сондықтан білім берушінің бойында бала тұлғасының дамуына ол қай кезде жақсылық, ал қай кезде жамандық жасауға бейімді болып тұрғанын анықтау мүмкіншілігінің болуы міндетті.

Егер осы ақпарат тілдесу барысында түсінімді қабылданса ғана, тілдескен адамдар үшін өз мәнділігіне ие болады. Екіншіден, адамдар арасындағы ақпарат алмасу сипаты қоғамда қабылданған таңбалар жүйесі негізінде адамдардың бір біріне ықпалды әсер ете алуына байланысты келеді. Бұл жағдайдағы коммуникативтік ықпал бір адамның екіншісіне жасаған психологиялық әсеріне теңгеріледі. Үшіншіден, ақпарат алмасудың нәтижесі болған коммуникативтік ықпал тілдесуге қатысқандардың тіл жүйесіндегі таңбаларды теңдей таныса ғана пайда болады. Сөзді игеру арқылы нақты заттар араласатын адамзаттың көп ғасырлы тарихында қалыптасқан байланыстар мен қатынастарды танимыз, зерттеп, үйренеміз.

Сөйлесудің және бір қызметі - коммуникативтік өрнектеу құралдары мен ықпал жасау құралдарының бірлігінен орындалады. Адам тіліндегі көңіл-күй көрінісі үлкен маңызға ие. Сөзді тек ақыл-ой көрінісі деп тану оның өрісін өте тарылтып жібереді. Сөзде, әсіресе оның ауызша түрінде көңіл-күй танытатын көптеген сөйлеу бірліктері қосылады: іркісін, ырғақ, әуен; жазба түрінде - тыныс белгілері, сөз орыны т.б. Сөйлеу барысында біз тек білген ақпаратымызды ғана хабарлаумен тынбастан, әңгіме арқауына болған, әңгіме тыңдаушыға болған өз көңіл толғаныс, қатынастарымызды білдіреміз. Сөз неғұрлым өрнекті, әсерлі болған сайын, одан сөйлеушінің келбеті, болмысы дәл әрі нақты көрінеді [12].

Қорыта айтқанда, мұғалім қызметінің ерекшелігі, оның қолында нәтиже өлшеуіші жоқ. Мұғалім көптеген нақты жағдайда қас қағым сәттің ішінде ең дұрыс педагогикалық шешімді таба білуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мәмбетов М№. Педагогикалық қарым – қатынас мәдениеті. - Алматы: «Жалын», 1999 – 370 б.
2. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. - Алматы: «Қайнар», 2007 – 400 б.
3. Тоғымбаева А.Ә. Педагогтың кәсіби құзырлық моделі. // «12 жылдық білім» журналы, 2008. - № 2. – Б. 87-92.
4. Рыжов Б.Н. Системная психология. – М.: МГПУ, 1999. – 499 с
5. Крылова А.А., Маничев С.А. Практикум по общей экспериментальной и прикладной психологии. - СПб.: Питер, 2002. – 539 с.
6. Психологические тесты для всех. - Киев: «Таир», 1992. – 421 с.
7. Карелина А.А. Психологические тесты. – М.: «Мысль», 1999. – 620 с.
8. Психологический словарь / под ред. В.П. Зинченко, Б.Г. Мещерякова. - М.: «Пресс», 2001. – 556 с.
9. Рубинштейн С.Л. Проблемы Общей психологии. – М.: «Прима», 1973. – 501 с.
10. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб.:: Питер, 1999. - 698 с.
11. Болотова А.К., Макарова И.В. Прикладная психология. – М.: «Пресс», 2001. – 562 с.
12. Психологическое обеспечение профессиональной деятельности. / Под. ред. Р.С. Никифорова. – М.: «Мысль», 1998.- 554 с.

УДК 372

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Конырова Г.А.

Автор туралы мәліметтер. Конырова Гулмира Амангельдиновна – Өскемен қаласының «№ 46 орта мектебі» КММ бастауыш сынып мұғалімі.

Аннотация. Өз іс-тәжірибеде жаңа технология арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырып, шығармашылыққа баулуға көп көңіл бөлінді. Оқушыларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту - бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Қазіргі ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен мақсат - өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Оқушылардың шығармашылығын, танымдық белсенділігін арттыруда шығармашылық сабақтарды өткізудің, оқушының өз бетімен ізденіп, шығармашылық ой-өрісін арттыруда алатын маңызы ерекше.

Түйін сөздер. Жаңа технологиялар, нәтижелілік, жұмыс тәжірибесі, критериалды бағалау, стратегиялар, шығармашылық жұмыстардың нәтижелері.

Сведения об авторе. Конырова Гулмира Амангельдиновна – учитель начальных классов КГУ «Средняя школа №46» г. Усть-Каменогорска.

Аннотация. В статье показана эффективность использования новых технологий в начальных классах. Также говорится о том, что ведение уроков по технологии критериального оценивания дает хорошие результаты. Автор, исходя из опыта работы, особое внимание в статье уделяется особенностям творческой работы учащихся. Даны примеры.

Ключевые слова. Новые технологии, эффективность, опыт работы, критериальное оценивание, стратегии, результаты творческих работ.

Information about author. Konyrova Gulmira is a teacher of primary classes at KSU "Secondary School No. 46" in Ust-Kamenogorsk.

Annotation. The article is based on experimental work on the use of new technologies at lessons in primary classes. Here the creative development of students is considered, through new pedagogical technologies that are relevant in the modern educational process. The author tries to justify the effectiveness of technologies in the development of a versatile, creative and modern personality. In conclusion, the author classifies new pedagogical technologies in accordance with the purpose of developing a future versatile, creative personality.

Key words. New technologies, efficiency, work experience, criterial estimation, strategies, results of creative works.

Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашылуда. Осы тұрғыдан алғанда, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік - педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін мұғалімдердің инновациялық іс - әрекеттің ғылыми - педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін көтеру мен шығармашылық, педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор. Оқытудың жаңа технологиясы дегенде, ең алдымен, педагогикалық технология деген ұғымды түсіну керек. Оқыту, білім беру тәжірибесі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап етеді. Осыған байланысты ғылым мен тәжірибеде педагогикалық үрдістің сапасын көтерудің бай тәжірибесі жинақталған. Педагогикалық технология терминінің анықтамаларын көптеген авторлар өз түсінігі мен өз санасында қалыптасқан көзқарастарын қалыптастырған:

Педагогикалық технологияның тиімділігі:

1. Оқушы өздігінен жұмыс істеуге мүмкіндік алады, соған дағдыланады;

2. Оқушының жеке қабілеті анықталады;

3. Іштей бір - бірінен қалмауға тырысып, талпынады;

4. Тапсырмалық күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау, орындау қабілеті артады.

5. Өзін - өзі тексеруге дағдыланады.

6. Мұғалім жекелеген оқушыларға көмектесуге мүмкіндік алады.

7. Орындау қабілетіне қарай бағаланады.

Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің баспалдағы. Мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты - білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс - тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда - оқу үрдісін дамыту.

Жаңа технологияны жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат - мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Жалпы алғанда, жаңа технологиялардың 40-тан астам түрлері бар.

Оқушы тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына жаңа технологиялар айтарлықтай ықпал жасайтыны сөзсіз және бұл қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің дамуындағы елеулі бағыт. Сондықтан да болар қазіргі кезде біздің ұстаздар да осы жаңа технологиялар элементтерін өздерінің тәжірибелерінде пайдаланып жүр.

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында, терезесін тең ететін – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан –жақты дамыту. Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі оқушылардың дамуына да жаңа технология элементтерін пайдалану өз әсерін тигізуде. Бастауыш мектеп - оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең.Сондықтан бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы, қиын да жауапты іс. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс - тәжірибесі зерттеліп,мектеп өміріне енуде. Қазіргі заманның талабына сай болу және жаңа формация мектебінде жұмыс істеп жүрген педагогтардың алдында тұрған проблемаларды шешу негізгі мақсат болып табылады, олар: баланы оқи білуге үйрету; баланы ойлауға үйрету; баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы:

• Кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік беретіндігімен.

• Оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің (стратегияларының) көптігімен.

• Оқу мотивацияларын өзгертуге пайдалы екендігімен.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының өзге технологиялардан ерекшеліктері:

• Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының құрылымы (қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс).

• Негізгі үш кезеңінің маңыздылығы.

• Стратегиялардың психологиялық астары мен ерекшеліктері.

Осы жобамен жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлануға үйретеді. Педагогикалық технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметтің, іс- әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді.

Шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға, жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылуы,ізденуі. Шығармашылық қабілет әр баланың та-

биғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Өз тәжірибемде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда Сын тұрғысынан ойлау жобасының көптеген әдіс - тәсілдерін қолданамын:

• Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау,арнаулы бір тақырыпқа пікірталас тудыру (ой қозғау, «инсерт» кестесі);

• Берілген тапсырманы түрлендіру бағыттағы жұмыс (эссе, шығарма, сауаттылықты ашатын хаттар т.б. стратегиялар);

• әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу, мәтіндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға (Венн диаграммасы, аялдамамен оқу стратегиясы);

• Қиялдау арқылы сурет салғызу (сурет салу стратегиясы);

• Кейіпкерге мінездеме беру өз ойын жазғызу (авторға, кейіпкерге хат жазу стратегиясы);

• Шығармада екі кейіпкердің қарама – қарсы элементтерін сипаттау (қарама-қайшы элементтер стратегиясы);

• Өлең мұшақтарын құрастыру (5 жолды өлең).

«Сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының модулдерін ұтымды пайдалану оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды.

Сын тұрғысынан ойлау сынау емес, шыңдалған, бірін – бірі толықтырған ойлау. Ең бастысы жекелей, топта, сыныпта оқушылардың білім деңгейін көтеруге ретімен сұрыптап қолданған стратегиялардың қай – қайсысы болсын сабақтың сапасын арттыруда үлесі зор.

Жаңа білімді қабылдау, бекіту, іскерлік пен дағдыны тәрбиелеу барысында жұмыс жүйесін, оқушылардың дербес белсенді әрекетін дамытуда, өздік жұмысының тиімділігін арттыруда «Сын тұрғысынан ойлау» барысындағы әдіс-тәсілдер білімді меңгертудің әр түрлі кезеңінде қолдануға болатынын тәжірибе көрсетті.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы ұстаз бен оқушыны ізденуге жетелейтін, шығармашылық шабыт беретін, болашаққа деген үмітті арттыратын бағыт.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына шараларды білу қажет:

1. Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін уақыт керек.
2. Оқушыларға ойланып, толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.
3. Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.
4. Үйрену барысында оқушылардың белсенді іс – әрекетін қолдану.
5. Кейбір оқушылардан жауабының, сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету.
6. Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Сын тұрғысынан ойлау технологияларын пайдалану нәтижесінде қазіргі оқушының:

– Сабаққа қызығушылығы артады;
– Нақты өз деңгейінде бағаланады;
– Жеке қабілеті айқындалады;
– Өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді;
– Даму мониторингі айқын көрінеді;

Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының алғы шарттары:

– Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау;
– Сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағалау;
– Қиялын дамыту үшін «Менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру;
–Әр түрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, жаманын сынамау;
– Тіл байлығын дамыту үшін қалайда жауабын соңына дейін тыңдау;
– Жауап беруге тілек білдірмеген баланың өз еркінсіз, қинап сұрамау;
– Жеке тұлға ретінде «Мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Өз іс-тәжірибемде жаңа технология арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырып, шығармашылыққа баулуға көп көңіл бөлемін. Оқушыларды шы-

ғармашылық бағытта жан-жақты дамыту - бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Қазіргі ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен мақсат - өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықтарды шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді.

Оқушылардың шығармашылығын, танымдық белсенділігін арттыруда шығармашылық сабақтарды өткізудің, оқушының өз бетімен ізденіп, шығармашылық ой-өрісін арттыруда алатын маңызы ерекше.

Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшаңдығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңілкүйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі. Қорыта келгенде, қазіргі кезде мектептерде жиі қолданылып отырған жаңа технологиялар ойлауды дамыту, қабілетті қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Оқушыларымның сабаққа деген қызығушылықтары артып, сыныптың білім сапасы көтерілді. Егер де жаңа технология элементтерің сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Иманбекова Б., Әбдіреймова К. Сабақ – оқытудың негізгі формасы. - Алматы, 2003.
2. Садыбекова Ж. Оқу – тәрбие үрдісінде ақпараттық - коммуникациялы технологияны қолдану қажеттілігі. №4, 2008 жыл
3. «Бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастырудағы инновациялық технологиялардың ролі мен маңызы» Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары (30 сәуір 2008 ж.)
4. Ералиева М. Оқытудың қазіргі технологиялары // Бастауыш мектеп. – 2006. - №5.
5. Абдрахманова К. Төменгі жастағыларды оқыту ерекшеліктері // Бастауыш мектеп. – 1989. - №9.

УДК 372.879.6

ВЛИЯНИЕ ФИЗИЧЕСКИХ УПРАЖНЕНИЙ НА УМСТВЕННУЮ АКТИВНОСТЬ СПОРТСМЕНОВ-ФЕХТОВАЛЬЩИКОВ

Цыплаков В.А., Вендерских К.И.

Сведения об авторах. Цыплаков Виктор Александрович – магистр физической культуры и спорта, старший преподаватель кафедры педагогики и психологии Казахстанско-Американского свободного университета; Вендерских Ксения Ивановна – тренер-преподаватель по фехтованию СДЮШОР (Специализированная детско-юношеская школа олимпийского резерва) г. Усть-Каменогорска.

Аннотация. Изучение особенностей физического и психического развития спортсменов в различные периоды их спортивной карьеры способствует выявлению проблемных зон, а также анализу всей методологической базы, применяемой к данному виду спорта. Помимо теоретических источников, в статье рассматривается подготовленная и разработанная методистом ОСДЮСШОР база методики преподавания фехтования юным спортсменам. В статье описана методика преподавания и обучения фехтовальщиков. Проанализированы литературные источники, описывающие методологические и технико-тактические рекомендации аналогичных по структуре видов спорта. Изучены методические рекомендации по боксу и хоккею, в которых информация являлась аналогичной предшествующим источникам о возрастных физических и психологических процессах юношей и девушек.

Ключевые слова. Фехтование, умственная активность, физические упражнения, психические процессы, спорт, физическое развитие, физическая культура, физическое воспитание, личностная физическая культура, валеологизация, укрепление здоровья, физическая подготовка, функциональная подготовка, самоактуализация, самовыражение, развитие, индивидуализация, здоровье, патриотизм, военная подготовка, материально-спортивная база, быстрота, выносливость, гибкость, ловкость.

Авторлар туралы мәліметтер. Цыплаков Виктор Александрович – дене шынықтыру және спорт магистрі, Қазақстан-Американдық еркін университетінің аға оқытушысы, Вендерских Ксения Ивановна – Өскемен қ., ОРАБЖМ -нің семсерлесу бойынша бапкер - оқытушысы.

Аннотация. Спортшылардың спорттық өмірлерінің әртүрлі кезеңдеріндегі дене және психикалық дамуларының ерекшеліктерін зерттеу мәселелер туындайтын тұстарды анықтап, берілген спорт түріне қолданылатын әдіснамалық базаға талдау жасауға жәрдем береді. Мақалада теориялық дереккөздер дерден басқа ОРАБЖМ –нің әдіскері дайындаған жас спортшыларға семсерлесуді үйрету бойынша әдістеме базасы қарастырылады. Мақалада семсерлесушілерді оқыту және үйрету әдістемесі сипатталған. Құрылымы бойынша ұқсас спорт түрлері бойынша оқыту және үйретудің әдіснамалық және технико-тактикалық ұсыныстарды сипаттайтын әдеби дереккөздерге талдау жасалған. Алдындағы дереккөздердегі ақпаратқа сәйкес келетін бойжеткен мен бозбалалардың жастарына қарай дене және психологиялық даму ерекшеліктері бойынша ақпараты бар бокс және хоккей бойынша әдістемелік ұсыныстар зерттелген. Зияткерлік білімді басшылыққа алатын қазіргі қоғамда дене мәдениетінен хабардар болу өзі мен айналасындағы әлеуметтің денсаулығын нығайту қажеттілігін, қалауын ынталандыру жолымен жүруі керек. Дене тәрбиесі және дене белсенділігіне деген қызығушылықтың төмендеуі қоғамды дене мәдениетімен айналысуға шақыратын себептерге негіз болып отыр. Біздің ойымызша, тұрғындардың басты қызығушылығы дене жаттығуларының психикалық және ойлау белсенділігіне тигізетін оң әсерінде болады. Баланың оқу жетістіктерін арттыруда дене мәдениетіне үйрету басты катализатор болмақ. Біз ұсынып отырған дене жаттығуларының кешенін басқа да спорт түрлеріне қатысты жасап шығаруға болады.

Түйін сөздер. Семсерлесу, ойлау белсенділігі, дене жаттығулары, психикалық үрдістер, спорт, дене дамуы, дене мәдениеті, валеологизация, денсаулықты нағайту, дене дайындығы, индивидуализация, денсаулық, патриоттық, әскери дайындық, материалды-спорттық база, жылдамдық, төзімділік, иілгіштік, ептілік.

Information about authors. Tsyplakov Viktor – Master of Physical Education, Senior Teacher, Department of Pedagogy and Psychology, Kazakh-American Free University; Vendersky Xenia - trainer-teacher SCYORS (Specialized Children and Youth Olympic Reserve School) in Ust-Kamenogorsk.

Annotation. The study of the physical and psychology development of athletes in different peri-

ods of their sports career contributes to the identification of problem areas, as well as an analysis of the entire methodological base applied to this sport. In addition to theoretical sources, the article discusses the basis of the methodology of teaching fencing to young athletes prepared and developed by the methodologist of the OSCYORS. The article describes the methods of teaching and training fencers. Literature sources describing methodological and technical-tactical recommendations of similar in structure sports are analyzed. Methodical recommendations on boxing and hockey in which the information was similar to previous sources about age physical and psychological processes of young men and young women were studied. Education of the society in the culture of physical education must pass through the stimulation of desire, the need to improve oneself and society, with the priority that has developed in the world deepening in intellectual education. The decreases in interest in physical education and physical activity served as the basis for creating new causes that provoke society to engage in physical culture. The identification of the positive effect of physical exercises on mental and mental activity, in our opinion, will be in the central place in the interest of the population. The desire to improve the school performance of the child will serve as a catalyst for the preference for doing sports, other types of leisure. To popularize the sport as a whole, it is possible, based on the set of physical exercises offered by us, to develop a similar complex for other sports.

Keywords. Fencing, mental activity, physical exercises, mental processes, sports, physical development, physical culture, physical education, personal physical culture, valeologization, health promotion, physical training, functional training, self-actualization, self-expression, development, individualization, health, patriotism, military training, material and sports facilities, speed, endurance, flexibility, dexterity.

Перспектива развития фехтования на современном этапе обозначена увеличением количества спортсменов, успехи и достижения которых соответствуют требованиям крупных соревнований.

Если описывать качества высококвалифицированного фехтовальщика, то основными будут являться быстрота и выносливость. Также значимы для спортсмена такие качества, как меткость, реакция, гибкость, умение стать с оружием одним целым, чувствовать шпагу, как пловец чувствует воду, а лыжник снег. Тогда и появляется возможность изменять амплитуду движений и темпа. Психологическая устойчивость, умение сконцентрироваться, видеть ошибки соперника и не упускать их в бою на высоких скоростях, анализировать каждый бой и укол. Наличие стратегического и тактического мышления способствует созданию ситуации, прогнозирования развития поединка на несколько ходов вперед и её моделированию для более комфортного ведения боя [1, с. 4].

Целью данного исследования является разработка программы активизации умственной активности фехтовальщиков средствами физической культуры и спорта. При помощи данной программы появляется возможность решения многих проблем связанных с психическими процессами спортсменов-фехтовальщиков. Для получения результатов были поставлены задачи, способствующие раскрытию спортсменов в данной области.

Изучение особенностей физического и психического развития спортсменов в различные периоды их спортивной карьеры способствует выявлению проблемных зон, а также приводит к анализу всей методологической базы данного вида спорта. Изучение особенностей физического и психического развития спортсменов-фехтовальщиков представляется возможным по книгам Тышлера Д. и Тышлера Г. «Фехтование. Технико-тактические приоритеты. Методики и упражнения», «Фехтование. От новичка до чемпиона», а также учебнику, написанному авторским коллективом Тышлер Д.А., Келлер В.С., Тышлер Г.Д., Мовшовач А.Д., Королева А.П., Ломонарева А.М., Рыжкова Л.Г., Бычков Ю.М., Базаревич В.Я., Каббари М.А., Абдурасулова Г.Б., Коротаева Н.В. - «Спортивное фехтование. Учебник для вузов физический культуры и спорта» и «Методические рекомендации по проведению занятий. Особенности физического развития юных фехтовальщиков». Помимо данной литературы, была изучена подготовленная и разработанная методистом ОСДЮСШОР г. база методики преподавания фехтования юным спортсменам. Данный источник достаточно подробно описывает методику преподавания и обучения фехтовальщиков.

Для более обширной информации были проанализированы литературные источни-

ки, описывающие методологические и технико-тактические рекомендации аналогичных по структуре видов спорта. Были изучены методические рекомендации по боксу и хоккею, в которых информация являлась аналогичной предшествующим источникам о возрастных физических и психологических процессах юношей и девушек.

По анализу изученных материалов авторами статьи была разработана и экспериментально апробирована программа активизации умственной активности фехтовальщиков по средствам физической культуры и спорта. Разработанный комплекс физических упражнений основан на трудах П.Ф. Лесгафта и таких ученых, как Н.П. Павлов, Н.А. Барнштейн, К.М. Смирнов, в которых едина мысль о влиянии физических упражнений на психическую и умственную деятельность.

Представленные ученые - не единственные, кто склоняется к данному мнению. Ведь единство психического и физического развитие в качестве союза волновало и волнует многих людей не только занимающихся исследованиями в данной области, но и непосредственно людей занимающихся спортом. Так, исследователь Берон Поссе считал явление о прогрессе цивилизации и её постоянном изменении условиями для развития физического состояния посредством гимнастических упражнений. В этом смысле тело человека должно являться гармоничным целым под постоянным контролем. А увеличение мышечной массы – явление, имеющее третье значение, главная цель которого есть смысл разного реагирования, изменяясь, вступать в противоборство с ненормальным развитием, как, например, плоды искусственной жизни цивилизации.

Мнение Герберта Шелтона имеет другую направленность, в которой находит своё отражение комплекс разработанных упражнений. Он утверждал, что физические упражнения улучшают здоровье человека, но не имеют воспитательную и образовательную направленность, с чем мы не согласны, ведь в процессе выполнения упражнений развивается дисциплина, что является составляющей воспитания. Образовательная часть заключается в усвоении упражнений и знания их влияния на организм. Количество существующих упражнений - достаточно большое; они классифицируются и подразделяются, образуя целую систему для организма, в общем, и для каждой часть тела, в отдельности. Чем больше физических упражнений знает человек, тем обширнее его знания о влиянии каждого упражнения на организм. Герберт Шелтон объясняет, что лишь при высокой концентрации во время выполнения упражнений имеет место быть воспитательная и образовательная направленность. Мышечная активность, имеющая высокую концентрацию, улучшает союз «мозг – нервы - мышцы» [2, с. 196].

Для успешного внедрения комплекса физических упражнений и постановки эксперимента необходимыми являются: зал для занятия фехтованием, оборудованный фехтовальными дорожками соответствующие правилам FIE (International Fensing Federation - Международная Федерация Фехтования), аппараты для максимально правильного выявления победителя, а также оценки усвоенного и перенесенного материала. При проведении эксперимента группы должны быть полностью укомплектованы по возрасту, званию или разряду. Посещаемость группы и каждого спортсмена в отдельности на время постановки эксперимента - 100%. В случае внедрения программы в процесс тренировок необходимо пользоваться общими принципами воспитания и образования, которые отражают главные закономерности в процессе обучения (дидактические принципы). Они изменяют свой смысл в физическом воспитании, образуются в обще-методические принципы и содержат в себе список разнообразных методических правил, без которых возможность решения задач воспитания и обучения на высоком уровне отсутствует.

Помимо представленных принципов физического воспитания, существуют специфические принципы, описывающие ряд концепционных взаимосвязей физического воспитания, и сопутствующих ему правил системного построения.

Данным образом для внедрения представленного комплекса физических упражнений необходимо руководствоваться, как общепедагогическими, так и специфическими принципами.

Главным принципом будет являться доступность и соблюдение правил данного

принципа:

1) от изученного к не изученному;

2) от простого к сложному;

3) от легкого к трудному.

Это условие обеспечивает постепенное усвоение материала, образуя плотную базу для внедрений новых физических упражнений или совершенствование уже изученных.

При применении данного принципа нужно учитывать готовность учеников к обучению и осуществлению работы при выполнении той или иной тренировочной нагрузки, а также должна быть дана оценка доступности занятия. От уровня интеллектуального и физического развития спортсменов будет зависеть готовность к выполнению упражнений.

Общие особенности и индивидуальная специфичность тренирующихся постоянно меняются, как на протяжении одного тренировочного занятия в плане физическом и психологическом, так и в течение многолетнего тренировочного процесса в плане возможностей и особенностей спортсменов. По этим причинам необходим контроль, связанный с анализом применяемых средств и методов физического воспитания по увеличению или снижению психической и физической нагрузки, а также их применение в процессе тренировок.

Следующий принцип, необходимый для усвоения и выполнения физических упражнений из комплекса - это принцип наглядности, который обязывает планирование тренировочного процесса с обширным употреблением визуализированности при воспитании и обучении.

Практическая наглядность в работе над физическим воспитанием проявляется в таких формах, как звуковая, зрительная и двигательная.

Необходимо отметить, что усвоение материала через зрительную систему осуществляется на трех уровнях: восприятие, ощущение и представление. Восприятие же через слуховую систему происходит только на уровне представления (Ананьев Б.Г., 1957 г). В условиях восприятия информации через речь человек запоминает 15% услышанного, 25% - в зрительной. При объединении этих способов предоставления информации, используемых одновременно, человек может усвоить до 65% содержания информации (Краснов Н.В., 1977 г.).

Двигательная наглядность преимущественно считается специфичной для физического воспитания. Значение двигательной наглядности переоценить довольно тяжело, ведь при изучении наиболее сложных движений основным аналогом будет являться показ.

Принцип сознательности и активности у спортсменов необходимо развивать для глубокого понимания отношения к занятию физическими упражнениями и формирования потребности и интереса к спортивной деятельности. Также необходимо прививать желание к самообразованию и самодисциплине.

При реализации данного принципа тренер должен способствовать пополнению знаний у спортсменов, связанных с техникой выполняемых упражнений и их значимости для организма. Принципом сознательности тренер обеспечивает анализ эффективности выполняемых спортсменом физических упражнений и их дальнейшее творческое применение в целях улучшения техники и тактики фехтования.

Предсоревновательный период характеризуется совершенствованием конкретных упражнений или технических возможностей в целом. Отдельную нишу в мезоциклах имеет целенаправленное воздействие на психическую и тактическую подготовку. Физическая работа постепенно снижается по причине «запаздывающей трансформации», то есть существующей в организме кумулятивный эффект имеет временное отставание в наивысшей точке общих и частных, наиболее интенсивных объемах нагрузки, с пиком соревновательных достижений.

Следовательно, предшествующий контрольно-подготовительный мезоцикл накладывает эффект тяжелой трудовой деятельности, заключающейся в физическом и психи-

ческом истощении, что снижает работоспособность спортсменов-фехтовальщиков. Комплекс физических упражнений, направленный на активизацию психических процессов и умственной активности, влечет восстановление всех процессов организма, без применения компромиссных решений. Тренировочный процесс при помощи комплекса физических упражнений будет протекать плавно с применением и совершенствований фехтовальной техники [3, с. 37].

Восстановительный период в любом цикле многолетних тренировок направлен на восстановление сил или развитие тех качеств организма спортсменов, которые не нужны в данном виде спорта и являются разгрузкой в выполняемой монотонной работе. Внедрение комплекса физических упражнений, направленных на активизацию психических качеств, только в восстановительный цикл является бессмысленным, т.к. в восстановительном периоде отсутствует изучение новых упражнений или развитие необходимых данному виду спорта физических качеств.

